Традиционное господство базируется не на формальном своде предписанных всем без исключения законов и правил, а, во-первых, на традиционных правовых нормах и, во-вторых, на личных решениях самого господина или облеченных этими обязанностями его приближенных. В соответствии с германской традицией, Вебер называет последнее явление "князьим правом". Причем, "лично присутствующий господин выше всякой законности" [1], он не связан никакими формальными предписаниями.

Моральные этические принципы традиционного общества основываются на вере людей в священные устои. Вследствие этого протест против злоупотреблений со стороны господина или его слуг направляется против конкретных индивидуумов (того же правителя или, как правило, его помощников), но не против всей системы.

Рассматривая властные отношения власти в кочевых империях, обязательно необходимо учитывать особенности эволюции кочевых обществ в сравнении с их оседлыми соседями.

Если в земледельческо-городском обществе основы власти покоились на управлении обществом, контроле и перераспределении прибавочного продукта, то в степном обществе данные факторы не могли обеспечить устойчивый фундамент власти. Прибавочный продукт скотоводческого хозяйства нельзя было эффективно концентрировать и накапливать.

Во-первых, специфика скотоводства предполагает рассеянный (дисперсный) образ существования. Концентрация больших стад животных в одном месте вела к перевыпасу, чрезмерному вытаптыванию травостоя, увеличению опасности распространения заразных заболеваний животных. Во-вторых, скот нельзя было накапливать до бесконечности, его максимальное количество определялось продуктивностью степного ландшафта. В отличие от материальных богатств, скот требовал постоянного ухода и обновления (воспроизводства).

В-третьих, независимо от знатности скотовладельца, все его стада могли быть уничтожены джумом, засухой или эпизоотией. Наконец, в-четвертых, значительное притеснение мобильных скотоводов со стороны племенного вождя или другого лица, претендующего на личную власть, могло привести к массовой откочевке от него.

В целом, роль правителей кочевых обществ во внутренней экономической жизни была очень мала и не может идти ни в какое сравнение с многочисленными обязанностями правителей оседло-земледельческих обществ

Литература:

1. Weber, M. 1922. Wirtschaft and Gesellschaft. Tubingen: Verlag von J.C.B. Mohr (P. Siebeck). С. 130-140, 131-132

Сведения об авторе

Колдыбаева Светлана Сагинбековна – к.и.н. доцент кафедры истории Казахстана Костанайского государственного университета им. А.Байтұрсынова, тел. 509297

Колдыбаева Светлана Сагинбековна – т.ғ.к., А.Байтұрсынов атындағы Костанай мемлекеттік университеті тарих ғылымдары кафедрасының доценті, тел. 509297

Koldybayeva, S.S. - Candidate of historical sciences, Assistant Professor of the department of history of Kazakhstan, A.Baitursynov Kostanay State University, tel. 509297

ӘОЖ 1 (091)(574)

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Какенов М.Қ. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті философия кафедрасының аға оқытушысы.

Бұл мақала қазақ философиялық ойларының қалыптасуының ерекшеліктері туралы. Қазақ философиясы - халық тарихының ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі екендігін көрсетеді. Дүние таным процесі мен халықтың идеялық ізденістері, қайсы заманда болсын көрініс тапқан. Қазақ философиясы халқымыздың тарихын жан-жақты түсіну үшін үлкен негіз және әдістемелік құрал, өйткені ол қоғамдық сананың басқа да түрлерімен өте тығыз байланыста. Дүниені жан-жақты танып-білу, оның заңдылықтарын, таным процесін, әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсіну, ойлау түрлерінің жүйесін анықтау, қоршап тұрған табиғатты әлеуметтік өмірмен біртұтас көру. Ерекше ойлау тәсілі, әртүрлі дүниетанымдар мен көзқарастар, шығармашылық жолындағы қазақтың материалдық және рухани мәдениетінің байлығы – бұл қазақ философиясында ғажап құбылыс.

Қазақтар ертедегі философиялық ойларынан бастап, қазіргі замандағы философиялық теориясын түгелдей қамтитын жемісті философиялық тарихына ие болып отыр. Оның негізгі бағыттары ретінде философиялық ойларды, дүниеге шынайы түрдегі көзқарастарды, дінді қасиетті тылсым құбылыс ретінде тануды және басқа да еркін ойлау әдістемелерді, адамгершілік мәселелер мен адам туралы ілімдерді дамытуды, бейбітшілік идеяларды және адами қасиеттерді дәріптеу бағыттарын насихаттауды қарастырады. Тәуелсіздікке көзі жеткен Қазақстан Республикасы алдында руханият саласында орасан зор әрі қасиетті мақсат – халық рухын, оның өзегі – ұлттық философияны жаңғыртып қалпына келтіру мақсаты тұрған еді.

Түйінді сөздер: философия, ой, мифология, дүниетанымдық, мәдениет, руханият, дін.

ОСОБЕННОСТИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И СТАНОВЛЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ФИЛОСОФИИ

Какенов М.К. - ст.преподаватель кафедры философии Костанайского государственного университета им. А.Байтурсынова.

В статье рассматриваются особенности формирования казахской философской мысли. Становления казахской философии – это очень важная часть истории данного народа, так как в силу своей специфики она была сильно переплетена с другими формами общественного сознания, тесно связана с развитием общества, особенностью мировосприятия, поиском идейных основ, которые присутствовали во все времена у казахов. Казахская философия исторический развивалась как особая форма освоения окружающей действительности, природной среды и сыграла огромную роль в становлении общественного сознания казахского народа. Философская мысль казахов прошла путь своей истории в форме различных типов мировоззрения до утверждения себя в качестве философских концепций. Собственная самобытная мысль, своеобразное мышление, специфика материальной и духовной культуры, которая берет свое начало с момента осознания своего отличия от окружающего мира. Её основные направления проходили в философских размышлениях о степени реальности мира, познании религии, которая рассматривалась как сакрально-сверхъестественное явление и другие общественно-духовные проблемы, которые требовали глубоких интеллектуальных усилий в вопросах понимания, воспитания и формирования в человеке положительных качеств как добропорядочность и миролюбие. Казахская философская мысль, берущая свое начало с древних времен, продолжает гармонично развиваться и в наши дни. С обретением независимости Республика Казахстан начала формировать новую систему ценностей, философское осмысление и возрождение духовности народа в его лучших традициях.

Ключевые слова: философия, идея, мифология, мировоззрение, духовность, культура, религия.

PECULIARITIES OF THE ORIGIN AND FORMATION OF THE KAZAKH PHILOSOPHY

Kakenov M.K., senior lecturer Department of Philosophy Kostanay State university named after A.Baitursynov.

The article deals with the peculiarities of formation of the Kazakh philosophy. The history of Kazakh philosophy is a very important part of the history of the people, because by its nature it is strongly intertwined with other forms of social consciousness, which is closely connected with the development of society, the peculiarities of world perception, searching for the ideological foundations that were at all times in the history of Kazakhs. Its main areas were in philosophical speculations about the degree of the reality of the world, knowledge of religions, which was seen as sacral and supernatural phenomenon. There were many other social and spiritual problems, which required deep intellectual effort in the matters of world outlook and forming in human qualities such as honesty and peacefulness. Kazakh philosophical idea originating from ancient times continues to develop harmoniously nowadays.

With the independence the Republic of Kazakhstan has started to form a new system of values, philosophical understanding and revival of spirituality of the people in its best traditions. In evaluating the quality of national spirituality there were many criteria in the steppe peoples and Kazakhs have always evaluated themselves in oral and written sources as "people with a strong spirit" and "spiritually sublime people". Our country realizes that without a spiritual revival with all the political and economic progress Kazakhstan can not be at the level with the leading countries of the world.

Keywords: philosophy, idea, mythology, worldview, culture, spirituality, religion.

Көне заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан халықтардың бірі – қазақтар. Ғасырлар бойында жазба мәдениеті айтарлықтай болмағанмен, ауызша әдіспен өзіне тән бай рухани мұра жасай білген. Ал жазба әдебиет пайда болғаннан кейін бұл мұра өте үлкен қарқынмен дами отырып, әр қилы ерекшеліктерге толы күрделі тарихи жолдардан өтті. Осы рухани мұра жүйесінде қазақтың ертедегі философиялық ойлардан бастап, қазіргі заманғы толысқан философиялық теориясын түгелдей қамтитын ұзақ та жемісті философия тарихы мол орын алды. Оның негізгі бағыттары ретінде тұрпайы-диалектикалық ойларды, дүниеге шынайы түрдегі көзқарасты, дінді тану және басқа да еркін ойлау процестерін, адамгершілік мәселелер мен адам туралы ілімдерді, күш көрсетпеу идеясы және оның күш көрсету саясатына қарсы бағыттарды насихаттауы, тағы басқа мәселелері болды.

Ақындар мен жыраулар, саясаткерлер мен батырлар, хандар мен қолбасшылар, айтыскерлер мен ертегішілер, билер мен серілер – бәрі де өздері өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын ойға өрнек етіп, әр түрлі деңгейде, бірақ жалпы алғанда жартылай даму тенденциясы шеңберінде, қазақ халқының қоғамдық, саяси, мәдени, жинап келгенде, философиялық ойлау жүйесінің құрылымын жасады. Олар шынайы реализм, бітімнің негізгі жақтары, еркін ойлау, деистік және пантеистік көзқарастар, адамгершілік, ізгілік, имандылық, зорлық-зомбылыққа қарсы күресу, құқықтық саяси және философиялық жақтары, мемлекет, қоғам, жеке адам мәні, тағы басқалар еді. Осы аталған көзқарастар сыңаржаққа, тоқыраушылыққа, қазақ халқының прогрессивті дамуына кедергі болатын басқа да кемістіктерге қарсы бағытталды. Бұл да қазақ философиясының қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшелігі.

Қазақ философиясының ойының тағы бір ерекшелігі деп оның шынайы патриотизмі, халқына сүйіспеншілігі, оның бағыты, мүддесі және болашағы үшін күресуге дайын және оған жету жолдарын өз қадірінше анық, жан-жақты көрсете білуі дер едік.

Бұл айтқандардан қазақ философиясы басынан-аяғына дейін тік тұрған, бірден қалыптасып жеткен жүйе деген пікір тумаса керек. Біртұтас көзқарас, дүниені жан-жақты танып білу, оның заңдылықтарын, таным процесін, әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсіну, ойлау түрлерінің жүйесін анықтау – ол соңғы ғасырлардың үлесіне тиеді. Дегенмен, халықтың жыраулық, ақындық шығармашылығында қоршап тұрған табиғат пен әлеуметтік орта туралы ойлаудың біршама жиынтығы болды. Негізінен кездейсоқтық, жүйесіздік сипатына қарамастан онда адамдардың бай практикалық өмірін, халық даналығын көрсететін философиялық мән бар еді. Ойлау тәсілі ерекше, шығармашылық жолы мен шығармалардың сақталуы ауыз мәдениетіне сай, оны есінде сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа өзгертпей, жоғалтпай жеткізу – бұл философия тарихындағы ғажап құбылыс.

Халқымыздың өмірін бейнелеген, адамдардың түйсігін, ойларын, өскелең талабын көрсете білген фольклорда объективті шындықтың элементтері бар. Халық эпостары, ертегілер, аңыздар, лирикалық-тұрмыстық дастандар, мақалдар мен мәтелдер – адамдарды табиғи және әлеуметтік құбылыстарды, саяси-экономикалық жағдайларды, ізгілік мақсаттарды өз уақытына сәйкес танып-білуінің куәгерлері. Ауызша халық мәдени ескерткіштерімізді зерттеу халқымыздың танымдық, әлеуметтік-саяси, адамгершілік-тәрбие және дүниеге көзқарас ерекшеліктерін білуге көмектеседі. Табиғи және әлеуметтік өмірді тікелей бейнелеу, дүниенің құрылымы, оның жасырын күштері туралы тұрпайы түсінік – бұл қазақ философиясының бастапқы кездегі деңгейі еді. Ол кезде жүйелі және негізделген көзқарас болған жоқ, сондықтан ол философияның басты бағыттары да айқындалмаған еді.

Қазақ философиясының тарихы – халық тарихының ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Онда ғылыми таным процесі мен халықтың идеялық ізденістері, бай тарихы мен ұлттық ойлау айшықтары көрініс тапқан. Қазақ философиясы – халқымыздың тарихын жан-жақты түсіну үшін үлкен негіз және әдістемелік құрал. Ол қоғамдық сананың басқа да түрлерімен тығыз байланыста. Сондықтан оны зерттеп үйренбейінше қазақ ғылымының тарихын, саяси идеологиясын, өнерін, әдебиетін, адамгершілік қағидаларын, діндарлығын пайымдау мүмкін емес. Халықтың ұлт-азаттық қозғалысымен тығыз ұштасқан қазақ философиясы ғылыми құндылығымен қатар, жоғары азаматтық қасиетімен, әлеуметтік әділеттілікке жету жолдарын тікелей іздеуге ат салысқандығымен, өзінің жемісті жетістіктерімен ерекшеленеді.

VI ғасырдан бастап Қазақстанның қазіргі аумағында алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, оның орнына феодалдық әлеуметтік-экономикалық формация орныға бастады.

Философияның пайда болуының тарихи алғышарты - миф. Бірақ оны философия эпос арқылы өзгерген және жүйелеген кезінде ғана пайдаланды. Әрбір заманға байланысты эпос мифтің түрін өзгертіп отырды және сонымен қатар өнер мен бастапқы ғылым нышандарының әсерімен философияның шығу процесін, оның қоғамдық сананың шығуы және жаңа бір түрі ретінде қалыптасуын жеделдетті.

Мифологиялық көзқарас пен табиғат және қоғам туралы жаңа дамып келе жатқан ғылым элементтерінің арасындағы қайшылықтарды шешу философияның пайда болуының жолы деген де қалыптасқан тұжырымдар бар. Философия мифке тән, дүниеге тұтас көзқарастың бағытын сақтауға тырысады. Соның негізінде мифологиялық не аллегориялық – көркем, не символикалық – діни, не нақты – ғылыми ойлау, бірақ олардың әрқайсысынан қабылданған түрлеріне сыймайтын жаңа түсініктегі ойлау нысандарын құрайды.

Белгілі дүниені түсіндіруге тырысудан одан да белгісіздігі мол дүниені танып-білуге ұмтылу, егер де ол дүние, тіпті, танып-білуге мүмкіндік бермесе, тәңірге немесе құпия ғаламат күшке сілтеме жасау – мифтің өзіне тән ерекшелігі. Адамға әлеуметтік басқару жүйесін танып, оны түсініксіздеу, әлдебір күштің әсерімен түсіндіру ғылым мен дамудың барысында оған сенбеушілік пайда болған жағдайда жеке адамға өзінің дүниеге көзқарасын өзгертіп, мүмкіндігін жетілдіру – бұл миф пен философияның салмағын ажыратудың бір жолы. Ақылмен ой қозғау, табиғаттың өзіне бет бұру, дұрыс көзқарастың қалыптасуы философияның пайда болуындағы диалектикалық синтез, бастапқы қайшылықтардың шешілу процесі.

Қазақ философиясының пайда болуы туралы тек ойшылдардың дүниеге көзқарасы жалпылықты, көзқарастың әмбебап принциптерін немесе «бастауларды» анықтаудағы заңды бағыттары болған кезде ғана айтуға болады. Діни-мифологиялық тұжырымдар әдет-ғұрып пен беделге бой ұрса, философия заттар мен құбылыстардың, оқиғалардың мәнін ашуға, пікір-сайыс ретінде қолданылатын рационалды ойлауға, дүниені танып-білудегі қайшылықтарды аңғару мен шешуге тырысады. Бұл әрекет адамның жан-жақты ойлауы және оның интеллектуалды түйсігімен бірегей қабысқан нәтижесінде туады.

Қазақ тарихында көп кездесетін «рулық» генетизм осы қоғамның әлеуметтік, таптық бөлінуі және «ақсүйекті» рулар пайда болған кезінде күшейеді. Соңғылардың қоғамдағы «заңды» орындары олардың төркіні құдайдан немесе батыр бабаларынан басталады деп түсіндірілді. Сөйтіп, олардың әлеуметтік дүниенің қажетті және заңдастырылған бөлшегі ретінде қоғамдағы белсенді ролі бекітілді. Осы рулардан шыққан ойшылдардың әлеуметтік идеялары қоғамның даму үрдісін біршама дұрыс бейнелейді. Осыдан келіп олардың көзқарасы, қоғамның тарихи дамуының мүддесіне сай келгендіктен, қоғамдық пікір ретінде қалыптасты. Мәселен, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы басқалардың ой жүйесі, олардың ақыл кеңесі, айтқан тұжырымдары осыған дәлел.

Жалпы дүниежүзілік тарихтан белгілі болғандай, қоғам дамуының көп сатыларында экономикалық мүдделер мен саяси қызметке қарағанда философиялық, этикалық, діни және тағы басқа мәселелер алдыңғы орынға шығады. Олар – азаттық және адам еркіндігі, діни сенім және ақыл-ой, өмір сүру және адамгершілік қасиеті, бостандық пен құлдық керек болса «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған», «алтын ғасыр» және «ақыр заман» туралы және басқа мәселелер.

Қоғамдық ойдың көптеген мәселелері өзінің ауқымы жағынан ұлттық шеңберден асып жатады. Мәселен, ағартушылық бағыты таза ұлттық қасиетке ғана ие емес, оның түрлі ұлттық ерекшеліктері әлемдік жалпылықпен астарланып жатады. Қазақ ағартушылығының ерекшелігі – ұлттық мәселені басты проблема етіп қоюы, қоғамдық практикамен тығыз байланысы. Соңғысы жалпы ағартушылықтың әлеуметтік табиғатына сай. Жаңадан қалыптасып келе жатқан қазақ буржуазиясының ой-өрісін көрсете отырып, бұл ағартушылық халықтың ұлттық сана-сезімін оятуға, оның бостандыққа, рухани азаттыққа жетуіне жәрдемдесті. Оның Қазақстанда қалыптасып, дамуына негіз болған демократиялық элементтері, халықтың ауыз әдебиеті мен фольклоры феодализмнен капитализмге өту барысында шыққан. Қазақ философиясында қоғамдық ой үш кезеңнен өтті. Олар – қоғам, қоғамдастық және қоғамдық пікір.

Қазақтың ата-тегі болып табылатын сақтар, ғұндар, үйсіндердің көптеген қарама-қайшылықтарға қарамастан көшпенділік әмбебапшылығы басымдылыққа ие болды. Солай бола тұра, жер өңдеушілердің де дүниетанымдық көзқарастары үнемі елеулі ықпалын жүргізіп отырды.

Ұлттық сананың өсуі, мәдениеттің қайта өрлеуі, жиырма бес ғасырлық тарихы бар халықтың рухани бастауларға көңіл аударуын туындатуы заңды еді. Қазақтың ата-тегінің арғы философиясынан бастап дінге сенімінде, тәңірге табынушылығында және сақтар, ғұндар, үйсіндер мифологиясында алдыңғы орынға философиялық дүниетанымдық мәселе отырықшы тайпалардың тіршілік бағыттарының, жолдарының ара қатынасы шығады. Бұл көне түрік жазу мәдениетінің дүниеге келуімен белгілі.

Ашина (көк бөрі) ұрпақтары VI ғасыр хандықтың басқару жүйесін құқықтық негізде құрды. Өкілетті билік пен заң шығару ісі ақсақалдар алқасының (кейінгі қазақ хандығында – билер алқасы мен хан кеңесі) құзырында болды. Ал хан жарлығы атқарушылық міндеті үлкенді-кішілі лауазымдар иесіне жүктелді. Бұл мансаптар мұрагерлік жолмен хандық билік, әскери демократия арқылы жүзеге асырылған. Халықтық құқықтық санасының әрі мемлекеттік басқару жүйесінің арқауы кең ауқымды жеті баптан тұратын Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деген атқа ие болған ел заңы. VIII ғасыр басында жазылған атылмыш жәдігерліктер типі XIX-XV ғасырларға дейін жеткен. Мұндай жәдігерліктер қатарына «Қорқыт Ата» кітабы мен «Оғызнаманы» да жатқызуға болады. Олардың өзара желілері, баяндау үлгілері, дүниетанымдық арқаулары өте ұқсас.

Бұл аталмыш жәдігерліктердің барлығының да мазмұнын тәңіршілдік көктей өтеді, ол олардың дүниетанымдық өзегі ретінде көрінеді. Мысалы: көне түрлердің космогониялық түсінігін мына сөздерден бағамдауға болады: «Жоғарыда Көк тәңірі, төменде Қара жер жаралған екі арасында кісі оғлы жаралған екен». Олардың үстінен қарайтын «Тәңіріден болған», яғни қоғамдық үстемдікке ие болғандар Бумын, Істемі, Білге қағандар еді. Аспанның, жердің, тау-ойпатының кереғар ұғымдар, диалектикалық қарама-қарсылықтардың бірлігі екендігін көне түріктер түсінетін болса да пайымдай алды ма? Әрине, оның үстіне тәңіршілдік, анимизм мен тотемдік көзқарастар үстем болды. Сонысына қарамай Аспан (Көк тәңірі) мен Қара жер (Жер-ана) аралығындағы ғұмыр кешкен адамзаттың екі топқа бөлінуі де адамдардың қарама-қарсы екі жаратушының қайсысына «жақын» екендігі туралы эпсаналармен тығыз байланысты болғандығын көруге болады. Тәңіршілдік көзқарастың танымдық тірегі - тәңірінің жасампаздық құдіретіне деген халықтық сенім. Түркілердің танымдық қабілеті, жеңіске жетуі табғачқа (қарақытай) бағынғаны үшін жазалануы да тәңірінің мейіріміне немесе қаһарына ұшырағандықтың жемісі. Көрнекілік үшін мысал келтіретін болса, дана қарт Тоныкөк өзінің біліктілігін тәңірдің сыйы ретінде қабылдайды, ол білімді табғач елінде алған. Әрине, өзінің табиғи қабілетінің

арқасында. Өзінің даналығын дәріптеу мақсатында қайталанып отыратын «қағаны алып екен, ақылшысы дана екен» деген сөз тіркесін жауларының аузына салып отыратындығы Тоныкөктің мақтаныш сезімінің айғағы болса керек. Орхон-Енесей жазбалары «Қорқыт Ата кітабы», «Оғызнама» жәдігерліктерінде тотемдік, сараптаушылық көзқарастары сақталғанымен, мифтік ойлаудың ықпалы азая бастағаны байқалады. Оны оқиғалар желісінің реалистік, тарихи шындыққа біршама жанасымды тұрғыда баяндалатынынан-ақ пайымдауға болады.

Қазақстан аймағында алғашқы адамдар тас дәуірінен бастап еңбек құралын сапасына қарай таңдады, осыдан сезімді, мәнді әрекет процессі басталды. Қола дәуірі жалпы тұрғыдан бақташылықтың пайда болуымен, яғни қоғамдағы алғашқы ең үлкен еңбек бөлінісімен белгілі. Бұл материалдық мәдениеттің дамуына, өркендеуіне қуатты қозғаушы күш береді. Сапа санаты қасиет ұғымына алып келді. Ол пәннің басқа заттар мен шындыққа деген қатынасынан туындайды. Ғұндардың өзі заттар мен тіршілік иелеріне сапа тұрғысынан қарады. Тайпа көсемін оның сапалық қасиеттерін салмақтай отырып сайлады. Оның қасиеттері неғұрлым күштілігімен, айралы көрегендігімен бағаланды. Жастар мен мықтылары сыйлы, ал кәрілері мен әлсіздері керісінше болды. Мұндай теңсіздік сапалардың сандық өлшеуішінің қажеттілігін туғызды. Мысалы: «Үйсіндерде жылқы көп, ең бай адам бес мыңға дейін жылқыны иеленеді. Демек малшылықтың дамуы сандық айқындылықты дүниеге әкелді. Санның онтологиялық мінездемесі - кеңістік пен уақыт. Қазақтың ата тегінің еңбек әрекетімен, сан мың шақырымдық көш жолдарының белгілі бір күн мен айға байланысты басып өтілуін белгілеумен кеңістік ұғымы басталды. Кеңістік бет-бағдары ежелгі қазақтар есігінің шығысқа бағытталуымен ерекшелінеді. Ғұндар жайлы былай делінген: «Шаньюй ертемен қосынан күнге табыну үшін, кешке қарай айға табыну үшін шығады». Ғұндардан қалған бұл дәстүр түріктерге ауысты. Бұл ғұндардың алғашқы түріктер екендігі жайлы болжамды қуаттайды. Киіз үйлерінің есігі әрқашан оңтүстікке ашылған Монғолиядан айырмашылығы осында. Таным бағдарында шығысты құрмет тұтушылық көне тас балбалдардан көрінеді. Тіптен, көне түрік тілінде Шығыс алдыңғы жоқ, батыс (кейінгі) арқа бет, ал оңтүстік-оң, солтүстік-сол жақ болып саналады. Күлтегін ескерткішінде былай делінеді: «Ілгері-күншығыс, оңа-түстік, кейін-батыс, солға терістік». Бұл кеңістік орналасуының қатаң тәртібін бекітті.

Жалпы, адамзат өркениеттегі әйгілі мәдени ошақтардың ұдайы көшпелілер мекені мен жапсар өңірлерінде дүниеге келіп отырғаны кездейсоқтық емес. Әлемдік діндердің бастау тегіне Тәңірлік діннің өзекті қағидалары арқау болған. Тәңірлік дін уақыт пен кеңістікті игеруге талпынған, қоршаған ортамен тіл табысуға ұмтылған адам баласының алғашқы таным түсінігі еді. Тәңірлік дін көшпелілердің өмір сүруінің кепілі болып, өмір салтына айналды. Қазақтар күні бүгінге дейін таңның атуы мен күннің батуына дейінгі уақытты беске бөледі: таң, сәске, түс, екінді, ақшам. А.Тарақтының материалдарында көрсетілгендей, қазақтар әрбір маусымды өз ішінде үшке бөледі: қоңыр күз, сары ала күз, қара күз немесе қыстың басы. Осынау өмір салтының өзегінен бір жылды он екі айға бөлетін таным-түсінікті бастау тегі аңғарылды. Көшпелілер мәдениеті өзінің үш мың жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қиыр шығыс елдеріне қарағанда шығармашылық эволюцияны бастан өткерді.

Қазақ философиясының және дүниетанымының қалыптасуына мифологиялық (қиял-ғажайып) ертегілері, хайуанаттар (жан-жануар) жайындағы ертегілер; реалистік (тұрмыс салт) ертегілерінің де үлкен әсері болды. Бұл ертегілер өте ерте заманда адамның табиғат сырын әлі толық түсініп болмаған кездерде туған. Қазақ аңыз, ертегілерінің ой туғызар дүниетанымдық тұстары олардың адамды бірінші орынға қоя білуінде. Мысалы: патриархат дәуірінде адамды ең басты киелі күш деп ұғынуы үстем болған. Табиғаттың тілсіз күштерін мифтік ойлаумен бейнелеп, соған адам әрекетін қарсы қоятын қиял-ғажайып аңыз-ертегілері осы ізде туған. Көшпенділердің аңыздарының бір ерекшелігі оның жалпы халықтық мазмұндылығында ақиқат болған-ды. Қазақ аңыздарында көшпелі елдің төл ерекшелігі, белгілері бірден байқалады. Себебі олар тұрмыс-салтымыздың, болмысымыздың негізінде туған аңыздар. Осындай дала аңыздары ішінде халық арасында Қорқыт, Асан Қайғы туралы толып жатқан аңыздар бар. Бұл тараған аңыздар Қорқыт асқан күйші, қобызшы болғандығын айта келіп, табиғаттың дүлей күшіне қарсы күрескен, өліммен алысқан алып жанды танытады. Қорқыт халық ұғымынша, болашақты көре білетін, өлімді өнермен жеңуге ұмтылған алып философ, ұлы қобызшы. Жалпы айтар болсақ, көне шығыс пен алғы түркі мәдениетінен нәр алған қазақ аңыз ертегілерінің көшпелілер рухани болмысымен біте қайнасқан ауыз әдебиеті, фольклор, эпостық жырлар, сал серілер, ақын жыраулар шығармашылығы, халық даналығының қазақ философиясының қайнар көз, алғы бастауы болды деп айта аламыз. Экономикалық, мәдени және рухани даму барысында ғұндар, үйсіндер және қонлылардың дүниетанымдық түсініктерінің өзара байланысы нығая түсті. Олар алғашқыда әр алуан еді. Әйткені ғұндар «таза» егіншілік, ал үйсіндер – жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізіп отырған. Бүкіл Евразия даласын өткен Ұлы Жібек жолы көшпелілер мен егіншілер арасындағы экономикалық байланыстардың қаншалықты жемісті болғанын көрсетеді. М.С. Орынбеков пайымдағандай, «мемлекеттілігі әлсіз болған сайын табиғи ортаның этникалық қауымдастыққа зор ықпал ететіні белгілі». Әлемді сезіну айқындала түсті. Дүниетаным шарттылығы шынайы, айқын болды. Табиғат қалтқысыз өзіндік табиғи тәртіпке бағынған, ал адам табиғаттың бір бөлігі және төл баласы ғана болып қалды. Әйтпесе де, адамзаттың даму эволюциясына байланысты, еңбектің қолданбалық және жаңғыртушылық қызметін түсінушілік пайда болды. Осы процесс

нәтижесінде табиғи ортаны адам қажетіне бейімдеу және оның артынша өңдеу іске асады. Екіншілік, аңдарды қолға үйретуге, жабайы жылқыны қолға үйрету - жалпы малшылық және көшпелі өмір басталды. Бұл өз заманындағы үлкен бір құбылыс болды.

Табиғи ортаны өңдеудің туындауы философиялық көзқараста адамның айқын мақсатты қызметінің, мақсат белгілеу факторының пайда болуын көрсетеді. Мұның өзі, адамның табиғаттан бөлініп, дербес тіршілік иесі болып қалыптасуының алғы шарты еді. Тұтас, бірақ қарама-қайшылықты процессте оның әр қилы табиғи заңдылық және адамдардың мақсаты қызметі ретінде көрінеді. Енді ол «табиғат бөлшегі» емес, оның әміршісі, өңдеушісі дәрежесіне ұмтылуымен қаббатаса дамиды.

Ғылыми зерттеулерге сүйенер болсақ, қауымдық сана қоршаған ортаның ерекшеліктеріне, қауымдық болмыстық тіршілік тынысына байланысты дамып отырды. Табиғатты игеру барысында адамдардың практикалық іс-әрекеттерін бейнелейтін алуан түрлі дәстүрлі әдет-ғұрыптар, қарапайым түсініктер пайда бола бастады. Олардың бәрі қауымдық өмірдің күнделікті тәжірибесін жинақтаудың, танымның, көбінесе сезімдік сатысына тән нәтижелерін қорытудың негізінде дүниеге келді. Қауымдық болмыстың бейнесі-қауымдық сананың негізгі өзекті мазмұнын құрайтын, жеке адамдардың, яғни қауым мүшелерінің мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал жасайтын, реттеушілік атқаратын ой кешу үрдістерінің жиынтығы танымдық тәжірибесі мол, көргені мен көңіліне түйгені көп ру ақсақалдарының құзырында болды. Жазу-сызудың жоқ кезінде ру көсемдерінің ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан тәжірибені зердесіне сақтаған әрі күнделікті өмір сүру процессінің қарапайым қағидаларын тұжырымдап отыруы сол заманға тән заңдылық болатын. Өмірдің сан алуан салаларындағы соғысқа, шаруашылыққа, тұрмысқа қатысты мәселелерді шешу ақсақалдар кеңесінің үлесінде еді. Олардың шешімдері барлық қауымдастар үшін жазылмаған заң, ал оларды орындамаған адамға қолданылатын ең ауыр жаза қауымнан аластау болатын. Қауымнан тыс қалу жеке адам үшін өлім жазасына кесумен бірдей еді, себебі ол заманның жағдайында жалпы адам өз алдына дербес тіршілік ете алмайтын. Қауымдастықтың өзі саналылықтың нәтижесінде емес, ғұмыр кешудің стихиялық ұмтылысы, жан сақтаудың табиғи түйсікке негізделген мүдделеріне сәйкес қалыптасқан. Осы рулық тайпалық қауымдастыққа тән ұжымдық сипаттағы ой кешудің үрдістері жеке адамдардың санасы мен мінез құлқының, іс-әрекеттерінің құдіретіне табынатын қасиет сайын даланың перзенттері қазақтарға тән еді. Қазақтың болмыс шындығына, бақыланушы және қабылданушы әлемге жақындығы, бұл болмысқа уақыт пен кеңістікті адамның ішкі әлемін, тіршіліктің басқа әлемін, болмыс мәнін, ар-ождан бастауларынан түсінулерінен көрініс тапты. Мұның барлығы дүниенің негізгі шындық-түптамырға ие, осыдан келіп басқа ешбір әлем түсінігіне ұқсамайтын әлемнің ұлттық образы, дүниетанымы туындайды деген қағидаға келеді.

Қазақ топырағында қалыптасқан философиялық ойлардың құрамдас бөлігі ретінде, осыдан екі жарым мың жыл шамасында бұрын өмір сүріп, грек философиясында скифтердің ой-үрдістерінен өшпес із қалдырған скифтік Анахарсисти (Анарыс) айтуға болады. Ол туралы грек философы Платон былай дейді: «Анахарсис – аты ауызға айналған скиф. Грецияға саяхат жасағанда Солонмен кездесіп, оның ықпалында болып, данышпандылығымен атағы шыққан». Майқы бидің айтуынша, латыншалап кеткен Анахарсис скифский дегеніміз осы Анарыс бабамыз. Бұл туралы Ғ.Есімовтың дәлелдемелері көңілге қонарлық. «Біріншіден – дейді ол, Майқы бабамыздың айтуынша Анарыс ел билеу жолдарын айтқан ғұлама. Анахарсис Сақ патшасы Кадудің інісі. Ол Афиныдағы Солонмен достасып, онда бірнеше жыл өмір сүрген. Солон Афинский – ел басқару жүйесінде реформа жасаған әйгілі саясаткер. Сондықтан Анарыстың ел билеу туралы айтқандары болуы өте орынды. Екіншіден, Анарыстың өлі көп пе, тірі көп пе? – деген сұраққа кері жауап бергені философия тарихынан белгілі.

Грекиядағы Анахарсиске қойылған мүсін бар. Онда: «Басқа пәле тілден» деген қанатты сөз қашап жазылған. Ұлы бабамыздың кезінде гректің атақты «жеті ғұламасының» тобына кіргенін ескерсек, оның философиялық ойларының терең де салиқалылығын, аумақтылығын зерттеу болашақтың ісі екендігіне көз жеткіземіз.

Нәтижесінде екі түбегейлі мәселелер төңірегінде түйіндеуге болады: көшпелілік өркениетке арқа сүйеген қазақ философиясының уақыт пен кеңістік арнасындағы білімдерін топшылау және мәдениеттің типтік ерекшеліктерін анықтау.

Ұлы Даладан авторлар көшіп-қонатын ареал емес, оны игере білген адамдардың асқан шеберлігі мен парасаттылығын, киелі қажеттері мен адамгершілік мұраттарын тапты. Әрбір халықтың өзіндік Отаны бар, әрбір адам өз табиғатының аясында, өзінің ата-бабаларының тәжірибесіне сүйене отырып өмір сүреді. Бірде-бір мәдениет кеңістікке бекер келмеген. Мәдени кеңістік әмбебапты сипатта болады, өйткені ол уақыт және тарихпен қамтылып тұр. Философия тарихын оқу дегеніміз табиғи және тарихи құбылыстар мен оқиғалардың өзара тоғысуын және олардың адам санасында бейнеленуінің әмбебапты білімдерін (мифологиялық, діни, көркем-өнерлік, теориялық, философиялық тағы басқа) тұлғалық тұрғыдан тұтас қарастыру. Бұл – мәдениет болмысын айқындауға апаратын жол.

Әлемдегі көптеген өркениеттердің арасынан қазақ философиясы мен мәдениетін бөліп алудың да себебі бар. Ғасырлардың талай қыр-сырларынан өткен қазақ философиясының ертедегі грек мифологиясындағы өзін-өзі жағып жіберіп, сол күлден қайта тіріле беретін қасиеті бар қиял-ғажайып құс – феникспен теңеуге болады.

Әлемде өркениеттің ең ертедегісінің бірі Шумерден бастау алатын, сақтар, кейін ғұндар арқылы дүниенің жартысында ізін қалдырған, кейінірек орта ғасырларда философия мен мәдениеттің тамаша үлгілерін адамзат қорына қосқан Кіндік Азия - әлем қайнарының бірі. Шын мәнінде философия әмбебапты дүниетаным және оның рухани тамырлары дүниежүзілік сұхбат аймағынан нәр алады. Бұл тұрғыдан алғанда Платон мен Аристотельді, Бэкон мен Спинозаны, Кант пен Гегельді білу арқылы біз әл-Фараби мен Абайды терең түсінеміз.

Қазіргі кезде Қазақстанның рухани өміріндегі өзекті мәселелердің бірі – отандастарымыздың философиялық мәдениетін өркендету болып табылады. Оған қоғамымыз басынан кешіп отырған қайшылықтарды, ұлттық рухани және әлемдік философия тарихының өзекті мәселелерін танып, талдап, зерттеу арқылы шешіп, құрылып жатқан азаматтық қоғамның ерекшеліктерін халыққа ашып көрсету арқылы қол жеткізуге болады. XX ғасыр шығыс пен батыс философиясының компаративистік тәсілделуі арқылы ұлттық философияның ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік туды.

Әдебиеттер:

1. Бейсенов Қ.Ж. Қазақ топырағында қалыптасқан ғақмиятты ой кешу үрдістері – А.: 1994
2. Алтаев Ж. Философия және мәдениеттану: оқу құралы – 2-ші басылымы – А.: 2001 – 272 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында – Алматы
4. Нұрпейіс К. «Ұлттық рух» //Ақиқат, 2000, № 10, 3-9 б.
5. Қысқаша философия тарихы – А.: 1999 – 272 б.
6. XXI ғ. Ұлттық философияның көкжиегі көріне ме? //Ақиқат, 1998, №11, 12-20 б.
7. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетаным – А.: 1996, 168 б.
8. Өмірәлиев Қ. VIII – XII ғ. Көне түрік әдеби ескерткіштері – А.: 1985
9. Тұрғынбаев Ә.Х. Философия тарихы – А.: 2001 – 378 б.

References:

1. Beisenov K. Kazakh topyragynda kalyptaskan gakmiyatty oi keshu urdisteri - A .: 1994
2. Altayev Zh. Philosophia zhane madeniettanu: oku kuraly – 2-shi basylymy - A .: 2001 - 272 b.
3. Nazarbayev N. Tarikh tolkynynda - Almaty
4. Nurpeyis K. "Ulttyk rukh" // Akikat 2000, 10, 3-9 b.
5. Kyskasha philosophia tarikhy - A .: 1999 - 272 b.
6. XXI ғ. Ulttyk filosofiyany kokzhiegi korine me? // Akikat, 1998, №11, 12-20 b.
7. Orynbekov M. Ezhelgi kazaktyn dunietyany - A .: 1996 168 b.
8. Omiraliev K. VIII - XII ғ. Kone turik adebi eskertkishteri - A .: 1985
9. Turgunbaev A. Philosophia tarikhy - A .: 2001 - 378 b.

Автор туралы мәлімет

Какенов М.Қ - философия кафедрасының аға оқытушысы, А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, тел.: 8-7142-511176, e-mail: murat100764@mail.ru

Какенов М.К. - ст.преподаватель кафедры философии КГУ им.А.Байтұрсынова, раб.тел.: 8-7142-511176, e-mail: murat100764@mail.ru

Kakenov M.K. - senior lecturer Department of Philosophy Kostanay State university named after A.Baitursynov, phone number: 8-7142-511176, e-mail: murat100764@mail.ru

ОӘЖ 81`374

ЕКІ ТІЛДІ ИДЕОГРАФИЯЛЫҚ ОҚУ СӨЗДІКТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ДИДАКТИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Мұханбетжанова А.Р. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының оқытушысы

Лингвистиканың қоғам алдында есеп беретін, қоғамға көрсететін басты өнімі – сөздік. Лексикографиялық жұмыстар - жалпы тіл мәдениетіндегі табыстарды, тіліміздегі сөздердің кодификацияланған (қалыптанған) нормаларын қалың жұртшылыққа жеткізудің бір формасы. Бұқаралық ақпарат құралдарында (баспасөз, радио, теледидар), орта және жоғарғы оқу орындарында оқылатын лекциялардың бәрі, кез келген кеңсе қызметкерлері, жаппы жұртшылық осы сөздікгерге жүгінеді. Сөздіктер тілді жүйелендіруде, әдеби тілдің нормаларын қалыптастыруда тікелей жәрдемі көп.

Қазіргі таңда еліміз егемендік алып, елдігіміздің іргесі қаланып келе жатқанда, көпұлтты Қазақстан үшін мемлекеттік тілін өзге ұлт өкілдеріне үйрету ісі аса маңызды міндеттердің бірі. Идеографиялық оқу сөздіктері қазақ тіліндегі түсініктер мен ұғымдардың жіктелім жүйесін айқын көрсетуге жағдай жасайтын, оның мүмкіншілігін, әлеуетін ұлғайтатын, лексикалық жүйені семантикалық байланыстар тұрғысынан сипаттайтын, тілүйренім үшін ерекше маңызды оқу құралдарының бірінен саналады. Түсіндірме сөздіктердегі әліпбилік түзілім тәртібі тілдің лексикалық құрамын бейнелеудің сан ғасырлар бойы қалыптанып, тұрақтанған, ыңғайлы әдісі болып табылады. Алайда әліпбилік сөздіктерде лексикалық бірліктердің арасындағы жүйелі семантикалық байланыс толық көрініс таба алмайды. Сөздерді әріптердің орнына сәйкес әліпби, графика және орфография заңдылықтарына орай тізбелеп беретін сөздіктердің бір кемшін тұсы осы мәселеге байланысты. Сол себепті қазақ тілін тез меңгеру ісінде идеографиялық сөздіктердің қосар үлесі зор.

«Екі тілді идеографиялық оқу сөздіктеріне қойылатын дидактикалық талаптар» атты мақалада қазіргі қолданыста бар сөздіктерде сөз мағыналарын анықтаудағы типтік топтарға бөлінді. Сонымен қатар, мақалада идеографиялық оқу сөздіктерінің құрылымы, ондағы сөздердің берілу тәртібі, сөз мағыналарының ашылу заңдылықтары, сөзтізбенің түзілу ерекшеліктері өз дәрежесінде зерттеу нысаны туралы айтылады.

Мақала филология мамандығында оқитын студенттерге, магистранттарға және көпшілік қауымға арналған.

Кілт сөздер: сөздік, идеографиялық сөздік, семантикалық байланыс, дидактикалық түзілім.

ДИДАКТИЧЕСКИЕ ТРЕБОВАНИЕ К ДВУХЯЗЫЧНЫМ ИДЕОГРАФИЧЕСКИМ СЛОВАРЯМ

Мұханбетжанова А.Р. – преподаватель кафедры журналистики и коммуникационного менеджмента Костанайского государственного университета имени А.Байтұрсынова

Главный продукт лингвистики, которую предоставляют обществу это - словарь. Лексико-графические работы одна из форм передать публике нормы кодификационных слов в нашем языке и общие достижения языковой культуры. В СМИ (радио, телевизия, пресса), все лекции читаемые в средних и высших учебных заведениях, любой клерк, вся публика обращается за помощью к словарю.

На сегодняшний день, когда наша страна получила независимость, многонациональному Казахстану важно научить граждан государственному языку. Классификация понятий, понятия идеографический словарь на казахском языке обучения, создающих условия для оказания четкой системы, ее возможности, увеличивать потенциал, с точки зрения связей, характеризующих лексико-семантической системы языка является одним из важных средств обучения. Алфавитный порядок в толковом словаре является проверенным, удобным методом изобразить языковой состав лексики. Однако, в словаре алфавитного порядка системная семантическая связь между лексическими единицами не найдет полное представление. Минус словарей алфавитного порядка связана с этой проблемой. Поэтому орфографические словари в быстром изучении государственного языка окажет немалый вклад. В статье «Дидактические требования двуязычным идеографическим учебным словарям» делится типовым группам, чтобы определить значение слов в теперешнем употреблении есть словарях. А так же, в статье говорится о структуре идеологических словарей, о порядке передачи слов в словаре, о законности раскрытии значение слов, об особенностях строение словника.

Статья для студентов филологического факультета, магистрантов, и для всех желающих.

Ключевые слова: словарь, идеографический словарь, семантическая связь, дидактическое строение.

DIDACTIC REQUERMENTS OF BILINGUAL IDEOGRAPHIC EXPLANATORY DICTIONARIES

Muhanbetzhanova A.R - teacher of the department of journalism and communication management of Kostanay State University named after Akhmet Baytursynov.

The main product of linguistics that provides public is dictionary. Lexicographic work is a form of transfer to the public norm codification of words in our language and common achievements of language culture. In the media (radio, TV, the press), all lectures are given in secondary and higher educational institutions, every clerk, all the public turns for help to a dictionary.

Today, when the country gained independence, the multinational Kazakhstan is important to teach the citizens of the state language. Classification of concepts, concepts of thesaurus and the Kazakh language learning, creating conditions for the provision of a clear system, its capabilities, increasing the potential, in terms of relationships that characterize the lexical semantic system of language is an important means of instruction. Alphabetical order in the explanatory dictionary is a proven, convenient way to represent the linguistic composition of the lexicon. However, in the dictionary alphabetical system semantic link between lexical units not find a complete picture. Less dictionaries alphabetical order associated with this problem. Therefore spelling dictionaries in the rapid study of the state language will provide a significant contribution. In the article "Didactic requirements bilingual dictionaries ideographic teaching" model is divided into groups to determine the meaning of words in the present use of a dictionary. And also, the article says about the structure of ideological dictionaries, on the order of the transfer of words in the dictionary on the legality of the disclosure of the meaning of words, about the features of the structure of the glossary.

Article for students of philological faculty, graduate students, and to everyone.

Keywords: dictionary, thesaurus, semantic relationship, didactic structure.

Лексикографияда сөздіктердің айрықша түрі болып табылатын идеографиялық оқу сөздіктері оқыту мақсаты мен тілді меңгерту құралы ретінде ерекшеленеді. Идеографиялық оқу сөздігінің үш негізгі қызметі бар: оқыту, анықтама беру, жүйелеу. Басқа сөздіктермен өзіндік ұқсастықтары мен айырмашылықтары болумен қатар оның өзіне ғана тән мақсат-міндеті де бөлек. Тілді үйретуге арналған сөздіктің бір түрі ретінде идеографиялық сөздік лексикалық қорды оқу мақсатына сәйкес кешенді түрде сипаттайды. Идеографиялық оқу сөздіктерін түзуде лексикалық жүйені оқытудың әдістемелік аспектілері де ескеріледі. Атап айтқанда, оқыту кезеңі, жас ерекшелігі, білім деңгейі, мамандығы т.б. Бұл сөздіктің көлеміне, сөздік бірліктердің берілуіне, сипаттаманың әдіс-тәсілдеріне өз деңгейінде әсер етіп отырады.

Тақырыптық үлгідегі идеографиялық оқу сөздіктерінде кез келген лексикалық бірліктер беріле бермейді. Онда нақты бір тақырып бойынша ұйымдасқан, шоғырланған мағыналы сөздер ғана түзіледі. Әр тарау өз ішінен тақырыпшалар мен шағын тақырыптарға жіктеледі. Тақырыптық микро-жүйе құрастыруда сол тақырыпқа сәйкес сөзжасам модельдері, сөзжасамдық ұялар ескерілуі тиіс. Сөздерді топтастыруда оның жүйелі сипаттары толық ескерілуі керек. Идеографиялық сөздік құрастыруда сөздердің тақырыптық және лексика-семантикалық байланыстарының маңызы зор. Сол себепті идеографиялық оқу сөздіктерін түзуде мағынадан тұлғаға қарайғы функционалды-семантикалық бағыт пен тілдік бірліктердің семантикалық жүйелілігі ұстанымына ерекше назар аудару қажет. Идеографиялық оқу сөздіктеріндік негізгі мақсаты – белгілі бір ойды жеткізу үшін қажетті тақырыптық сөздерді таңдауға көмектесу болып табылады. Прагматикалық тұрғыдан зерттегенде, тілдік бірліктер маңызды компонент ретінде қарастырылады, ол жалпы жағдаятты, адресанттың әлеуметтік белгілерін ескере отырып, тілдік бірліктерді қатынас құралы ретінде қолданушы адамның ерекшеліктерімен байланысты болып келеді. Сөздіктегі тілге жасалатын функционалды, коммуникативті, прагматикалық сипаттама өзара тығыз байланысты, әрі бірін-бірі үнемі толықтырып отырады. Тіл арқылы қарым-қатынас жасау барысында сөздікті түзуші прагматикалық, коммуникативті кеңістікті анықтайтын тілдік әрекеттердің субъектісі ретінде көрінеді. Ол коммуникативтік қызмет барысында тілді тұтынып, осы қатынастарды атап, көрсетіп, білдіреді, ал адресат осы мағыналарды қабылдап, талқылайды.

Қазақ лексикографиясын зерттеуші М.Малбақов сөздікте үш түрлі интенцияның болатынын жазған еді. Олар: дидактикалық, анықтамалық және ғылыми интенциялар. Түсіндірме сөздіктің құрылымын зерттеуге арналған еңбегінде ғалым: «Жалпылама қолданымға арналып жасалатын түсіндірме сөздіктердің жұртшылық тарапынан үнемі қолданымда болуы және неғұрлым ұзақ уақыт ішінде (ондаған, жүздеген жылдар бойы) қолданымда болуы ондағы интенциялардың арасалмағына байланысты. Егер сөздіктегі ғылыми интенция басқаларынан өте басым болса, ол сөздік негізінен ғылыми жұртшылықтың пайдаланатын кітабы болмақ. Анықтамалық интенция басым болса, энциклопедияға айналып кету қаупі бар. Дидактикалық интенцияның басымдығы оны негізінен тіл үйренім, оқу құралына айналдырады. Сондықтан, сөздіктің шын мәнінде халық кітабына айналуы үшін, ғұмыры неғұрлым ұзақ болуы үшін, ондағы үш интенция теңгермелі қалыпта болу керек» деген тұжырым жасаған болатын [6,102]. Ғалым сөздіктің тілі туралы ойларын тұжырымдай келіп: «Сөздіктің ғылыми еңбек, анықтамалық құрал болуымен бір мезгілде тілүйренім құралы ретіндегі қызметі де баршаға аян. Сөздік - тілді үйрету ісінде оқулық пен сөздіктің міндетін бірегей түрде атқаратын оқу құралы болып табылады. Бұл тұрғыдан әсіресе түсіндірме сөздіктің құндылығы даусыз. Академик Л.В.Щерба тілді үйренудің ең тиімді құралы ретінде түсіндірме сөздікті - үйренілетін тілдің түсіндірме сөздігін атаған еді» деген болатын.

Оқу лексикографиясының туындыларында дидактикалық интенцияның басым болатындығы белгілі. Ал енді жалпы сөздік атаулының бәрінде де дидактикалық интенцияның басым болатындығы туралы ойдың сонылығы анық. Мұндай тұжырымды әлемдік лексикографияның теориялық тұрғыдан зерттелуіне зор еңбек сіңірген француз лексикографтары К.Дюбуа мен Ж.Дюбуа жасайды. Ғалымдардың пікірі бойынша, жалпы сөздік атаулы дидактикалық жанрдағы туындыларға жатады. Сол себепті осы жанр ауқымындағы лексикографиялық айтылым педагогикалық тілге тән ең маңызды сипаттамаларға ие

болады [2,26]. Сөздіктің тілі, авторлардың тұжырымы бойынша: «ғылыми талдаудан өткізілген, зерделенген тіл. Аристотельдің үлгісі бойынша бөлшектерге бөлінген мәтін. Табиғи тілдегі біртұтас айтылым тіл білімінің қағида, ережелері бойынша жеке-жеке сөздерге мүшеленіп, ол сөздердің өзі белгілі бір қалыптарға түсіріліп, белгілі бір сөз таптарына телінеді. Табиғи тілдегі сөздер ғылыми сараптамадан өткізіліп, жасанды тілдегі (ғылым тілі) лексикалық бірліктер ретінде белгіленеді, таңбаланады, жік-жікке бөлінеді. Осындай бірліктерді жинақтаушы сөздік, шын мәнінде, екінші қатарлы туынды болып табылады. Оның нысаны *тіл* мен *әлем* емес. Оның нысаны – *тіл туралы, әлем туралы жұрт не айтады, не дейді, - міне, сол*». М.Малбақов жоғарыда келтірілген тұжырымда «сөздік тілінің бірінші қатарлы табиғи тіл емес, екінші қатарлы жасанды тіл, ғылыми тіл яғни *ғылыми метатіл* болып табылатындығын меңзеп отыр. Сөздіктің метатілі туралы айтып отыр» деген қорытынды жасайды. Шынында да, сөздіктің тілі табиғи тілдің жүйесін арнаулы талдаудан, ой сүзгісінен өткізіп, өз алдына қойылып отырған мақсатқа сай қалыпта көрсетеді.

Француз лексикографтары келесі кезекте алдыңғы ойды жалғастырып, оны нақтылай түседі: «педагогикалық тілдің кез келген түрі тәрізді, сөздік те оқырманды коммуникацияның нақты бір айқын типіне бағыттайды. Әрі сөздіктің авторы, әрі коммуникация субъектісі болып табылатын лексикограф өзімен сырттай пікірлесуші оқырмандар тарапынан өзіне қойылатын сауалдарға бағдар ұстайды. Олар лексикографқа оның өзіне тиесілі емес мәтіндер туралы сауал қояды. Сауалдарға жауап бере отырып, лексикограф коммуникациядағы айқын субъект рөлінде көрінбейді, коммуникацияның ұжымдық субъектісі яғни қоғам атынан сөйлейтін байланыстырушы, дәнекер бейне рөлінде көрінеді. Демек, лексикограф қоғам тарапынан жүзеге асырылатын ұжымдық айтылымның болжалды субъектісіне айналады. Оқырмандар өздерін идеалды түрдегі сөйлеуші субъект ретіндегі лексикографпен біртүтін санайды. Ал сөздікте берілетін жауаптар нақты мәдени қауымдастық атынан айтылатын соңғы ақиқат болып табылады. Сөздіктен алынатын білік пен білім оқырмандардың кемістіктерінің орнын толтыруға көмектеседі. Лексикографтың білігі мен жекелеген оқырмандардың толымсыз білігі арасындағы алшақтықты жояды. Осылайша, сөздіктегі лексикографиялық хабарламаның табиғаты да оқытушы ұстаздың педагогикалық хабарламасының табиғатымен бірдей. Лексикограф істен мүлде сырт қала алмайды. Оның тілге деген, тілге жасаған өз сипаттамасының негізінде жатқан лингвистикалық теорияларға деген өзіндік ғылыми көзқарастары бар. Ол *ғылыми хабарламаның* авторы болып шығады. Және оның іс-қимыл мәнері педагогикалық тіл (айтылым) авторынікіне қарағанда басқарақ. Лексикографтың позициясы белгілі бір теориядан, басқа теорияларға қарсы қойылған, өзі жөн санаған, лайықты деп тапқан теориядан келіп шығады. Осылайша, бір жағынан, ғылыми полемикалық әдіс-тәсіл, екінші жағынан, педагогикалық нормативті әдіс-тәсіл арасында қарама-қайшылық бар екендігі байқалады. Міне осы себепті лексикографтың өз ғылыми хабарламасын тікелей, төтенше, еш аралық сатысыз жүзеге асыруы қиын.[1,110]

Білімді, білікті ұстаз – шәкірт үшін қоғамдық-мәдени ұжыммен барабар түсініледі. Оқушы да өз тарапынан өзінің толымсыз білігі мен ұстаздың білігі арасындағы алшақтықты азайта беруге ұмтылады. Осы ұмтылыс, осы үдеріс, - лексикографтың мәдениетпен, тілдік нормамен барабарластырылуы, теңдестірілуі - педагогикалық тілге тән ерекшеліктердің салдары болып табылады. Автордың жасырын, беймәлім болуы оның тұжырымдарының, оқырмандарға берген жауаптарының өтімділігін, пәрменділігін, беделділігін қамтамасыз етеді». Ғалымдар осы еңбектері арқылы сөздік тілінің ең алдымен педагогикалық тіл болып табылатынын бұлтартпастай дәлелдейді. Оқу лексикографиясының негізгі туындысы ретіндегі оқу сөздіктерінде дәл осындай педагогикалық қызмет орын алады. Лексикограф оқырманның тілді өзбетінше меңгеруіне жағдай туғызады. Оқу сөздігінің беттерінен, белгілі бір виртуалды қашықтықтан, оқырманмен тілдесіп отырады.

Француз авторларының пікірі бойынша, «сөздік бір мезгілде әрі *тілге белгілі бір нақты дәрежеде жасалған сипаттама*, әрі *адам туралы хабарлама* болып табылады. Демек, сөздік *мәдениеттің белгілі бір типі туралы хабарлама* болып шығады. Осылайша, сөздік екі объектіге: онтологиялық (тіл) және идеологиялық (мәдениет) - сілтейді деуге болады». Ғалымдар өз тараптарынан айтылған ойды қостайтын тұжырым ретінде француздың ұлы лексикографы А.Рейдің сөзін келтіреді: «Өзінің басты объектісі ретіндегі тіл туралы хабарлама бере отырып, сөздік сонымен бірге әлем жайлы да бөлшектенген хабарлама жасайды»[1, 112]. Демек, сөздік ең алдымен дидактикалық құрал бола отырып, екіншіден, ғылым мен мәдениет туралы ақпарат беретін анықтамалық құрал, үшіншіден, өзге туындылардан ерекше ғылыми еңбек болып табылады.

Оқу лексикографиясында оқу сөздігінің алатын орны ерекше. Оқу сөздігі – тілдік қатынас және тілдесім құралы ретінде зерттеу ісінде көмегі болатын, көлемі мен типі жағынан алуан түрлі болып келетін лексикографиялық туынды (В.В.Морковкин). Сөздіктің бұл түрінің басты ерекшелік белгісі – оның тілді үйрету ісіне бағдарлануы. Оқу сөздігінің сөздіктің басқа типтерінен басты айырмасы – оның лексикографиялау тәсілі мен бағдарына байланысты. Олар адамның тілдік санасына тілді үйрету мүддесі тұрғысынан әсер етуді көздейді. Демек, оқу сөздіктері антропоцентристік болады. Оқу сөздіктерінен басқа типтегі сөздіктерді лингвоцентристік сөздіктер деп аталады. Лексикографиядағы аталған екі түрлі тәсілдің айырмашылығы түсіндірме сөздіктердің сөздік мақала құрылымынан байқауға болады. Лингвоцентристік тәсілмен жасалатын түсіндірме сөздіктерде басты назар тілдің құрылымын сипаттау мәселесіне аударылады. Ал антропоцентристік тәсілмен түзілетін түсіндірме сөздіктегі мақсат – тілді үйренуге,

меңгеруге көмектесу. Оның үстіне оқу сөздігі деп аталатын шағын көлемді түсіндірме сөздіктердің барлығы бірдей өз атына сәйкес келе бермейді.[3,72] Олардың көпшілігі жалпылама қолданымға арналып түзілген үлкен түсіндірме сөздіктердің сөздік құрамын жай ғана қысқарту, сығымдау, ықшамдау жолымен жасалып жүргендіктен сапасы нашар болып шығады. Ғылыми негізде жасалатын шын мәніндегі оқу сөздігінің жүйесі мен құрылымы мүлде басқаша болады.

Оқу сөздігінің негізіне алынатын басты қасиет – оның антропоцентристік сипаты болып табылатындығын Р.Түсіпқалиева да атап өтеді. Ғалымның пікірі бойынша, «барлық сөздіктерді сипаттау ең әуелі лингвоцентристік сипаттау және антропоцентристік сипаттау болып екіге бөлінеді... Лингвоцентристік ұстанымда тіл бұрыннан бар, бұрынғы мәтіндерде тіркелген, ол тілде сөйлеуші субъектіге қатысы жоқ құбылыс түрінде көрініс береді. Сипаттаманың бұл түрінде тілдік механизмді құрайтын типологиялық тұрғыдан алуан түрлі құбылыстар мен процестерді белгілеп, кезекпен сипаттау жүзеге асырылады. Сондықтан сипаттаманың бұл түрін сипаттамалы-жүйелеуші деп атайды. Лингвоцентристік тәсіл тілге дәстүрлі сипаттама жасалатын академиялық грамматикалар мен сөздіктерде жүзеге асырылады. Тілді лингвоцентристік негізде қарастыратын тіл ғылымын сипаттамалы-жүйелеуші лингвистика деп атауға болады. Антропоцентристік көзқарас тұрғысынан тіл адам санасының туа бітті қасиеті ретінде емес, адам санасында уақыт өте келе пайда болатын мәнді құбылыс, демек, бірте-бірте қалыптасатын, бірте-бірте белгілі болып, айқындала, ашыла түсетін құбылыс ретінде ұғынылады. Антропоцентристік тәсілдің мәні, біріншіден, тілді үйренім нысаны ретінде жүйелі түрде сипаттаудан, екіншіден, тіл мен адамның әрекетке түсу сипатын анықтаудан көрінеді. Өз тұжырымдарын антропоцентристік көзқарас тұрғысынан сипаттайтын лингвистиканы *антропоцентристік лингвистика* деп атайды. Сипаттамалы-жіктемелік лингвистикада тілдің жиынтық әлеуметтік құбылыс ретіндегі қалыптасуы мен қызмет етуі сөз болса, антропоцентристік лингвистикада негізінен, бейнелі тілмен айтқанда, адамның тұла бойында өркен жайып, өсіп шығатын организм ретіндегі тіл қарастырылады. Демек, тілүйренімдік лексикография педагогикалық лингвистикада жүзеге асырылып отырған антропоцентристік көзқарасқа негізделуі керек» [6,15].

Идеографиялық сөздіктерде сөздің семантикалық сипаттамасын жалпылап жинақтау ұстанымы кеңінен қолданылады. Идеографиялық оқу сөздіктерінде сөзді сипаттаудың негізгі тенденцияларын анықтау үшін сөздердің мағыналарының ашылу тәсілдері мен құралдарын салыстыру керек. Сөздің мағыналық құрылымын көрсетуде бірізділіктің болмауы сөздікті құрастырушылардың теориялық ұстанымдарының әр түрлі әртүрлі болуынан ғана емес, сөз семантикасының академиялық сөздіктерде толық жетілдірілмеуінен де болады. Тілдік жүйені сөздердің лингво – семантикалық нұсқалары деңгейінде ықшамдаудың күрделілігінен, сөздіктерде көп мағыналылықтың түрліше көрсетілуінен болатыны да белгілі. Бір сөздіктегі бір мағынаға басқа сөздікте бірнеше мағына сәйкес келеді. Бір сөздікте сөздің мағыналық реңкі деп бағаланған нәрсе басқа сөздікте дербес мағына ретінде беріледі. Жоғарыда айтылған объективті себептерге байланысты идеографиялық оқу сөздіктеріндегі сөздің мағыналық құрылымын көрсету мәселесі әлі күнге дейін біржақты шешілген жоқ. Бұл, әсіресе көпмағыналы бірліктерге қатысты. Көпмағыналы сөздің мағыналарын жинақтап, жалпылай беруден ол сөздің басқа бір мағынада жұмсалып қабілеті, өзіндік ерекшелігі жоғалуы мүмкін. [7] Көпмағыналы етістіктердің жеке мағыналарының айырмашылығы оларды шектеген жағдайда ғана көрініс табады. Көпмағыналы етістіктердің мағыналарын жинақтап берудің бір тәсілі ретінде сілтеме жасау әдісі қолданылады. Әртүрлі бағыттағы қозғалысты көрсететін көпмағыналы етістіктердің жеке мағыналарын сілтеме жасау арқылы және бір бағыттағы қозғалысты білдіретін етістіктердің мағынасымен теңбе – тең етіп жинақтап беру осы мағыналард тілдік мысалдармен ашып, етістік қимылының сипатын көрсеткен жағдайда ғана дұрыс болады. Дегенмен, кей жағдайда сілтеме жасау тәсілі етістіктің мағыналық құрылымын қате көрсетуге әкеліп соғады. Мысалы: бар – етістігі жүр – етістігі әртүрлі бағыттағы, түрлі уақыттағы болатын қозғалысты көрсетеді. Дәлізбен жүру. Артқа және алға жүру. Дүкенге бару. Автобустар үнемі жүреді. Шеткі ауылдарға паром жүреді. Сағат тура жүреді. Бар етістігінің мағыналарын нақтыламай, жүр етістігіне сілтеме жасау, бір жағынан мағыналардың толық ашылмауына, екіншіден тек бар етістігіне тән мағынаның жүру етістігімен теңестірілуіне әкеліп соғады. Осылайша, етістіктердің мағынасын жинақтап беру оның сөздіктерде сөздік бірліктердің мағынасын ашудың алғашқы сатысы – мағынаның заттық немесе ұғымдық компоненттерін көрсету, яғни мағынаның парадигмалық және синтагмалық компоненттерін көрсету. Бұл – ең маңызды кезең болып табылады. Парадигмалық қатынастар түсіндірмеде де, сөздік мақаланың арнаулы бөлімдерінде де ескеріледі. Сөз мағынасының түсіндірілуі оның басқа сөздермен парадигмалық қатынасына байланысты болады. [5]

Лексикографияда сөз мағынасын ашу мен сипаттау жолының мынадай аспектілері көрсетіліп жүр: бір топқа жататын сөздердің мағынасын бірдей үлгіде ашу; семантикалық жағынан өзара жақын сөздердің мағыналарын ашқанда, олардың ортақ және айырым мағыналарын жіктеп көрсету[8]. Мұндай ұстаным сөздіктегі тілдік материалды нақты бір жүйеде беруге және сөз мағынасын жан – жақты, толық сипаттауға мүмкіндік береді.

Түсіндірме сөздіктегі сөз мағынасын анықтау тектік – түрлік принцип негізінде жүзеге асырылады [9,79]. Бұл жалпы және арнайы ерекшеліктеріне байланысты. Оның бірінішісі ұғымдардың

сөзден берілетін туыстық ұғымдарын білідіреді, екіншісі – түрлік, жеке белгілерін көрсетеді. Туыстық белгілері әдетте, аудару арқылы емес, олардың баламасын (сейф - шкаф) білдіретін сөз арқылы сипатталады. Түрлік жеке белгілер аудару (сейф – бағалы заттар мен құжаттар сақтайтын, жанбайтын шкаф) арқылы беріледі.

Түсіндірме сөздікте берілетін сөздерге қойылатын талаптар мынадай:

а) анықтама түсінікті болуы керек. Сөздіктердің басты артықшылығы – тілді пайдалану күрделілігімен түсіндіріледі;

ә) анықтамада айқындалатын нәрсенің басты деген белгілері көрсетіледі. Ал бастылары, мәнділері деп, берілген мәліметтерді жүйенің мүшесі деп қабылдайтын берілген әрі басқа мүшелеріне қарама – қарсы қойылған сөздегі белгілерді айтуға болады. Әрбір белгі сөз мағынасының мәнді деген элементтерін мүшелеп шығуға мүмкіндік береді;

б) сөз мағынасын анықтау айналасынан тәуелсіз болуы тиіс;

в) мағынаны анықтауда мүмкіндігінше, таптаурындылықтан сақтану қажет. Таптаурынды талдаудың мейлінше кеп тараған түрі синонимдер болып табылады. Сөз мағынасы дифференциалды семантикалық белгілерден тұрады. Сөздерді синонимдер арқылы талдау, оны басқа біртұтас бірлікке біртұтас теңестіру (тілде абсолюттік синоним ете аз болуы себепті) мүмкіндігіне жол ашады.[9,75] Сонымен, түсіндірме сөздікті құрастырушылар салалық, көнерген және т.с.с. мағынасын айқындау қажет болғанда жағдайда ол сөздер аударма сөздікті құрастырушылар сияқты қызмет атқарады. Ол, негізінен, сөзді әдеби тілге аударарды, яғни, оны сәйкес келетіндей әдеби сөзбен теңестіреді. Осыған байланысты, талданып жатқан сөз, оның қолданылу аясы мен шекарасын қалыптастыратындай, стилистикалық белгілерді негіздеп береді. Сөз мағынасын синонимдер арқылы анықтау -синонимдерді сөздікке пайдалану емес екенін есте ұстаған жөн. Бірінші жағдайда біз, талдаудағы таптаурындылыққа тап келеміз. Екіншіден - синонимдер мағыналардың шетін анықталуынан соң ғана келтіріліп отырады және сөздердің басқа сөздермен семантикалық байланыс қалыптастыруға жәрдемдеседі. Синонимдерді бұлайша пайдалану өзін-өзі ақтаған тәсіл болып табылады. Онда түсіндірме сөздікке аналогиялық сөздікке тән элементтерді енгізу байқалады. Лексиканы идеографиялық тұрғыдан жіктеуде сөз мағыналарына талдау жасауда, айтарлықтай ықпал етеді. Сөздерді лексикалық парадигма құрамында қарастыру оның мағынасын тиісті дәрежеде анықтап беруге жол ашады. Түсіндірме сөздіктерде сөз мағыналарын анықтау, сөздердің мағыналарын басқалармен салыстыруға негізделеді. Салыстырудың мақсаты - бір атаудан екіншісіне шектеу үшін мәнді болып табылатын айырмашылықтарды анықтау. Алайда көп жағдайда сөздіктерде қанағаттанғысыз, бір сөзден екінші бір сөзге сілтеніп отыратын оларды анағұрлым заттық-мағыналық байланыстарда айқындайтын анықтауыштардың сөздерді анықтау жайы кездесіп отырады.

Қазіргі қолданыста бар сөздіктерде сөз мағыналарын анықтау, әр уақыт қанағаттандырылғы дәрежеде емес. Осы жолда кездесіп отыратын көптеген типтік қателер төмендегідей топтарға бөлінеді:

- ұғымдар нысанының өлшеусіздігі (анықтау көлемі көп не аз анықталатын);
- мағыналық қарама-қайшылық (берілген сөздерді талқылау үшін пайдаланылған сөз мағынасы, бір-біріне қарама-қайшы болады);
- сілтеме ретінде берілген сөздің түсініксіз күйде қалуы (сілтемеде көрсетілген сөз сөздікте мүлде жоқ болуы мүмкін);
- көпмағыналы сөздің нақты қай мағынасы талданып отырғаны түсініксіз күйінде қалуы мүмкін.

Идеографиялық сөздіктерді анықтама мақсатын көздейтін құрал ретінде қарастыруға да болады. Оның өзіне ғана тән ерекшеліктері бар. Атап айтқанда:

- сөздердің мақсатты түрде сұрыпталуы;
- сөз санының шектеулі болуы;
- ақпараттың берілу сипаты мен көлемі мақсатына сәйкес болады;
- сөздік құрамды оқыту үдерісімен тікелей байланысты болады.[7]

Ал лексикографияға келер болсақ, осы типтегі сөздіктердің белгілі бір прецедентін жасаудан басқа идеографиялық сөздік орыс тілінің түсіндірме сөздігіндегі және шетел-орыс сөздіктеріндегі сөздердің мағыналарын анағұрлым білікті түрде айқындауға мүмкіндік береді. Сөздік материалдың тақырыпқа жіктелуі кең не тар шеңберде болуы мүмкін. Тақырыптық сөздік түзудегі негізгі мақсат - тілді меңгерту. Тақырыптық сөздіктерге лексикалық бірліктерді сұрыптауда функционалды-семантикалық принцип басшылыққа алынады. Лексикалық бірліктердің тақырыбы олардың қарым-қатынас барысындағы қолданыс ерекшелігімен, қай салада қолданылуымен тығыз байланысты болады. Тақырыптық сөздікте лексикалық бірліктерді іріктеу мәселесі орыс тіл білімінде И.П.Слесарев, П.Н.Денисов, В.В.Морковкин, Л.Г.Саяхова т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз болады. Сөздік бірліктерді тақырыптық жағынан топтастырғанда, тілдің коммуникативті, функционалды жағы ескеріледі. Сөздерді тақырыптық жағынан топтастырғанда, оларға тілдік факторлар емес, тақырып, сөйлеу ортасы сияқты тілден тыс факторлар ескеріледі. Сол себепті сөздердің ішкі, тілдік байланыстары тілден тысқары факторларды ескеріп отыруы тиіс.

Тақырыптық үлгідегі идеографиялық сөздіктерде кез келген лексикалық бірліктер беріле бермей, онда нақты бір тақырып бойынша шоғырланған мағыналар ғана ашылады. Сөздік түзуде алдымен қажетті тақырыптар анықталып, кейін әр тақырыпқа қажетті сөздер нақтыланады. Идеографиялық оқу сөздікте сөздер тақырыптық, семантикалық тұрғыдан үйлесіп, ұйымдасып келуімен қатар ол сөздер әліпбилік тәсілмен өз ішінен саралануы мүмкін. [10]

Сөздік кешенді сипат алуы тиіс. Әр тарау өз ішінен тақырыпшалар мен шағын тақырыптарға жіктелуі керек. Ондағы сөздер өзара функционалды – тақырыптық бірлікте болуы керек. Тақырыптық микрожүйе құрастыруда сол тақырыпқа сәйкес сөзжасам модельдері, сөзжасамдық ұяларда ескерілуі тиіс. Көпмағыналы сөздердің әрбір мағынасы түрлі тақырыптарда берілуі мүмкін. [10,173] Оқу материалын тақырыптық – тақырыптық жағдаяттық шеңберде топтастыра отырып, тақырыптық сөздік оқу мақсатында тілдегі сөз бірліктерін сипаттауда жүйелі де коммуникативті принциптердің өзара байланысына әсер етеді. Идеографиялық сөздікте түрлі сөз табына жататын сөздер ортақ мағынасына сәйкес бір семантикалық өріске жинақталуы мүмкін. [11,23]

Сөз қолданысында мағыналары жағынан бір – біріне жақын көптеген сөздердің арасынан іріктеліп алынады. Әрбір сөздің мағыналық мәні сөздердің көптеген кері пропорционалды қатынасында, сол мағыналық континуумның көпшілік, нақтылы ұзындыққа пропорционал, жиілікпен бүркелген бөлігінде жатады. Міне, Ф.Де Соссюрдің фундаменталды түрдегі лингвистикалық теорияларының бірі осы жолға негізделіп дамиды. «... Язык есть система все элементы которой образует целое... входя в состав системы, слово обречено не только значением, но еще главным образом значимостью. Значимость слово определяется не отношением к обозначаемому им объекту, а отношением к другим словам, их значением в данном языке. Отношение это дано в системе языка, оно порождено фактам участия в системе: значимость – функция системы; значимость – это значение языкового факта в системе данного языка» [12,170].

Осылайша, бір тілдегі сөзді басқа бір тілдегі сөзбен сәйкестендіру үшін, олардың әрқайсысының сәйкес жиілікте қандай орын алатындығын білу керек. Ал ол үшін жақсы идеографиялық сөздік қажет. Идеографиялық сөздіктер құрылымдық элементтер мен тіл аспектісінің шағын болуымен ерекшеленеді. Сөздіктің лексикалық қорын құрайтын сөздер сұрыпталады. Идеографиялық сөздіктерді түзуде сөздердің қолданыс жиілігі, парадигмалық және синтагмалық ерекшеліктері, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік қасиеттері, сөзжасамдық қабілеті мен сөз тудырушылық мүмкіндігі, түрлі тақырыптық топтарда қолданылу ерекшелігі, сөздің коммуникативтік ерекшелігі ескеріледі. Лексикалық минимумды сұрыптау барысында тілдің жүйелілік және жүйеден тыс ерекшелігі, тілдік бірліктердің коммуникативті және әдістемелік мәніне ерекше назар аударылады. Сөздіктегі сөздердің сұрыпталуы, олардың мағынасының түсіндірілуі, мәліметтер жиынтығы – бәрі деп ортақ мақсат көздеуі керек. П.Н. Денисов орташа оқу түсіндірме сөздігі 10 – 12 мың сөзден тұруы керек те, ал үлкен сөздік 25 мыңнан аса сөзді қамтуы керек деп есептейді[7].

Лексикалық бірліктерді сұрыптауда оқушы осы сөздерді ғана білуі керек деген принципті көздемей, осы сөздерге сүйене отырып, сөздік қорын толықтыра түсуі, молайта түсуі қажет деген қағида басшылыққа алынуы керек. Идеографиялық сөздіктердің лексика – семантикалық топтардың берілуіне байланысты төмендегідей өзіндік ерекшеліктері бар:

- сөздіктің негізгі мақсаты – қазақ тілін оқыту міндетіне сәйкес тілдің лексика – семантикалық жүйесін (лексика – семантикалық топ жиынтығын) нақты бейнелеу; сол себепті сөздік негізгі лексика – семантикалық топтар мен олардың өзара иерархиялық байланысын қамти отырып, оқу мақсатына сәйкес лексика – семантикалық топтарды іріктейді;

- сөздерді лексика – семантикалық топтарға, идеографиялық сөздіктерге біріктіре отырып, тұтас бірліктер түзеді, онда сөздер, көп мағыналы сөздердің жекелеген мәндері тұтас дүниенің бөлшегі ретінде қызмет етіп, сөздік қор жүйелі түрде меңгеріледі;

- идеографиялық сөздіктер сөздерді жалпы ұғымдық компоненттері бойынша топтастыра отырып, қазақ тілінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес жаңа ұғымдарды анықтауға, олардың өзара байланысын айқындауға мүмкіндік береді;

- сөздерді семантикалық негізде жүйелей отырып, идеографиялық сөздіктер адам жадында сөз бірліктерінің сақталу тәсілі мен сөз қолданыстың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келетіндіктен, қажетті сөзді тез табуға мүмкіндік береді;

- лексика – семантикалық топтардың өзегі (доминанты мен жиі қолданылатын стилистикалық жағынан шектелген) анықтай отырып, идеографиялық сөздіктер оқушылардың лексика – семантикалық топ өзегінен шет мүшелеріне қарай материалды игеруін қамтамасыз етеді;

- сөздік анықтамаларында жиі қолданылатын сөздерді анықтай отырып, идеографиялық сөздіктер түсіндірме минимумдарды айқындайды, яғни басқа сөздердің мағынасын осы анықтауыш сөздерге сүйене отырып түсіндіруге жол ашады;

- идеографиялық сөздіктердің материалдары лексикалық жүйенің ерекшеліктерін молынан қамтиды, олардың инклюзивтілігін, яғни бір элементтердің басқа топтарға да ену мүмкіндігін тексереді;

– жекелеген сөздермен қатар лексика – семантикалық топтардың да өзара байланысын (бір лексика – семантикалық топтың басқа үлкен лексика – семантикалық топтарға, синонимдік қатарлардың лексика – семантикалық топтарға ену мүмкіндігін) тексереді;

–лексика – семантикалық топтарды сөздердің жай ғана тізбегі ретінде қарастырмай, олардың құрылымдық ұйымдасуын ашу, яғни лексика – семантикалық топтардың ішіндегі сөздерді мағынасы мен айырым белгілері бойынша қарама – қарсы қоя отырып, идеографиялық сөздіктерде сөздің семантикалық құрылымын жақсы меңгеруге , олардың басқа сөздермен тіркесу қабілетіне , сөздердің өзара жақын немесе қарама – қарсы мәнде жұмсалуына да ерекше назар аударылады.

Сөздік құрастыруда тіл үйретудің төмендегідей негізгі принциптері басшылыққа алынады:

а) коммуникативтілік принцип; тілдік материалдың ономастикалық бағытта сипатталуы (мағынадан тұлғаға қарай бағытталуы, оның тілдегі көрінісі), функционалдық жолдармен берілуі (ұқсас сөз тіркестері мен фразаларда);

ә) жүйелілік принципі; тілдік материалдың , сөздік қордың жүйелі ұйымдасуы [27,26].

Сөздік түрі сипатталу нысанына қарай анықталуы тиіс. Сөздердің белгілі бір тақырып төңірегінде топтасуы тілдік жүйе деңгейінде жүзеге асуы керек. Сөздер тақырып бойынша топтастырылған кезде лексика – семантикалық топтармен тығыз мағыналық байланыстағы тақырыптық – тілдік немесе тақырыптық – семантикалық топтары ескерілуі керек. Оған мысалдар Иісова Э.Ә. «Идеографиялық оқу сөздігінің тілдік жүйені меңгертудегі орны » атты кандидаттық диссертациясында кездеседі:

Жер бедерінің аттары

Адыр – бір – біріне ұштасып жатқан дөңестер мен белестер.

Мысалы: *Таудың бір етегі көрпедей созылып барып , адырға айналып кетеді. (Қ. Тойшықов)*

АДЫР – БҰДЫР – Тегіс емес ойлы – қырлы.

Мысалы: *Қоңыр топырақ аймағы жазық болып келеді де, оңтүстігі белеңді далаға , адыр – бұдырлы дөңестерге айналып кетеді (К.Баяндин . Топыра құнары)*

Адырлау – АДЫРЫ МОЛДАУ.

Мысалы: Ол ара жан – жағына еркін көрінетін адырлау жер еді. (С.Мұқанов . Аспаз.)

Адырлы – **Адыры мол.**

Мысалы: Жер қайсықан мал жатыр, Адырлы шыңды кемерде (О.Шипин. Екі дастан).

Адыр => адырлы -> адырлау

Адырмақ - > адырмақты

Адыр – бұдыр – адырлы – бұдырлы

Айдала – құла түз.

Мысалы: Асанның әйелі оянып, тысқа шықса, айдалаға қарай жортып бара жатқан бір қасқырды көзі шалды (З.Шишкин. Өмір тынысы.).

Аймақ - 1. Өлке, өңір, атырап.

Мысалы: Жауын - шашынның әр қарай болуы республикамыздың түрлі аймақтарында өсетін өсімдіктің құрамы мен түріне көп әсер етеді (Шопан серігі).

2. Айнала, маңай, төңірек .

Мысалы: Лагерь аймағы тікенек сыммен қоршалған (Қ. Исабеков, Ажал құрсауы).

Аймақ - > аймақты - > аймақтық

Асу – Таудың кісі аса алмайтын жері: белес

Мысалы, Қыста Қаратау асуларын қалың қар алып қалған шақта, бүкіл Созақ ауданы барлық дүниеден қатынасын үзіп, шарасыз болады (Алғы шептегі).

АТЫРАП – Бұл атырапта бұлт көрінбегелі және бір тамшы жаумағалы талай күн болды (М.Әуезов, Абай) .

АТЫЗ – **Егістік жердің тақта – тақта етіп, бөлініп жан – жағынан су ағып кетпестей ғып биіктеп қойған кішкене бөлшегі.**

Мысалы: Тұқымды мен атызды суға толтырып болған соң ғана ектім.(Ы.Жақаев, «Менің бақытым»).Атыз тарату (соғу).

Атыз жасау. Жер жырту, себу, тырмалау, атыз соғу,тыңайтқышпен қоректендіру ісін олар ұйымшылдықпен жүргізіп келеді.(7,127)

Енді дипломдық жұмыстың үшінші бөлігіне келсек, мұндағы сөздік алдыңғы бөлікке қарағанда күрделірек. Себебі мұнда сөздер кеңінен талқыланады. Бұл бөлік семантикалық өріс деп аталады. Семантикалық өрістің анықтамасы А.Салқынбайдың еңбегінде былай келтірілген: «Семантикалық өріс – бір мағына мен мазмұнның аясына топтасатын, болмыстың жақын, ұқсас, мәндес қасиеттері мен қызметін көрсететін тілдік бірліктердің жиынтығы» [6,63]

«Ата» сөзінің лексика-семантикалық өрісі

Тақырыптық топ:

Туыстық атаулары – Родственные отношения

Ата - дедушка

Әже – бабушка

- Әке – отец
 - Шеше – мать
 - Аға – брат
 - Апа - сестра
 - Іні – младший брат
 - Қарындас – сестра
 - Нағашы жұрт – родственники со стороны матери
 - Нағашы ата – отец матери
 - Нағашы әже – мать матери
 - Нағашы апа – сестра матери
 - Нағашы аға – брат матери
 - Нағашы тәте – тетя матери
 - Қайын жұрт – родственники со стороны мужа или жены
 - Қайын ата – отец мужа или жены
 - Қайын ене – теща, свекровь
 - Қайын аға – старший брат мужа
 - Қайын апа - старшая сестра мужа
 - Қайын іні – младший брат мужа
 - Қайын сіңлі – младшая сестра мужа
- Лексика-семантикалық топ:


Ата, әже,әке, шеше, аға, апа, әпке, тәте, іні, сіңлі, қарындас, жеңге, жезде, келін, күйеу бала, балдыз, нағашы ата, нағашы әже, нағашы апа, нағашы аға, жиен, немере, шөбере, қайын ата, қайын ене, қайын аға, қайын апа, қайын іні, қайын сіңлі;

«Ата» сөзінің білдіретін мағыналары:

- 1.Әкенің әкесі – Отец отца, үлкен әке – старший в семье
- 2.Бір рудың ішіндегі адамдардың туыстық, қандастық тобы – род, племя
- 3.Нәсіл, тек, тұқым – потомства, род, раса

Ата сөзінің семасы:

- 1) Ата – ер адам – мужчина
- 2) Ата – жасы үлкен, қарт адам – взрослый, пожилой человек



Атай. Ата сөзінің құрметпен айтылуы – уважительная форма слово «дедушка»

Аталас. Ағайындас, туыстас – родственники

Аталы.Текті, өнегелі.Аталы сөз- ақылға қонымды сөз, тауып айтылған сөз – мудрое слово.

Аталық.1.биол.жабық тұқымды өсімдіктер гүлінің аталық жыныс жасушасы өсіп жетілетін бөлігі.2. Атаға тән ізгі қасиет.

Атасыз. Көргені жоқ, тексіз, үлгісіз – безродный, невоспитанный

Ататай. Эмоц.атаға жалыну, жалбарыну – умолять, упрашивать деда.

Ататек Шыққан негізі, арғы түбі -

Атажан. Атаны құрметпен айту, атеке -

Аташым. Эмоц.ата сөзінің ізетпен айтылуы -

Ата сөзіне қатысты мақал-мәтелдер

1. Атаға қарап ұл өсер,
Анаға қарап қыз өсер.
Дочь идет материнской дорогой,

- Сын идет отцовской дорогой.
2. Ата балаға сыншы.
Отец – судья своим детям.
 3. Ата көрген оқ жонар,
Ана көрген тон пішер
Ребенок, воспитанный отцом, пули отливает,
Ребенок воспитанный матерью, шубу кроит.
 4. Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.
Как отблагодаришь отца, так отблагодарят дети тебя.
 5. Ата – бәйтерек , бала – жапырақ .
Отец – дерево могучее, дети – его листья. [21]

Уақыт – I. Мезгіл, мерзім.

II. филос. материяның үздіксіз дамуы мен объективті бір формасы.

2. ауысп. заман, дәуір. 3. сәт, кез, мезет.

«Уақыт» сөзінің лексика семантикалық тобы:

Ай – месяц; **бір ай** один месяц; **екі/үш ай** два/три месяца; **бірнеше ай** несколько месяцев; **осы айда** в этом месяце; **өткен айда** в прошлом месяце; **келесі айда** в этом месяце; **үш айдан соң** через три месяца; **екі ай өтті** прошло два месяца; **бір жылда он екі ай бар** в одном году двенадцать месяцев; **бір айда отыз күн бар** в одном месяце тридцать дней.

Апта – неделя; **бір апта** одна неделя; **екі апта** две недели; **бір аптада жеті күн бар** в неделе семь дней;

Бүгін – сегодня; бүгін нешесі? Какое сегодня число? Бүгін жетінші сәуір сегодня седьмое апреля;

Бүрсігүні – послезавтра; **апам бүрсігүні келеді** мама придет послезавтра.

Ғасыр – век; **жиырма бірінші ғасыр** двадцать первый век; **өткен ғасырда** в прошлом веке.

Ертең – завтра; **ертең мейрам** завтра праздник; **ертең кітапханаға барамыз** завтра пойдем в библиотеку.

Жеті – неделя.

Жыл – год; **Жаңа Жыл** Новый Год; **өткен жыл** прошлый год; **келесі жылы** в будущем году; **биылғы жылы** в этом году.

Кез – момент, время; случай; **бір кезде** в одно время; **сол кезде** в тот момент, **кез келгенде** при удобном случае.

Кезең – период; **алғашқы кезеңде** в начальный период.

Кеш – вечер; **кешкі сағат жетіде** в семь часов вчера;

Кешкі – вечерний

Күн – день, **бір күн** один день; **демалыс күн** выходной день; **бір күннен кейін** через день.

Күндіз – днем; **күндіз кітапханаға барамын** днем я пойду в библиотеку;

Минут – минута; **бір минут** одна минута.

Секунд – секунда; **бір секунд** одна секунда; **бір минутта алпыс секунд бар** в одной минуте шестьдесят секунд;

Тал түс – полдень; шілденің ыстық тал түсі жаркий июльский полдень;

Таңертең – утро; утор; таңертеңі сегізде в восемь часов утра.

Тәулік – сутки; екі тәуліктен кейін через двое суток;

Түн – ночь ; түн ортасы глубокая ночь;

Түс – полдень; ;

Ымырт – сумерки/вечерние/ ; ымырт жабылған кезде в сумерках.

«Уақыт» сөзіне байланысты айтылатын фразеологизмдер:

Көзді ашып жұмғанша – қазірде – глазом не успеешь моргнуть

Ала қыстай – в течение всей зимы. [20,22]

Ә дегенше – очень быстро

Ала жаздай – в течении всего лето, целое лето [20,21]

Түн баласына – всю ночь

Бір шай қайнатым уақыт – время, за которое закипает чай – немного спустя [20,58]

Жамбасы жерге тигенше – до самой смерти [28,72]

Жеті қараңғы түн – глубокая, поздняя ночь [20,81]

«Уақыт» сөзіне байланысты қолданылатын мақал – мәтелдер

1) Әр нәрсе өз уақытымен қызықты.

Всеу свое время

2) Адамды заманы билейді.

Время управляет поступками человека.

3) Жасы бір құрдас емес, заманы бір құрдас.

Не возраст сближает человека, а время.

4) Заманына қарай заңы , тоғайына қарай аңы.

По лесу звери, по времени законы.

5) Уақыт тас екеш тасты да тоздырады.

Время и камень точит.

6) Өткен күнді қуып жетпессің.

Вчерашний день и бегом не догонишь.

7) Әр нәрсе өз уақытымен қызықты.

Все интересно своим временем.

8) Кешегі күннен алыс жоқ, ертеңгі күннен жақын жоқ.

Ничто не дальше вчерашнего дня, ничто не ближе завтрашнего дня.

9) Әр адам өз заманының баласы.

Все люди дети своего времени .

10) Ештен кеш жақсы .

Лучше поздно, чем никогда.

11) Мезгіл жетсе мұз да ерір.

Придет время – и лед растает.

12) Ескіні есіңе алмай, жаңа жадыңа түспейді.

Не вспомянув прошлое, не уяснешь настоящее.

13) Адамды заманы билейді.

Поступками человека время управляет.

14) Әр айдың аты басқа.

У каждого месяца свое название. [21,135 – 136]

Сөздерді семантикалық өріске бөлгенде, біз тіл ұстарту мақсатын алдыға қойдық. Лексикографияда сөз мағынасын ашу мен сипаттау жолының мынадай аспектілері көрсетіліп жүр: бір топқа жататын сөздердің мағынасын бірдей үлгіде ашу; семантикалық жағынан өзара жақын сөздердің мағыналарын ашқанда, олардың ортақ және айырым мағыналарын жіктеп көрсету. Мұндай ұстаным сөздіктегі тілдік материалды нақты бір жүйеде беруге және сөз мағынасын жан-жақты, толық сипаттауға мүмкіндік береді. Лексикалық бірліктерді сұрыптауда оқырман осы сөздерді ғана білуі керек деген принципті көздемей, осы сөздерге сүйене отырып, сөздік қорын толықтыра түсуі, молайта түсуі қажет деген қағида басшылыққа алынуы керек. Өзге тілді азаматтар арасында қазақ тілін зерттеушілер болса, идеографиялық сөздіктің бұл түрі өте тиімді. Себебі, тіл үйренуші бұдан тек қана сөздер мен сөз тіркестерді ғана таппайды, мұнда мақал – мәтелдер мен фразеологизмдер де көрсетілген. Бұл оқушыға тілді жедел меңгеруіне көп септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Байниязова Ж. Қазақ лексикографиясы: біртүлді оқу сөздігін түзудің ғылыми негіздері.
2. Dubois J., Dubois C. Introduction a la lexicographie. – 1971. – Р ., 1971. 171с
3. Морковкин В.В. Основы теории учебной лексикографии:Электронное издание, 1990. 110 с
4. Букин И. Русско – киргизский и киргизско – русский словарь. Казань, 1889. 124 с
5. Апресян Ю.Д. Синонимия и синонимы// Вопросы языкознания . – 1969,- 337 с
6. Түсіпқалиева Р. Қазақ лексикографиясы: Екітілді шағын сөздіктердің құрылымы: фил. Ғыл. Канд. Автореф. – Алматы , 2007.24 б.
7. Иісова Э.Ә, «Идеографиялық оқу сөздігінің тілдік жүйені меңгертуегі орны», Қостанай 2011, 149
8. Исламова А. Шетел сөздерінің лексикографиялық деректерде берілу жолдары// Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ – түрік университетінің хабаршысы
9. Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі (лексика)// Қазақ тіл білімінің мәселелері . – Алматы : Арыс, 2008 .- 79 -203 бет
10. Саяхова. Л.Г. и др. Иллюстративный тематический словарь русского языка. – Москва: Рус.яз., 1989
11. Хасанов Ф. Семантикалық өріс // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 1996 . – N5. – 23-
12. Ф.де Соссюр. Курс общей лингвистики. – М., Едиториал. УРСС, 2004.272с
- 13.Казахско – русский, Русско – казахский словарь с грамматическим приложением для учащихся с русским языком обучения, Кокшетау, «Келешек – 2030» , 2009,187с
- 14.Школьный русско – казахский словарь, Алма – ата: Рауан,1990. – 320 с,
15. Ағылшынша – қазақша тақырыптық сөздік , «Ақараман» баспа үйі, Астана 2008, 295б
16. А.Қайырбекова: Қазақ тілі, Учебник для 3 класса общеобразовательной школы с русским языком обучения, Алматы «Атамұра» 2010, 239с
- Филология ғылымдарының кандидаты диссертациясы . Алматы, 2008 ,132б
17. Саяхова. Л.Г. и др. Иллюстративный тематический словарь русского языка. – Москва: Рус.яз., 1989

18. Юрьев А.Н. Тематический словарь разговорных и просторечных глаголов русского языка / Каз.Нац. ун – т им. Аль – Фараби . – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 173 с
19. Аяпбергенова К. Қазақ тіліндегі медицина лексикасының семантика тәсілімен оқытылуы// Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы – 2008. № 2.- 3 – 7 б
20. Қазақша – орысша фразеологиялық сөздік.Х.Қ.Қожахметова, Р.Е. Жайсақова, Ш.О.Қожахметова, // АЛМА – АТА «Мектеп» 1998, 220б
21. Қазақ мақал – мәтелдері/Казахские пословицы и поговорки, АЛМАТЫКІТАП 2007, 270 б
22. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Алматы: «Дайк Пресс» 2008

References:

1. Benesova G. Kazakh lexicographica: scientific foundations of dictionary brld.
2. Dubois J., Dubois C. Introduction a la lexicographie. – 1971. – P ., 1971. 171с
3. Morkovkin V. V. Fundamentals of the theory of educational lexicography:the Electronic edition, 1990. 110 p.
4. I. Bukin Russian – Kyrgyz range and the Kirghiz – Russian dictionary. Kazan, 1889. 124 p.
5. Apresian Y. D. a Synonym and Synonymy// problems of linguistics . – 1969,- p. 337
6. R Tsepliaeva. Lexicographies in Kazakh: dictionaries the structure of the small Eld: Phil. Scientific. Cand. Avtoref. – Almaty , 2007.24.
7. E Isova.And, "dictionary of the language system Ideographically megareg", 2011 Kostanay, 149
8. A. Islamova. Data transfer path lexicographically foreign words//.And.Yasavi international Kazakh – Turkish University named after Shakarim
9. N Musabaev. Modern Russian language (vocabulary)// problems of linguistics . – Almaty : Arys, 2008 .- Page 79 -203
10. Sakova. L. G. etc. and Illustrative thematic dictionary of the Russian language. – Moscow: Rus.lang., 1989
11. Khasanov N. Semantic fields // the Search. Series of humanitarian Sciences. – 1996 . – N5. – 23
12. F. de Saussure. The course in General). – M., Editorial. URSS, с 2004.272
- 13.Kazakh – Russian, Russian – Kazakh dictionary for students with a grammar Supplement with Russian language of instruction, Kokshetau "KELESHEK – 2030" , с 2009,187
- 14.The school Russian – Kazakh dictionary, Alma – ATA: Rauan,1990. – 320 с,
15. The Anglo – Russian thematic dictionary , "Aarman Dom pechati, 2008 Astana, 295б
16. A. kairbekova: Kazakh language Textbook for 3rd grade of secondary schools with Russian language of instruction, Almaty Atara" 2010, 239с Candidate of philological Sciences, thesis . Almaty, 2008, 132
17. Sakova. L. G. etc. and Illustrative thematic dictionary of the Russian language. – Moscow: Rus.lang., 1989
18. And. Yuryev.N. Thematic dictionary of conversational and colloquial verbs of the Russian language / Rus.NAT. Univ they. Al – Farabi . – Almaty: Kazakh University, 2003. – 173 S.
19. Ayapbergenova K. the Teaching of medicine in the Russian language the way the semantics of the vocabulary// Bulletin KazNPU named after Abai. A series of pedagogical science– 2008. № 2.- 3 – 7 б
20. Kazakh – Russian phraseological dictionary.X. G. Kozhahmetova, R. E. Geisow, Kozhakhmetov S. O.// ALMATY, "Mektep", 1998, 220б
21. In Kazakh Proverbs and sayings/Proverbs and sayings in Kazakh, EKSMO 2007, 270 p.
22. T. Zhanuzakov. Explanatory dictionary of the Kazakh language, Almaty: dyke-Press, 2008

Автор туралы мәлімет

Мұханбетжанова А.Р. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының оқытушысы, Байтұрсынов көшесі 47, 87145521649, 87758225404, e-mail: muhamedzhanova_90@mail.ru

Муханбетжанова А. Р. – преподаватель кафедры журналистики коммуникационного менеджмента Костанайского государственного университета имени А.Байтурсинова, ул. Байтурсинова 47, 87145521649, 87758225404, e-mail: muhamedzhanova_90@mail.ru

Muhanbetzhanova A.R - teacher of the department of journalism and communication management of Kostanay State University named after Akhmet Baytursynov. 87145521649, 87758225404, e-mail: muhamedzhanova_90@mail.ru

УДК 070(574)

СҰХБАТ ТУРАЛЫ СӨЗ

Мұқатов Н. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты.

Бұл ғылыми, зерттеу мақалада сұхбаттасу, әңгімелесу хақында сөз қозғалып тұр. Радио және теледидар саласында істеген кездегі біраз уақыт бойы мазалаған көкейтесті мәселелердің орайын тауып орынды сөз қозғалып тұр. Бұқаралық ақпарат құралдарын зерттеуші Қазақстандық ғалымдардың пайымды теориялық пікірлерін алға тарта отырып, республикалық, облыстық теледидар хабарларын жан жақты талданып отыр. Негізінен сұхбатты жоғары талап, кәсіби шеберлік деңгейінде жүргізу қызметіне тоқталады. Журналист, жазушылар Сұлтан Оразлин, Кемелбек Шаматаев, Дінәш Нұрмұханбетовтардың эфирден шебер сөйлеу мәдениетін, өзіндік өрелі көзқарастарын, тіл шеберліктерін, ойлау қабілеттерін сөз етеді. Сонымен бірге республика, облыс телеарналарында кездейсоқ адамдардың, әншілердің білек сыбана хабар жүргізе бастағанын, олардың дастархан басындағы әңгіме мен экрандағы сөзді мүлде шатастырғанын ашына айтады. Қазіргі таңда осы жанрэкраннан жиі көрінеді. Өзекті өртер өкініш сұхбат жүргізу барысында негізгі тақырыптың толық ашылмайтыны, сауал мен жауаптың өзара үндесіп, байланыспайтыны көрермен тарапынан сенімсіздік тудыратыны ғылыми еңбекте дұрыс көрсетілген.

Автор әзірленген материалдарға нақтылы, нанымды шолу жасап, жемісті жетістіктерін, сонымен қатар кейбір кемшілік тұстарын айқындап дәлелдейді. Турасын айту керек сұхбат туралы сөз бүгін де, ертең де, одан кейін де мағынасын жоймайтын тақырып. Аталған еңбектің жас журналистер үшін әдістемелік құрал ретінде атқаратын қызметі өте ауқымды.

Негізгі сөздер: әңгімелесу, радио және теледидар, ғылыми еңбек, әдістемелік құрал

СЛОВО ОБ ИНТЕРВЬЮ

Мукатов Н. - кандидат филологических наук, ст.преподаватель Костанайского государственного университета имени А.Байтұрсынова

В этой научно-исследовательской статье речь идет об интервью. Сделан обзор материалов, которые были опубликованы, прозвучали в печати, на радио и телевидении. Наряду с положительными характеристиками радио и телевидения показаны и недостатки за 50 лет журналистической работы. Ссылаясь на высказывания казахстанских ученых был сделан анализ материалов и передач республиканского и областного телевидения. В основном было уделено большое внимание написанию качественного интервью, отвечающие профессиональному мастерству журналиста. Рассматриваются особенности журналистов и писателей, как Султан Оразалин, Динаш Нурмуханбетов, Кемелбек Шаматаев, и др. Поднимается вопрос случайных ведущих программ телевидения, так называемых звезд казахской эстрады, которые не могут разобратся в особенностях разговорной речи и передачах с голубого экрана. Во многих случаях не находят равновесия вопросы и ответы. Зритель не всегда доверяет ведущему.

В статье в обзоре подготовленным телепередачам приводятся конкретные примеры, указывает на недостатки. Слово о интервью есть и сегодня, продолжится и завтра. Названный труд для молодых журналистов послужит как методическое пособие.

Ключевые слова: интервью, радио и телевидение, научный труд, методическое пособие

SPEECH ABOUT THE INTERVIEW

Mukatov N. – Candidate of Philological Sciences, senior teacher of A.Baitursynov Kostanay State University

The article is about the interview. The review of the materials published in newspapers, issued on the radio and television has been made. Along with the positive features of the radio and television for 50 years of time-being, the drawbacks are also indicated. With the reference to the statements of Kazakh scientists, the analysis of the materials and programmes of the Republican and local television was conducted. In general, most of the attention was paid to writing a quality interview, corresponding to professional masterpiece of a journalist. The article considers the peculiarities of journalists and writers, such as Sultan Orazalin, Dinash Hurmukhanbetov, Kemelbek Shamatayev and others. There is also an issue of so-called stars of Kazakh stage, who do not know the peculiarities of conversational speech in the context of TV

programmes. In many cases the questions and answers do not meet the equilibrium. The spectator does not always trust the show presenter.

The review of TV programmes prepared contains certain examples, indicates drawback. Speech about the interview exists today, and will continue to do so tomorrow. The above mentioned work will be the textbook of methodics for young journalists.

Keywords: interview, radio and television, scientific work, textbook of methodics

Журналистік қызметте тапжылмастан елу жыл жұмыс істеген тәжірибелі қаламгер ретінде көкейді өзекті жайлар ұдайы мазалайды. Сондай сәтте ылғи бір сүйініш, бір күйінішке тап боламын. Дәлірек, нақтырақ айтсам да еш артықшылығы жоқ. Бірінші сүйініш әріптестердің кәсіби шеберлік тұрғысынан әбден төселіп, жетіліп, өскендігі. Әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарының ішіндегі ең қуатты, ең пәрмендісі радио және теледидардың заман ыңғайына бейімделген, қызмет көрсетуге өте лайықты жаңа техникалармен жан-жақты қарулануы. Екіншісіне де жеңіл желпі қарауға мүлде болмайды, бұл да аса маңызды. Неге екенін білмеймін, арнайы жарияланған жарлық, қабылданған шешім, шығарылған бұйрық болмаса да журналистикадағы басты-басты жанрлардың зымқайым, құрдымға кетіп, көзден ғайып боп жоғалуы. Қазіргі таңда өзіне тән жоғары талапқа сай оймақтай, отты, көркем очерктерді, ретті, риясыз сендіретін оқиғалы репортаждарды, кейіпкер бейнесін қаз-қалпында көз алдыға елестететін, шебер жазылған суреттемелерді, қоғамдағы жат әрекеттерді мінеп, сыннайтын, өткір тілді, нақтылы деректерге құрылған фелъетондарды пәлендей ұшырата бермейсіз. Мәселен радио, теледидардағы бағдарламалардың дені қоғамдық, әлеуметтік маңызға ие ақпараттар, сондай-ақ өзара әңгімелесу, ашық сұхбаттасу үлгісінде өзірленеді. Және бұл хабарлардың көпшілік бөлігін журналистикадан түк мағлұматы жоқ, сәл сөзге икемді, тіпті әнші, әртістердің шала – шарпы, жүйесіз, солғын жүргізетінін айтсақ, сапа хақында лебіз қозғаудың өзі ұят. Орнын толтыру өте қиын болып тұрған басты кемшілік әлгі жүргізуші сымақтардың дастархан басындағы әңгіме мен көгілдір экрандағы, эфирдегі әңгімені салыстырып, таразыламай, шатастырып алуында десек дұрыс шығар сірә.

Радио журналистика саласын зерттеуші ғалымдардың пікірінше “Әңгіме деген атаудың” арғы тегі баспасөзден басталған көрінеді. Бұл теледидар және радиода ауызекі сөйлеу, сұхбаттасу жанры ретінде берік қалыптасып, үлкен үгіт, нанымды насихаттың күшті құралына айналды. Қазақ халқының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының “Әдебиет танытқыш” деп аталатын кітабында “Сөзден жасап сөз шығару деген жұмыс әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді” деп жазылған.

Газет, журналда еңбек ететін журналистердің деректі іздеу, табу қолдану тәсілдері мүлдем бөлек. Жұмыс барысында олар тіл стилистикасын сақтауға, сөзді, сөйлемді, ойды қайталамауға назар аударады. Сауалдарды, жауаптарды сауатты, сұлу, мәнді етіп жазып шығаруға баспасөз қызметкерлерінің уақыты әрқашан жеткілікті.

Радио, теледидардағы қазақ журналистері ең бірінші туған тілдің байлық қорынан нәрленгені жөн. Кейде хабар жүргізуші қанша талпынып, тер төгіп, шеберлігін жұмсаса да студияға келіп отырған адам тілге шорқақ болса тақырып толық игерілмейді әрі бағдарлама тұтастай дұзсыз, нәрсіз болуы әбден мүмкін. Осы жерде саясаттанушы Мұхит Асанбаевтың “Қазақ әдебиеті” газетінде 2013-жылы қыркүйек айының 27-жұлдызында жарық көрген “Дәстүр және жан азығы” деген мақаласы ойға оралады. Онда “Орысқұл дегеніміз орыс болайын десе түрі келмейтін, қазақ болайын десе тілі келмейтін дүбәрелер” деп жазылған екен. Дөп айтылған. Республиканың радио, теледидар хабарларына қатынасып, қазақша бағдарламаларда орысша сайрайтын қандастарды аударып, әлекке түсудің қаншалықты тиімді екенін түсіне алмай жүргеніміз өзекті өртейтін өкініш.

Филология ғылымдарының докторы, радиожурналистика саласын зерттеуші көрнекті ғалым Намазәлі Омашұлының “Күнделікті радио хабарлар бағдарламасында радио әңгімелесу, сұхбаттасу жиі пайдаланылады. Оның көтерер жүгі мол болғандықтан қойылатын талаптар да өзгеше: шебер сөйлеу, тіл құнарлылығы, айтар ойдың анықтығы, шын көңілден шыққан, тыңдаушысын бірден баурап алатын сыр сұхбат іспетті, еркін әңгіме болуы тиіс” деп жазған пайымдауын бірден қолдаймыз. Ал белгілі журналист, талантты қаламгер, баспасөз ардагері Сабыржан Шүкірұлы өзінің 2014-жылы Алматы қаласынан жарық көрген “Бекзат болмыс” кітабында “Сөз ізгілікке жұмсалса жақсылыққа бастайды, теріс пиғылға бағытталса жамандық шығады. Тіл мәдениеті көп мәнді, үлкен ұғым” деп ой түйеді. Қарымды қаламгердің шын ниеттен ағынан ақтарыла айтқан пайымдауы үнемі әріптестердің жадында жүруі тиіс.

Кәсіби шеберлік деңгейіндегі сұхбаттар бар әрине. Көрнекті қаламгерлер Шерхан Мұртаза мен Камал Смайыловтың ел, жер, адам, ұлт тағдыры хақында сөз қозғаған республикалық басты басылымдағы ой – пайымдары жас журналистер қауымына дәріс мектебінің кезекті сабағы іспетті. Қазақ теледидарында Сағат Әшімбаев жүргізген “Қарыз бен парыз” хабары жоғары кәсіби шеберлік тұрғысында дайындалуымен әрі тағылымы терең мәселелерді түбірінен түртіп, қозғауымен ерекшеленді. Жазушы Ақселеу Сейдімбек пен әнші Жәнібек Кәрменовтың экран ажарын ашып берген халық саздары жайлы циклдық хабарларын кім ұмытар. Бұл бағдарлама мәтінінен, режиссер шешімінен, экранға берілу үлгісінен қанша үңілсеңіз де титтей мін таппайсыз. Жүргізуші де, хабарға қатынасушы

табиғи талант иесі де сауал мен жауаптың ең озық үлгісін көрсетеді. Жәнібектің жүрек түкпіріне тез жайғасатын әуезді әнінің құдіреті тіпті ғажап. Сирек болса да бұл хабар кейде теледидардың алтын қорындағы құнды қазына есебінде қайталанып беріледі. Көркемдік дәрежесі күшті, мазмұны мағыналы осы хабарды әлі де көре беруге ынталымын. Белгілі журналистер, ақын жазушылар Сұлтан Оразалиннің, Кемелбек Шаматаевтың, Дінәш Нұрмұханбетовтың, Дүйсенбек Қанатбаевтың ақсақал ақын жазушылар, ұлы Абайдың қара сөздері туралы әзірлеген сұхбаттары кезінде радио тыңдармандары, теледидар көрермендері тараптарынан жоғары бағаланғанын жақсы білеміз.

Алдымен Сұлтан мырзаның журналистика саласындағы, шығармашылық бағыттағы іркіліссіз ізденісі хақында айтайықшы. Теледидар редакциясы нұсқау берді ме, әлде автордың өз жобасы ма, қалай десек те саликалы сұхбаттар жүйелі жоспарланып, экран ажарын ашқанында әрине, дау жоқ. Журналист Оразалин қазақ қаламгерлерінің денімен көзі тірісінде сұхбат құрып қалуға бекем бел буған. Және ол мақсат-мүддесі толық орындалғанына алтын қордағы маңызды теледидар хабарлары куә. Сұлтан Оразалин талантты жазушылар Ғабиден Мұстафин, Тахауи Ахтанов, Ілияс Есенберлиндермен асқақ Алатаудың таңғажайып табиғаты, ақ қайыңдар арасында ашық түрде сырласады. Ең басты ерекшелігі журналист көркем сөз шеберлерінің жарық көрген кітаптарын, шығармаларының аттарын, көтерген тақырыптарын жіпке тізіп шығудан мүлде аулақ. Оның есесіне тәңірдің өзі асқан таланты сыйлаған жазушылардың жан дүниелеріне тереңірек үңіледі. Жазу тәсіліндегі ішкі құпия құлыптарының кілтін табады. Жаттанды сауалдардан қашуға тырысады. Сөйтіп, көрермен қауым көбірек білгісі келген жайларды ақтарады. Былайша айтқанда осы сұхбаттар арқылы жұртшылық халықтың зор ризашылығына бөленген кітап авторларының жан сарайларын еркін аралағандай ғажайып күй кешеді. Шынымызды айтайық осы бағдарламалар экраннан неше мәрте қайталанып берілсе де ешкім тамашалаудан жалықпайды. Бұл кәсіби тұрғыдан қарағанда сұхбат жүргізудің озық үлгісі деуге әбден болады.

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев мұралары алтыннан асыл қазына, яны түгелдей зерттеп, зерделеп болдық деуге ешқандай хақымыз жоқ. Қазақ радиосы бұдан біраз жылдар бұрын осы біртуар жанның, ақиық ақынның қара сөздерін кеңінен насихаттау бағытында ерекше сүйсінерліктей шығармашылық жұмыс жасады. Әсіресе талантты журналист Кемелбек Шаматаев қиындығы жеткілікті, жауапкершілігі өте үлкен іске батыл барды. Қаламгер алып Абай кітаптарын күнде қолтықтап жүріп, әр сөйлемдерінен нақтылы мысал келтіріп, өзі автор ретінде шешіле сөйлесе де жарасар еді. Бірақ автор ондай әрекетпен айналыспады. Журналист ойы ұшқыр, қиялы қанатты мамандықтың иесі емес пе? Шаматаев шабыт шалқарында шалқи жүзіп өзінше өрнек тапты. Кезекті хабарларға филология ғылымдарының докторларын, кандидаттарды, тілжанашырларын, ақындарды, жазушыларды, әдебиет танушыларды шақыра отырып Абайдың қара сөздерін шетінен тереңнен талдады. Және жеңіл, желпі емес, берік, сенімді идея тұрғысынан. Ұлы Абай сөздерінде айтылған ойларды қазіргі заманның кескін келбеті, көріністерімен саликалы сабақтастырды. Киелі сөзді қадірлей білетін әрбір радиотыңдаушы бұл хабарларға зор ынта ықыласпен құлақтарын тосты. Редакцияның лездемелерінде жоғарғы бағаға ие болған циклды хабарлардың авторы, журналист К. Шаматаев Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының иегері атанды.

Торғай облыстық радиосында жетпісінші жылдары қызмет істеп жүрген кезімде журналистиканың барлық жанрларына қалам тарттым. Аудан, кеңшар, мекеме, кәсіпорын басшыларының талайымен және озат дәрігер, озат ұстаз, озат құрылысшы, озат кеңші және басқа да мамандық иелерімен сұхбаттарды жүргіздім. Тәуір бағаланды. Сол жылдары облыстық радионың қазақ редакциясын журналист, жазушы Қойшығара Салғараұлы басқарды. Солғын сұхбаттары үшін Мырзабек есімді әріптеске жиі ескерту жасағанына сан мәрте куә болдым. Редакция жетекшісі эфирге әзірленген сапалы, мазмұнды хабарларға ғана қолын қойып рұқсат етті. Нашарларына үңіле шүйлікті. Бір жолы бас редактор журналист Мырзабектің құрылыс мекемесі басшысымен жүргізген сұхбатын ұнатпады. Қызыл қаламмен сызды- ай келіп. Ойлан, дұрыстап жаз, мәнерлі сөйлеуге тырыс деп материалды авторға қайтарды. Ақыры әрі қиналып, бері қиналып құрылыстағы озат бригадирмен қайтадан сұхбат құрды. Бұл хабары алдыңғыға қарағанда мазмұнды әзірленді. Сауалдары да жүйелі. Содан соң радио журналист сұхбат жүргізуге барарда көп толғанып, көп әзірленіп, деректерін реттеп, сөйлеушімен сан мәрте дайындық жүргізіп барып сұхбатты үн таспаға жазуға дағдыланды.

Сұхбат тікелей эфир арқылы да жүргізіледі. Бұл өте жауапты жұмыс. Аталған хабарды экранға шығару үшін кәсіби шеберлік міндетті түрде қажет. Экран, эфирден айтылған сөз қос қанатты құс сияқты ұшып кетеді. Ешқашан ұстай алмайсың. Сондықтан хабар жүргізуші экранда, эфирде өзін салмақты ұстап, асып саспай, байыпты сөйлеп, әр сөзге, сөйлемге немқұрайлы қарауға болмайтынын сезінгені жөн. Сонда ғана бағдарлама көркем әзірленеді әрі тыңдаушы, көрермендер асқан ризашылық ілтипатқа бөленеді. Жалпы алдын ала бейне, үн таспаға жазылған материалдарға қарағанда тікелей эфир, экраннан хабар жүргізу әлдеқайда жауапты және қызық.

Сұхбатқа ат үсті қарау әбестік. Кез келген журналист қызметіне кіріспес бұрын хабардың қай жанрға жататынын айқындап, оған қойылатын негізгі талапты ұмытпауы керек. Яғни бағдарламаны әзірлеу барысында оның қоғамдық, әлеуметтік маңызы бірінші кезекте назарда ұсталынса іс оңға басқаны дей беріңіз. Туған тілді еркін меңгеру, деректердің дәлдігі, нақтылығы, тақырыптың таяз бол-

мауы, толық ашылуы, сауалдардың сауатты, мәдениетті қойылуы басты шарт. Осы жерде Қостанай облыстық ішкі істер басқармасының бастығы, милиция генерал-майоры Қайрат Дүйсенбиннің қынжыла, қинала айтқан әңгімесі ойыма оралып отыр. Бірде басшының қызмет бөлмесіне Қостанай теледидарының журналисі бас сұғып, сұхбат алмақшы бопты. Генерал столының үстіне микрофонды қойып, өзіңіз жарты сағаттай сөйлесеңіз жетеді деген көрінеді әлгі тілші. Сұрақ қоймайсыз ба депті басшы. Айта беріңіз, сауалды артынан монтаж кезінде қосамын ғой десе керек. Өйтіп-бүйтіп екеуі шаруаны тындырыпты. Журналистке, сұхбатқа қойылатын талап деңгейінен зер салсақ, дәл осы үлгіде хабар әзірлеу әлсіздікті, дәрменсіздікті, қабілетсіздікті танытатынын анық байқаймыз.

Республикалық телеарналардағы саңырауқұлақтай қаптаған әншілер жүргізетін хабарлардағы сұхбаттарға көңіл толмайды. Жергілікті “Қазақстан-Қостанай”, “Алау” телеарналарының кей хабарлары кемшіліктен арыла алмай жүр. Сұхбатқа алынған тақырып толық ашылмайды. Сұрақ пен жауап арнасында берік байланыс жоқ. Жалпы көрермен сұхбат арқылы белгілі бір кейіпкердің ішкі жан дүниесі іс әрекетімен, ұжым, кәсіпорындардың нарық кезеңіндегі тынысымен, сондай-ақ тұтастай тәуелсіз мемлекеттің, президенттің жүргізіп отырған салмақты саясатымен жан-жақты танысады, өзінің рухани азығын байыта түседі. Және бір мәселені ақиқат мінбесінен айта кетсек, тәжірибелі журналистке де, жас тілшіге де қойылатын талап бірдей, ортақ. Яғни кім автор болса да эфирге мәтіні мағыналы, ойы анық, идеясы түсінікті хабарлар бірден жолдама алуға тиіс.

Samambet Mansiya Muratkyz - postgraduate student of A. Baitursynov Kostanai state University, Kostanai, Baimagambetov St. 168, ap.68, tel. 87058323207, e-mail: msamambet@gmail.com

УДК 821.111

ЖАНР ПОСТАПОКАЛИПТИКИ И ТЕМАТИЧЕСКОЕ И КОМПОЗИЦИОННОЕ СВОЕОБРАЗИЕ РОМАНА ДЭВИДА МИТЧЕЛЛА «ОБЛАЧНЫЙ АТЛАС»

Самамбет М.К. – к.ф.н., профессор, Костанайский государственный университет им. А.Байтұрсынова

Самамбет М.М. – магистрант, Костанайский государственный университет им. А.Байтұрсынова

Дэвид Митчелл – талантливый английский писатель-постмодернист, третьим романом которого является «Облачный атлас». Это произведение позиционируется на современном этапе как интеллектуальный бестселлер, в котором автор демонстрирует чудеса писательского мастерства. Роман имеет необычную структуру, автор, как это характерно для постмодернизма, ведет своеобразную игру с читателем. Постмодернистская игра в романе Митчелла реализуется на нескольких уровнях. В первую очередь, это игра с формой и жанрами. Митчелл пишет не одну книгу, а шесть, воплощая один и тот же мотив в канонах того или иного литературного жанра. Причем подает истории различными формами – как дневник, как переписку, как интервью, мемуары, как фантастический рассказ, действие которого происходит после апокалипсиса.

В статье показано тематическое и композиционное своеобразие романа Дэвида Митчелла «Облачный атлас» и проведен анализ шестой последней истории романа. Эта история является центральной, ее можно назвать осью, по разным сторонам которой располагаются остальные пять истории.

Автор использует жанр постапокалиптики, жанр научной фантастики, действие которой разворачивается после апокалипсиса, могущего иметь разные формы.

Ключевые слова: постмодернизм, постмодернистская игра, жанр, композиция, апокалипсис, постапокалипсис.

ПОСТАПОКАЛИПТИКА ЖАНРЫ ЖӘНЕ ДЭВИД МИТЧЕЛЛДІҢ «БҰЛТ АТЛАСЫ» РОМАНЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖӘНЕ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШІЛІГІ

Сәмәмбет М.Қ. – ф.ғ.к., профессор, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Сәмәмбет М.М. – магистрант, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Дэвид Митчелл – талантты ағылшын постмодернист – жазушы, «Бұлт атласы» романының авторы. Заманауи сатыда бұл шығарма автор жазушылық шеберліктің ғажайып қырларын көрсететін интеллектуалды бестселлер ретінде қабылданады. Романның құрылымы әдеттен тыс, автор, постмодернизмге тән оқырманмен өзіндік бір ойын жүргізеді. Митчеллдің романында постмодернистік ойын бірнеше деңгейде іске асады. Ең алдымен, бұл форма және жанрмен ойын. Митчелл бір емес, алты кітапты бір себепті бірнеше әдеби жанрлар арқылы іске асырып жазады. Соған қарамастан оқиғаны әр түрлі формалармен – ақыр заманнан кейін болып жатқан іс – әрекеттерді күнделік, хат жазысу, сұхбаттасу, мемуарлар, фантастикалық әңгіме ретінде береді.

Мақалада Дэвид Митчеллдің «Бұлт атласы» романының өзіндік тақырыбы мен құрылымы және соңғы алтыншы оқиғаның талдауы берілген. Бұл оқиға басты болып келеді, бұны, қалған бес оқиға жан – жағынан қоршаған ось деп атаса да болады.

Автор постапокалиптика, яғни ғылыми фантастика жанрын қолданады, іс – әрекет ақыр заманнан кейін жүзеге асады.

Негізгі ұғымдар: постмодернизм, постмодернистік ойын, жанр, құрылым, апокалипсис (ақыр

заман), постапокалипсис (ақыр заманнан кейінгі). ақыр заман, постапокалипсис.

THE POST-APOCALYPTIC GENRE AND THEMATIC AND COMPOSITIONAL PECULIARITIES OF DAVID MITCHELL'S NOVEL «CLOUD ATLAS»

Samambet M.K. – Candidate of Philology, professor, A. Baitursynov Kostanai state University

Samambet M.M. – postgraduate student, A. Baitursynov Kostanai state University

David Mitchell – a talented English post-modernist writer the third novel of whom is «Cloud Atlas». At the present moment this book is positioned as an intellectual bestseller, in which the author exhibits his mastery as a writer. The novel has an unusual structure; the author, as it is characteristic of postmodernism, gets into a peculiar game with the reader. Postmodernist game in the novel by David Mitchell is realized at different levels. First of all, this is connected with the form and genres. Mitchell's book is not one story only. There are six stories which have a recurrent theme throughout different genres of the literary composition. The six stories are presented in different forms as a diary, as correspondence, as interview, memoirs and a fantastic story, the action of which takes place in post-apocalypse.

The article shows thematic and compositional peculiarities of the novel by David Mitchell «Cloud Atlas» and it is also dedicated to the analysis of the fourth part. This story is the central one, it is a kind of axis around which the remaining stories are situated

The author uses the genre of post-apocalyptic literature, the genre of science fiction in which the action takes place after apocalypse that may have different forms

Key words: postmodernism, postmodernist discourse, genre, composition, apocalypse, post-apocalypse

Шестая история романа «Sloosha's Crossin' An' Ev'rythin' After» «Переправа возле Слуши и все остальное» повествует о далеком постапокалиптическом времени. Место действия Большой остров на Га-Уае. Жанр истории можно определить как постапокалиптический.

Постапокалиптика – жанр научной фантастики, действие которой разворачивается после апокалипсиса, могущей иметь разные формы, например, глобальная катастрофа [1, р.30] [2, р. 34] [3, р. 40]. В этом романе апокалипсис обозначен словом «the «Fall» – Падение.

Жанр возник в английской литературе давно; еще 1826 Мэри Шелли написала роман «Последний человек»; классическим постапокалиптическим произведением считается роман Ричарда Джеффериса «После Лондона», Герберт Уэллс известен своей книгой «Война в воздухе» [2, р. 1055-56].

Роман Мэри Шелли повествует о мире будущего, пораженном эпидемией. В свое время роман не был принят, забыт и интерес был проявлен только во второй половине XX столетия [2, р. 894].

В романе Ричарда Джеффериса «После Лондона», написанном в 1885 году, действие происходит через тысячу лет после катастрофы, и начинается период варварства [2, р. 506].

Научно-фантастический роман Герберта Уэллса «Война в воздухе», опубликованный в 1908 году, предсказал возможность мировой войны, воздушных боев и бомбардировок городов [2, р. 1055-56].

Современная английская литература внесла свой вклад в дальнейшее развитие этого жанра. Не в стороне оказался и Дэвид Митчелл, также создавший свой вариант постапокалиптического произведения в шестой части романа «Облачный атлас» [4, с.329-426].

Роман «Облачный атлас» был написан в 2004 году [4] [5]. Он состоит из следующих частей:

1. Тихоокеанский дневник Адама Юинга
2. Письма из Зедельгема
3. Периоды полураспада: Первое расследование Луизы Рей
4. Страшный Суд Тимоти Кавендиша
5. Орizon Сонми-451
6. Переправа возле Слуши и все остальное Орizon Сонми-451
7. Орizon Сонми-451
8. Страшный Суд Тимоти Кавендиша
9. Периоды полураспада: Первое расследование Луизы Рей
10. Письма из Зедельгема
11. Тихоокеанский дневник Адама Юинга

Как видно, первые пять историй повторяются, первая имеет продолжение в одиннадцатой, вторая в десятой, третья в девятой, четвертая в восьмой, пятая в седьмой и только шестая история, занимающая в композиции романа центральное положение, не имеет продолжения. Время действия имеет следующую направленность – действие начинается в прошлом, движется к настоящему, описывает будущее и идет в обратном порядке – будущее, настоящее, прошлое. Роман имеет своеобразную рамочную композицию.

Связь между историями романа идет через главных героев каждой из последующих историй, которые каким-нибудь образом связаны с главным героем предыдущей истории. Эти главные действующие лица – американский нотариус Адам Юинг, чей дневник читает молодой композитор Фробисер, чьи письма к другу читает журналистка Луиза Рей, чью книгу читает издатель Тимоти Кавендиш, фильм по чьей книге поставлен смотрит клон Сонми, чей горизонт оказывается в руках козопаса Закри.

Главный герой этой истории козопас Закри, рассказывающий о временах своей юности. Время действия далекое будущее народов Долины, которые пережили какую-то глобальную катастрофу, вернулись к родоплеменному строю и языческим божествам. «Valleysmen only had one god an' her name it was Sonmi... She lived 'mongst us, minderin' the Nine Folded Valleys. Most times we cudn't see her, times was she was seen, an old crone with a stick, tho' I sumtimes seen her as a shimm'rin' girl. Sonmi helped sick uns, fixed busted luck, an' when a truesome'n'civ'lized Valleysman died she'd take his soul an' lead it back into a womb somewhere in the Valleys.» [5] – «У людей Долин есть то'ко один бог — богиня, к'тую зовут Сонми... Она жила среди нас, присматривая за Девятью Долинами. Большую часть времени мы ее не видели, временами она была видима, такая морщинистая старуха с клюкой, но иногда она представала п'редо мной в виде мерцающей де'ушки. Сонми помогала больным, исправляла испортившуюся удачу, а г'да умирал кто-то верный-цив'лизованный, она брала его душу и вела ее обратно в чью-то матку где-ни'удь в Долинах.» – говорит Старый Закри [4, с.338]. Жизнь людей Долины очень примитивна, очень короток их срок жизни, старому Закри всего-навсего 49 лет. «Now you people're lookin' at a wrinkly buggah, mukelung's nibblin' my breath away, an' I won't be seein' many more winters out, nay, nay, I know it. I'm shoutin' back more'n forty long years at myself, yay, at Zachry the Niner, Oy, list'n! Times are you're weak 'gainst the world!» [5] – «Теперь вот вы смотрите на морщинистого хмыря, легкие у меня опрели, и эт' потихоньку отбирает у меня дыхание, так шо немного еще зим я увижу снаружи, не, не, я эт' знаю. Кричу вот через больш' чем сорок лет себе самому, Закри-Девятилетке, Эй, слушай! Времена теперь такие, шо ты слаб против мира!» [4, с.335]. На Большом острове остались артефакты погибшей цивилизации: «The school'ry room was touched with the holy myst'ry o' the Civ'lize Days. Ev'ry book in the Valleys sat on them shelves, saggy'n'wormy they was gettin' but, yay, they was books an' words o' knowin'! A ball o' the world there was too. If Hole World is a giant big ball, I din't und'stand why people don't fall off it an' I still don't.» [5] – «Комната школьной была тронута этой святой тайной Цив'лизованных Дней. Все книги, найденные в Долинах, стояли там на полках, делалис' они истрепанными-изъеденными, ей, но эт' были книги и слова знанья! Еще там был шар мира. Если Весь Мир был огромным-большим шаром, я не п'нимал, поч'му люди с него не падают, и до сих пор не понимаю.» [4, с.341].

Кроме выживших после Падения мирных фермеров есть еще враждебное им варварское племя раскрашенных дикарей Конов. Дважды в год, в середине весны и осени, когда день и ночь одинаково долгие к ним заходит Корабль Предвидящих. Корабль не имел ни весел, ни парусов, им «двигала смекалка Древних» [4, с.343]. Племя, которое жило на Корабле, называлось Предвидящими и прибыли они с острова Предвидения. Предвидящие отличались от людей Долин «Shipwomen too was man-some, see, their hair was sheared, not braided like Valleyswomen, an' they was wirier'n'strong. Their skins was healthy'n'smooth without a speck o' the scabbin', but brewy-brown'n'black they was all of 'em, an' they looked more alike'n other people what you see on Big I» [5] – «К'рабельные женщины очень походили на мужчин, вишь, волосы у них были острижены, а не заплетены, шо у женщин Долин, и были они жилистыми-сильными. У каждого из них была здоровая-гладкая кожа, без единого пятнышка парши, но все они были коричневыми-черными и больше походили друг на друга, чем другие люди, к'рых видишь на Большом острове.» [4, с.343]. Когда Закри исполнилось шестнадцать лет на Большой остров прибыла Предвидящая по имени Мероним. Волею случая она поселилась в жилище Закри, который невзлюбил ее. Толпы посетителей стали приходит к ним домой, чтобы посмотреть на Мероним, и задавали ей различные вопросы. Их интересовало многое и в особенности, что приводило в движение Корабль Предвидящих. Они впервые услышали слова «термоядерный двигатель»; что эти слова значили, они не поняли, но не просили объяснить, чтобы не выглядеть варварами или тупицами. Когда они узнали, что ей пятьдесят лет, они были потрясены. Это показалось им пугающим и неестественным: «Norm'ly by forty we're prayin' Sonmi to put us out o' misery an' reborn us quick in a new body» [5] – «Обычно к сорока мы умоляем Сонми избавить нас от мучений и поскорее родить снова в новом теле» [4, с.350].

Мероним живет среди них, как и все они, помогает, выполняет разную работу, старается узнать все о жителях острова, их обычаях, образе жизни. Закри это не нравится, он шпионит за ней, однажды он роется в ее вещах и обнаруживает там серебристое яйцо, в котором он увидел девушку-призрак. Затем в яйце появился Предвидящий и сказал, что это яйцо называется «orison» - «горизонт». Неприязнь Закри к Мероним прошла, когда, благодаря ее бирюзовому снадобью, сестренка Закри выздоровела после смертельного укуса рыбы-скорпиона.

Мероним решила подняться на вершину Мауна-Кеа, опасное, запретное место. Все предостерегали ее от этой затеи, советовали держаться подальше от обиталища Старого Джорджи, охотника за душами людей. Но Мероним объяснила, что восхождение на вершину необходимо для состав-

ления нужной карты. После случая с выздоровлением сестренки Закри решил помогать Мероним. Подъем был труден, пребывание наверху не менее легким. За оградой, о которой рассказывалось в предании о Трумене Нейпере, оказались храмы. И Закри, и Мероним были изумлены от увиденного. Это была древняя обсерватория, с «mighty tube wider'n a man an' longer'n five what Meronym named a *radio tel'scope* what was, she said, the furthest-seein' eye Old Uns ever made.» [5] – «могучей трубой, к'торая была больш' человеческого роста в ширину и больш' пяти в длину и к'торую Мероним назвала радиотел'скопом, сказав, шо это был самый дальнзоркий глаз, изготовленный Древними.» [4, с.381]. Это были остатки былой цивилизации. На вопрос Закри, кто учинил Падение, Мероним ответила, что Смекалка Древних могла справиться с болезнями, расстояниями, совершала различные чудеса, но не могла справиться с жадой, живущей в людских сердцах, с жадой большего. «*Old Uns'd got ev'rythin'. Oh, more gear, more food, faster speeds, longer lifes, easier lifes, more power, yay. Now the Hole World is big, but it weren't big 'nuff for that hunger what made Old Uns rip out the skies an' boil up the seas an' poison soil with crazed atoms an' donkey 'bout with rotted seeds so new plagues was borned an' babbits was freak-birtherd . Fin'ly, bit'ly, then quicksharp, states busted into bar'bric tribes an' the Civ'lize Days ended, 'cept for a few folds'n'pockets here'n'there, where its last embers glimmer*» [5] – «У Древних было все! О, большего добра, более вкусной еды, более быстрых скоростей, более долгих жизней, да и более легких... в общем, большей власти, ей. Вишь, Целый Мир, он велик, но он не был достаточно велик для той жажды, к'торая заставляла Древних испарывать небеса, кипятить моря, отравлять почву взбесившимися атомами и возиться со сгнившими семенами, как шо появлялис' новые болезни и бебени рождалис' уродцами. В конце концов государства, сначала постепенно, затем быстро-резко, превратилас' в варварские племена, и дни Цив'лизации окончилис', кроме нескольких складок-кармашков там и сям, где мерцали ее последние угольки.» [4, с.376-77].

Мероним шокирует Закри, рассказав ему, что богиня Сонми на самом деле была человеком, и показывает ему «оризон» – необычное устройство, позволяющее увидеть и услышать Сонми. После возвращения Закри и Мероним с Мауна-Кеа, Долина переживает нападение дикарей Конов, многие были убиты, оставшиеся в живых угнаны в рабство. Закри думает, что дикари сильнее Цивилизованных, на что Мероним отвечает, что большие количества сильнее малых и что смекалка дает преимущества на протяжении многих лет. Закри – простой козопас, но он думающий, ищущий ответа на волнующие его вопросы человек. Мероним разъясняет ему, что «*Civ'lizeds ain't divvied by tribes or b'liefs or mountain ranges, nay, ev'ry human is both, yay. Old Uns'd got the Smart o' gods but the savagery o' jackals an' that's what tripped the Fall. Some savages what I knowed got a beaustome Civ'lized heart beatin' in their ribs. Maybe some Kona. Not 'nuff to say-so their hole tribe, but who knows one day? One day*» [5] – «дикари и Цив'лизованные не разделяются по племенам, аль верованиям, аль горным хребтам, не, каждый человек является и тем, и другим, ей. У Древних была Смекалка богов, но было и дикарство шакалов, шо и привело к Падению. У некоторых дикарей, к'торых я знала, билос' в ребрах прекрасное Цив'лизованное сердце. Такие, может, есть и средь Конов. Их недоста'чно, шоб повелевать всему племени, но, кто знает, может, однажды? Однажды.» [4, с.418-19].

Закри и Мероним с трудом удается бежать с острова.

В заключение сын Закри говорит, что часть невероятной истории, которую рассказал отец, может быть правдой, так как ему достался «оризон» Сонми, которую он часто смотрит, хотя и не понимает её языка.

«Облачный атлас» – роман об истории мира в шести разноплановых, но ладно скроенных друг с другом актов, в котором изображена мозаика цивилизации, живущей по ницшеанскому принципу «сильный бьет слабого», цивилизации, одержимой жадой прогресса и «Смекалки», живущей лишь желанием – получить, потребить, завладеть. Цивилизации катиться в никуда. Здесь Сильные порабощают Слабых, Большинство – Меньшинства, Дикари – Цивилизацию. Здесь борются за равенство – и их распинают. И этот мир отчаянно несется к собственному уничтожению. Первая история – притча о порабощении мирных мариори воинственным племенем маори. Это начало мотив, который будет повторяться, развиваться и видоизменяться.

Своей кульминации он достигнет в истории Сонми, где воплощением порабощения станет Ни-Со-Копрос, чудовищное государство. Мотив порабощения повторится в постапокалиптическом рассказе Закри, где варварское племя раскрашенных дикарей Конов порабощает и уничтожает мирное племя Долины.

«Облачный атлас» – роман о противостоянии героев. Луиза Рей борется с Приморской корпорацией, Сонми-451 сталкивается с корпоратией, от которой «так и разит разложением и слабумием» (448). Несвобода воплощается в разных формах. Для Кавендиша она оказалась заточением в доме престарелых, для Фробишера – отсутствием денег и необходимостью продавать свой талант. Несвобода, поправная невиновность мира, персонифицировалась в эпизодах изнасилования ребенка, описанная в дневнике Адама Юинга и рассказе Закри.

«Облачный атлас» – интеллектуальное произведение в занимательных формах беллетристики. Шесть разножанровых историй, которые переплетаясь между собой, перетекают из одной в другую. Это – по-постмодернистски. В одном из писем Фробишер говорит о Еве, дочери Эйрсов,

помогающей девочке с кошачьей колыбелькой. «Колыбель для кошки» – игра, при которой нитка или тонкая веревочка, надетая на пальцы играющих, складывается в различные узоры. У известного американского писателя-постмодерниста Курта Воннегута есть роман под таким названием. Так роман «Облачный атлас» тоже есть колыбель для кошки, спутанный моток одной цельной нити, чтобы распутать которую, надо приложить интеллектуальные усилия.

Путешествуя из прошлого в настоящее, а затем добираясь до недалекого, а потом очень далекого будущего вместе с героями книги, читатель «Облачного атласа» знакомится и с разными «вариантами» английского языка, с новым его словарным составом. В мире Сонми обувь называется найки, компьютер – сони, настенные часы – ролексом, кинофильм – диснеем. Необычно передана речь Закри, есть интересные языковые находки, передающие особенности речи героя далекого будущего.

Каждая из шести историй романа написана разным языком. В каждой истории чувствуется дух времени, в котором она происходит и энергия того человека, о котором она написана. Привлекает внимание заглавие «Облачный атлас». Атласы есть разные, но нет атласа облаков; за облаками невозможно уследить, они постоянно в движении. Изначально так называлось музыкальное произведение японского композитора, затем опус Фробисера. Еще одно любимое слово автора романа – секстет, не только как музыкальный термин, но и как слова будущего: Канун Секстета – канун Нового года праздника, Секстетные каникулы.

«Облачный атлас» – невероятная симфония, идеальное созвучие шести инструментов, шести судеб. Но главная особенность сюжета романа заключается в том, что совпадают основные точки развития жизненного пути разных людей, происходит непрерывающийся повтор душевных метаний и озарение идеей Вечного возвращения. Каждый из этих людей мечтал что-то изменить. Каждый из них постепенно вносил свою лепту в изменение мира, а следующий принимал эстафету и продолжал это дело. И пока дело не было завершено, душа эта вновь и вновь перерождалась, чтобы менять и менять что-то вокруг. Таким образом, роман, проведя читателя по целой цепочке повторений, и сам возвращается на исходную, подчеркивая цикличность всего происходящего.

Литература:

1. Holman C.Hugh. A Handbook to Literature/ Fourth edition. Indianapolis, 1981, 537 pp.
2. The Oxford Companion to English Literature. Fifth edition. Edited by Margaret Drabble. Oxford University Press, 1985, 1055 pp.
3. Dictionary of World Literature. Criticism–Forms–Technique. Edited by Joseph T. Shipley. The Philological Library. N.Y. 633 pp.
4. Митчелл Дэвид. Облачный атлас: Роман / Дэвид Митчелл; [пер.с англ. Г. Яропольского]. – М.: Эксмо; СПб.; Домино, 2013. – 704с.
5. Mitchell David. Cloud Atlas - royallib.ru

References:

1. Holman C.Hugh. A Handbook to Literature/ Fourth edition. Indianapolis, 1981, 537 pp.
2. The Oxford Companion to English Literature. Fifth edition. Edited by Margaret Drabble. Oxford University Press, 1985, 1055 pp.
3. Dictionary of World Literature. Criticism–Forms–Technique. Edited by Joseph T. Shipley. The Philological Library. N.Y. 633 pp.
4. Митчелл Дэвид. Облачный атлас: Роман / Дэвид Митчелл; [пер.с англ. Г. Яропольского]. – М.: Эксмо; СПб.; Домино, 2013. – 704с.
5. Mitchell David. Cloud Atlas - royallib.r

Сведения об авторах

Самамбет Мансия Калмагамбетқызы – профессор кафедры иностранной филологии Костанайского государственного университета им. А.Байтұрсынова, кандидат филологических наук, г. Костанай, ул. Баймагамбетова, 168, кв.68, тел. 87058420208, e-mail: msamambet47@mail.ru

Самамбет Мансия Муратқызы - магистрант Костанайского государственного университета им. А.Байтұрсынова, г. Костанай, ул. Баймагамбетова, 168 кв.68, тел. 87058323207, e-mail: msamambet@gmail.com

Сәмәмбет Мәнсия Қалмағамбетқызы – Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті шетел филологиясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Қостанай қ., Баймағамбетов к., 168, 68 пәтер, тел. 87058420208, e-mail: msamambet47@mail.ru

Сәмәмбет Мәнсия Мұратқызы - Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің магистранты, Қостанай қ., Баймағамбетов к., 168, 68 пәтер, тел. 87058323207, e-mail: msamambet@gmail.com

Samambet Mansiya Kalmagambetkyzy - professor of the Foreign Philology Department at A. Baitursynov Kostanai state University, Candidate of Philology, Kostanai, Baimagambetov St. 168, ap.68, tel. 87058420208, e-mail: msamambet47@mail.ru

Samambet Mansiya Muratkyzy - postgraduate student of A. Baitursynov Kostanai state University, Kostanai, Baimagambetov St. 168, ap.68, tel. 87058323207, e-mail: msamambet@gmail.com

УДК 82-91(574)

ДӘСТҮРЛІ АЙТЫС ӨНЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тасмағамбетова З.Ж. – филология магистрі, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің айырым белгісі хатқа түскен, тасқа басылған сөз фактісінде емес, шығарманың, туындының жазылу стилінде, дәстүр үрдісінде, жанрлық өзгешелігінде жатыр.

Сол өзгешеліктердің бірі - XIX ғасырдағы ақындар айтысы, жалпы айтыс өнері. Айтыс өлең фольклористикада, әдебиеттану ғылымында Шоқан дәуірінен бері зерттеліп келеді. Ұзақ уақыттар бойы әдебиетіміздің көп асыл мұрасы сияқты айтыс ауыз әдебиетінің еншісі есебінде зерттелді. Бірте-бірте зерттеу проблемалары күрделеніп, ауқым аймағы кеңі түсті. Жекеленген зерттеушілер XIX ғасырдағы ақындар айтысының табиғатындағы дәстүрлі айтыс өлеңмен туыс тұсты да, оның өзіндік белгілерін де аша сөйлеуге ауысты. Осы айырым, ажырату тұсында XIX ғасырдың айтысында атап айтар, айқын өзгешеліктер, әрине аз емес.

Жұмыстың мақсаты - айтыстың дәстүрлі сипатына қарай, мазмұн, мәніне, орындалу орны, мақсатына қарай түрға бөлінуінде айтыстың табиғатын зерттейтіндердің көзқарасын зерделеу, олардың бір-бірінен айырмашылығын айқындау.

Зерттеудің міндеті - айтыс өнерінің пайда болуы, даму тарихы, ежелгі түрлерін қарастыру, сондай-ақ, бұл өнер түрінің зерттелуі, айтыс өлеңдерінің түрлі ғалымдар жасаған классификацияларын қарастыру.

Негізгі ұғымдар: айтыс, өнер түрі, ерекшелік, ақын, айтыс үлгілері.

ТРАДИЦИОННОЕ ИСКУССТВО АЙТЫС И ПРОБЛЕМЫ ЕГО ИССЛЕДОВАНИЯ

Тасмағамбетова З.Ж. – магистр филологии, старший преподаватель кафедры теории языка и литературы, Костанайский государственный университет имени А. Байтұрсынова

Основы различия устной литературы от письменной не только в способах его передачи, но и в стиле создания, традиционном процессе, жанровых особенностях произведения.

Одна из этих особенностей – айтыс акынов или искусство айтыс в целом, получивший широкое распространение в XIX веке. Айтыс стал объектом исследования фольклористики, литературоведения еще со времен Шокана. Долгое время как и многие литературные достояния айтыс исследовали как одну из частей устного народного творчества. Но со временем круг проблем стал расширяться. Отдельные исследователи перешли к обсуждению общих свойств и особенностей айтыса акынов XIX века и традиционного айтыса. В связи с этим стоит отметить, что в айтысе XIX века немало существенных различий и своеобразных особенностей.

Цель работы – изучить взгляды исследователей, рассматривающих природу айтыса с точки зрения традиционной характеристики, содержания, значения, места исполнения, цели и определить их различия.

Задача исследования – рассмотреть историю возникновения, развития, древние виды искусства айтыс, а также изучить проблемы исследования и классификации различных ученых относительно данного вида искусства.

Ключевые слова: айтыс, вид искусства, особенности, акын, образцы айтыса

TRADITIONAL ARTS AITYS AND PROBLEMS OF ITS RESEARCH

Tasmagambetova Z.Zh. - master of Philology, senior teacher of theory of language and literature, Kostanai state university named after A. Baitursynov

Fundamentals of differences of oral literature on written not only in how it is transmitted, but also in the style of creation, the traditional process of genre features of the product.

One of these features - aitys akyns aitys or art in general, has been widely used in the nineteenth century. Aitys became the object of study of folklore, literary criticism ever since the shock. For a long time, like many literary heritage aitys examined as one part of folklore. But over time, the range of problems has expanded. Some researchers have moved to a discussion of the general properties and characteristics aitys akyns nineteenth century and the traditional aitys. In this regard, it is worth noting that in the nineteenth century aitys many significant differences and distinctive features.

Objective - to study the views of researchers, considering the nature of aitys in terms of traditional characteristics, content, value, place of performance, goals, and determine their differences.

The research problem - to consider the emergence of the story of the ancient arts aitys, and explore the problems of research and classification of different scientists on this art form.

Keywords: aitys, an art form, especially akin, aitys samples

Айтыс – қазақтың ауызекі әдеби-музыкалық өнерінің көлемді және аса құнды салаларының бірі. Ол – суырып салма ақындық өнерінің жемісі боп табылады. Айтыста халықтың әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты, дүниетанымы, эстетикалық, рухани, философиялық және әлеуметтік көзқарасы, қалыптасу тарихтары байқалады. Ең алғаш тұрмыс-салт жырлары «Жар-жар» мен «Бәдіктен» бастау алып, сан алуан асу-кезеңдерден өтіп кемелдене жетілген айтыстың алғашқы үлгілері көпке ортақ жаттанды өлеңдерден тұрса, кейінірек өз жанынан шығарып айтылатын суырыпсалмалық сипаты басым болып отырады. Айтыстың көтерілетін тақырыптары сан алуан. Егер де айтыстың ең ежелгі түрі – «Бәдік» айтыстың негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету мақсаты жатса, кейіннен айтыстың кемеліне толған ең күрделі түрі – ақындар айтысының тақырыптары әлденеше тарау болып, бұтақталып кетеді және сол бұтақтардың бәрі халықтың өмір-тұрмысын жан-жақты көрсетіп, барынша толық бейнелейді. Бәдік айтысынан басқа қайымдасу, жануарлар мен адамның айтысы, ақ айтыс, сүре айтыс, жұмбақ айтыс сияқты айтыс түрлері қалыптасты [1, 28 б.] .

Айтыс қазақ даласында негізінен XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап айрықша кең өріс алып, мол серпінімен дамыды. Бұған сол тұстағы қазақтың көшпелі өмірі мен әдет-ғұрып, салт- дәстүрі басты себеп болды. Оны тудырған да, дамытқан да ақындар болған. Бұл өнер түрі қазаққа ағайындас, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, қоғамдық өмірі ұқсас келетін қырғыз, түркімен, қарақалпақ халықтарында да кездеседі. Айтыстың басты ерекшелігі – оның суырыпсалмалы түрде орындалуы.

Айтыс қай кезеңдерде де филолог, фольклортанушы және саяхатшылардың назарынан тыс қалмады. Оның әр түрлі үлгілерін қазақ арасынан XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап В. Радлов, Ш. Нұрмағамбетұлы, Т. Сейдалин, С. Жантөрин, Ж. Шайхысламов, Ә. Диваев, С. Сейфуллин және т.б. жинап, жарыққа шығарса, солармен қатар, құнды ойлар мен деректер А. Васильев, А. Левшин, Ш. Уәлиханов, А. Янушкевич, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, С. Қирабаев, М. Мырзахметов, С. Қасқабасов, М. Жармұхамедұлы және т.б. жұмыстарында орын алады.

Соңғы деректер бойынша қазақ халқының айтыс өлеңдерін екіге бөліп, біріншісін – тұрмыс-салт айтысы, оның ішінде а) Бәдік; ә) «Жар-жар»; б) Қыз бен жігіт айтыстары; в) Қағысулар деп сараласа, екіншісін – Ақындар айтысы деп белгілеп, оны а) Дін; ә) Жұмбақ; б) Жазба айтыс деп топтаған. Кезінде М. Әуезовтің «қазақ ауыз әдебиетінде айтыстың көне түрі бірнеше адам қосылып орындалатын ғұрыптық әндерден басталып, ақындар айтысына ұласты», - деген пікірі осыған дәлел [2, 34 б.] .

«Айтыс» - қазақтың байырғы төл сөзі, ежелден айтысу, сөз жарысы, өнер бәсекесі ұғымында қолданып келген. Екі адамның бетпе-бет келіп өнер жарыстырып бәсекеге түсуі сөз арқылы да, белгілі бір аспапта кезектесіп күй тартысумен де, қолма-қол шығарып айтылатын өлеңмен болуы да мүмкін. Мұның бәрі «қиыннан қиыстыратын» кәнігі шеберлік, алғырлық пен тапқырлықты керек етеді. Ерте заманнан ақ «өнер алды қызыл тіл» деп сөз қадірін қадір тұтып қазақ халқы жалпы әдеби мұраға, оның ішінде айшықты сөз өрнегі ақындар айтысына ерекше мән беріп, соны өзінің рухани өмірінің жарқын көрінісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырған. Ақындар айтысының бәрі дерлік жұрт бас қосқан ойын-сауық, үлкен жиын, ас-тойларда өтетін болған. Шаршы топта бәсеке сайысына түскен екі ақынның сөзін сарапқа салып, әділ төрелік айтушы да көпшілік, сөз мәнісін білетін көшелі би, абыройлы ақсақалдар. Сол себепті екі жақ тапқырлықпен тауып айтқан уәжді де аталы сөзін мойындамауға немесе билікті көрер көзге бұрып айтуға ешбір қақы жоқ. Екі жақта «сөз тапқанға қолқа жоқ», «аталы сөзге арсыз жауап қайтарады» деген ұлағатты принципті ұстанады.

Аталмыш өнер түрі халықтың жиналған жерінде өткізіліп, қандай тақырыпта болатындығы сол айтыс үстінде анықталған. Сондықтан әр айтыскер қарсыласын қалай болса жеңу, неден сүріндіру амалын ойластырып, соған қамданып келді. Әдетте, айтыста көптеген мәселелер көтеріліп, бір тақырыптан екіншісіне ауысып отырады.

Ақындар жекпе-жек ұрысқа шыққан батырлардай бір-біріне күш көрсетіп, өздерінің мықтылығын айтып, қорқыта сөйлейді. Өз жерінің, елінің шыққан ортасының кереметтігін жырлайды. Әрине, жеңу мақсатын көздеп келген ақын басқасының мін-кемшіліктерін тізе жырлайды.

Айтыс түйіні – шындық. Қандай жүйрік, желқабыз, тапқыр ақын болса да шындықтан жалтарып құтылып кете алмаған, оның бәрі де тек шындықпен суарылған аталы сөзге тоқтап бас иетін болған. Бұл тартпас уәж, шындыққа құрылған бір ауыз сөздің жеме-жемде айтыс тағдырын шешіп кететіні де осыдан. Бұл сипаттарымен айтыс шешендік сөздерді еске салады.

Айтыс өлеңдерін сан ғасыр өтсе де ұмытпай жадында сақтап, біздің дәуірімізге жеткізуі, біріншіден, ақындардың талантын қадір тұтуы болса, екіншіден, сол ел, ру мәртебесін қорғаған ақындардың өлең-жырларын кейінгі ұрпақтың көкейіне ұялатып, олардың патриоттық сезімін оятудың құралы деп санаған. Айтыс ақындардың тапқырлықты, білімдарлықты, өмір тануда сергек сезімталдықты және өзгеге ұқсамас өзіндік ерекшелігін талап еткен. Айтыстың шешендік сөз сайысы, тәрбие мектебі тапқырлықтың тұғыры болып ерекше бағаланады. Ертеде өткен ақындар айтысының дүлділі Біржан мен Сараны, Кемпірбай мен Шөжені, Жанақ пен Орынбайды, Әсет пен Рысжанды, Жамбыл мен Құлманбетті және т.б. рулы елдің ар – намысын қорғаушылар дейді.

Айтыс – көшпелі өмір кешкен елдердің бәріне тән өнер, бірақ ол бірінде аз, енді бірінде мейлінше мол дамыған. Бұл кездегі жазу-сызудың жоқтығынан, ауызекі дәстүрінің мейлінше кең етек алуынан туған қажеттілік еді. Айталық, өмір салты мен әдет-ғұрып, салт-санасы бізбен егіз кешегі көшпелі қырғыз, қарақалпақ алтай елдерінде де айтыс өнері болған, алайда бұл жанр оларда дәл біздегідей жетіліп, кемелдене қоймаған.

Қазақ әдебиетінің қайталанбас хас ерекшеліктері аз емес. Осы орайда ауыз әдебиеті үлгілерінің кемел жазба әдебиетке ойысу, ұласу үрдісін тану, табу, ғылыми негізден айқындап көрсету - әлемдік әдебиеттануда тек қазақ әдебиетінің теориялық тарихының ғана еншісі болып көрінеді.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы фольклор дәстүрі әдебиеттану ғылымында бастапқы кезеңнен гөрі ауқымды зерттеулерге ұласып отыр. Мұның мәні – қазақ әдебиет тарихының сарқылмайтын, таусылмайтын көркемдік негіздерден құйылған шығармашылық өзгеше жаратылыс сырында.

Ауыз әдебиет, жазба әдебиеттің айырым белгісі хатқа түскен, тасқа басылған сөз фактісінде емес, шығарманың, туындының жазылу стилінде, дәстүр үрдісінде, жанрлық өзгешелігінде жатыр.

Сол өзгешеліктердің бірі - XIX ғасырдағы ақындар айтысы, жалпы айтыс өнері. Айтыс өлең фольклористикада, әдебиеттану ғылымында Шоқан дәуірінен бері зерттеліп келеді. Ұзақ уақыттар бойы әдебиетіміздің көп асыл мұрасы сияқты айтыс ауыз әдебиетінің еншісі есебінде зерттелді. Бірте-бірте зерттеу проблемалары күрделеніп, ауқым аймағы кеңі түсті. Жекеленген зерттеушілер XIX ғасырдағы ақындар айтысының табиғатындағы дәстүрлі айтыс өлеңмен туыс тұсты да, оның өзіндік белгілерін де аша сөйлеуге ауысты. Осы айырым, ажырату тұсында XIX ғасырдың айтысында атап айтар, айқын өзгешеліктер, әрине аз емес.

Айтыстың дәстүрлі сипатына қарай, мазмұн, мәніне, орындалу орны, мақсатына қарай түрге бөлінуінде айтыстың табиғатын зерттейтіндердің бәрінің көзқарасы бірдей емес. Әрине, олай болуы мүмкін де емес.

Осы орайда А.Байтұрсынұлының айтыс жайлы тұжырымдары XIX ғасыр айтысының табиғатын тануда таптырмайтын өлшем үлгісі. А.Байтұрсынұлы XX ғасыр басындағы айтыс күйінен «Жазу жайылған сайын айтыс өлең азайып, құруға бет алып барады» деп хабар береді. Бұл түйін - айтыстың, дара ақындар айтысының аса жанданған әдеби үлгі, жаңа көркемдік арна екендігін айғақтай түсетін түйін.

Мұхтар Әуезов «Әдебиет тарихында» қазақ әдебиеті үлгілерін қарастырудың негізін салды. Әдебиетті ауызша әдебиет, жазба әдебиет деген үлкен екі салаға бөліп, ауызша әдебиеттің жазбаша әдебиеттен айырмашылығын атап көрсетіп берді. Оның арғы-бергі әдебиет үлгілеріне қатысын көрсетті [2, 44 б.].

Ә.Қоңыратбаев XIX ғасырда туған айтыс поэзиясын беске бөледі. Ілгеріде айтысты зерттеушілер әдет-ғұрып, қайым, жұмбақ, діни, ақындар немесе бәдік жар-жар, мал мен адам, өлі мен тірі, салт, қыз бен жігіт, ру, совет дәуіріндегі деп жіктегенін, М.Жармұхамедов еңбегінде айтыстың он төрт түрі бар деп көрсетілгенін ескертіп айтады.

М.Жармұхамедов айтыстағы ақындық тәсілге, айтыстың дәстүрлі сипаттарына кең тоқталады. Қазақ айтыстарының жанрлық табиғатын белгілейтін басты ерекшелігінің бірі деп, белгілі бір айтыстың қайта жырлануда өсіп, түсіндірме қосыла отыратындығын айта отырып, оған «Бақтыбай мен Мәйке қыздың айтысын» мысалға келтіреді. Сондай-ақ ғалым айтыстың мұндай түрлері «Мансұр мен Дәме», «Түбек пен Қарқабат», «Біржан мен Сара», «Ыбырай мен Доскей», «Әсет пен Ырысжан» айтыстарында көп кездесетіндігін айтады.

Ал, Сыдықов болса, XIX ғасырдағы ақындардың дәстүрлі айтыс өнеріндегі өзіндік өрнегіне тоқтала отырып, айтыстың жанрлық, даралық сипаттарын айқындай түсер толғамдар жасады. Оған сөз жүйріктері Абыл, Нұрым, Қашаған сынды ақындардың айтыстарын мысал етті [3, 143 б.].

Темірхан Тебегенов әдеби шығармашылық жөнінен зерттеуде ақындар айтысын үш түрге бөліп қарастырады: 1) Мұсылмандық ағартушылық айтыстар; 2) Еларалық-ұлттаралық айтыстар; 3) Жазбаша айтыстар [4, 25 б.].

Жалпы, айтысты зерттеушілер XIX ғасырдағы айтыс үлгілерін, сипаттау қисындарын әлі де жан-жақты ойластыра, тереңдете қарастыру керектігін айтады.

Қазақтың төл мұрасы – айтыс жанры бойынша үлкенді-кішілі зерттеулер жасағап, еңбектер жазған С. Мұқанов, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е.Исмайылов сынды зерттеушілеріміздің айтуынша, айтыс – екі адамның өзара сөз қағыстыруы, сөзбен тартысуы, жарысуы, дауласуы, сынасып-мінесуі, өнер салыстыруы сияқты ұғымдардың жиынтығын қамтиды. Айтыс екі түрде, яғни сөз түрінде және өлең түрінде кездеседі. Қазақ әдебиетінде, жалпы әдебиет көлемінде өсіп-өрбуге, әдебиет жанры ретінде қарастырылатыны да – өлең түрі болып табылады.

Айтыс өлеңдерін, әдебиеттік жағынан қарастырғанда, мазмұны мен тақырыбына қарай екі түрге бөліп қарастыруға болады. Оның біріншісі – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына қарай бөлінеді. Ал, екіншісі – ақындардың шын мәніндегі өзара айтысы. Қазақ айтысының күрделі де қомақты бөлігін осы айтыс түрі құрайды.

Алғашқы үлгідегі айтыс өлеңдері халқымыздың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпына сай туындаған. Ол міндетті түрде халықтың жиналған жерінде, яғни той-тамаша, ойын-сауық үстінде шығарылатын болған және оны шығарушы ақындар болған. Бұл айтыстардың өзіндік ерекшелігі болған, себебі, ол жалпы айтыс өлеңдерінің алғашқы, бастапқы үлгісі болып табылады. Бастапқыда ол ойын-сауық ретінде жиналған халықтың көңілін көтеру, күлдірту мақсатынан туындаған. Өлең құрылысы жұрттың жаттап алып айта беруіне ыңғайлы болған. Айтыстың мұндай түрінде, нағыз ақындар айтысының үлгісіндегідей, тың тақырып, күрделі де көкейкесті әңгімелер, көкіректі жарып шыққан ой түйіндері мүлдем кездеспейді, керісінше, жеңіл-желпі сөз, әзіл-оспақ, ойын түрінде болып келеді. Тағы бір ерекшелігі – бұл айтыста халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпына байланысты туған өртүрлі ұғымдар мен түсініктері біте қайнасқан.

Әрине, бұны сол кездегі халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына байланысты туған айтыстың кемшілігі деп қарастырмау керек. Керісінше, ол – айтыс өлеңдерінің дүниеге қалай келіп, өзінің алғашқы қалыптасу барысында нендей тақырыпқа тоқталып, нені сөз еткендігі жайында аңғартып, мағлұмат беретін басты ерекшелігі деп қарастыру керек. Айтыстың дәп осы түрін - жалпы айтыс өнерінің әдебиеттен алар орнын көрсетіп, ақындар айтысының өніп, өрбіп шығуына себеп болған, үлкен жанр ретінде танылудың негізін қалаушысы, бастамасы болған түйткі ретінде бағалау қажет.

Айтыстың бұл түрін мазмұнына қарай бірнеше салаға бөліп қарастыруға болады. Олар: «жар-жар», «бәдік айтысы», «қыз бен жігіт айтысы», «дін айтысы», «жұмбақ айтысы» деген бастапқы тақырыптарға бөлінеді. Мұндағы «жар-жар» мен «бәдік айтысы» айтыс өлеңдерінің ішіндегі ең көне, ескі үлгілері қатарында болып саналады [1, 58 б.].

Қалған «қыз бен жігіт айтысы», «дін айтысы», «жұмбақ айтысы» болып саналатын айтыс түрлері халықтың жиналған жерінде жұртты көңілдендіру, сергіту, ән мен жыр қызығына толтыру мақсатында көбірек қолданылған айтыс түрлері болса керек .

«Қыз бен жігіт айтысы» ақын жігіт пен ақын қыздың арасындағы сөз жарысы болып, оны шығарушы да, айтушы да сол қыздар мен жігіттер болғандықтан, халық оны осылай атап кеткен. Бұл айтыс әдеттегідей амандасудан басталып, әдемі қалжың, жарасымды әзіл-оспақ, елді күлдіруге тұрарлықтай күлдіргі жайттарға ұласып отырған. Айтыс барысында қыз бен жігіттің бір-біріне айтылған міні неғұрлым көңілді, құлаққа қонымды болғандықтан, қарсыласының намысына тиіп, ашу-ызасын шақырмаған. Қарсыласын жеңу үшін оның мінін көбірек тауып, сынауға тырысқанмен, ол мін мұқату, әшкерә ету, бетін қайырып тастау мақсатымен айтылмаған. Ол керемет әзіл өрнегімен көмкерілген «мін айту» болған. Мысалы, қыз қарсыласының өсіп кеткен сақалына мін тағу арқылы оны ұялтуды емес, дәйім жұртты қыран күлкіге кенеп, жігіттің осы әзілге жөнді жауап қайтара алмай, тосылып қалар-ау деген мақсатпен:

Қызға барған ел білсін атағыңды,
Түзетіп ки мұнан соң шапаныңды.
Қыздан көңілі қалмаған қу көкірек,
Қырғызсаңшы бір қап жүн сақалыңды...
Сақалыңды айнаға көрші қарап,
Ту құйрықтан маңызды төрт-бес қадақ.
Ауылыңдағы бақалға күзеп сатсаң,
Алты сабын береді, жеті тарақ, -

деп келтірсе, жігіт оған лайықты жауап ретінде халықтың «Сөздің көркі – мақал, адамның көркі - сақал» деген мақалын қолданады және өз тарапынан қыз бойындағы титтей де мінін іздеп табуға тырысады.

Айтыс - кейде осындай сөз сайысына түскен қыз бен жігіттің бір-біріне деген ықыластары болса, сол лебіздерін, іштегі көңіл сырларын айтып қалуға да үлкен мүмкіндік берген (түсінбегендері әзіл түрінде қарап, түсіне білгендері астарлап болса да жауап қайыра білген). Ерте заман айтысына үңіле қарасақ, ондағы ақындар тек өз ойларынан шығарған шумақтарды ғана емес, сол тұстағы халық өлеңдерін де пайдаланып, әнге қосып отырған. Кейде ол қайырма түрінде келсе, кейде тіпті екі ақын да (қыз бен жігіт) өлең шумақтарының алдыңғы екі жолын қайталап, ал өздерінің негізгі ойларын

кейінгі екі шумаққа сидырып отырған. Олар көбінесе жатталуға жеңіл, тілге орамды, құрылысы он бір буынды өлең түрінде кездеседі.

Жинақтай айтсақ, «қыз бен жігіт айтысы» халықтың ойын-сауық, салтанатына байланысты туындап, қазақ ауыз әдебиетіндегі «айтыс» жанрының бастапқы үлгілерінің бірін құрап, кейінгі үлкен «айтыстың» негізін салуға себепші болған қомақты жанрдың бірі.

Қазақ даласына ислам діні таралғаннан бастап, (тарихтағы келтірілген деректер бойынша XVII ғ. бері) қожа – молдалар, басқа да дін иелері ислам дінін уағыздап, үгіт-насихат жасау үшін поэзияның қосар үлесі мол екендігін біліп, оны тікелей пайдалануға кіріскен. Осы мақсатпен әсіресе айтысты көбірек пайдаланған. Міне осылай «дін айтысы» пайда болған. Әрине ол қайсы бір ақынға келіп «дін» туралы айтысасындар деп қолқа салу емес, ол үшін алдын-ала өздері жалдамалы ақындарға уағыз айтып, көпшілікке ақын тілі арқылы діни үгіт – насихат жүргізіп отырған. Олар жұрттың жиналған жеріне үгіт-насихатты тереңірек жүргізу үшін екі ақынға да алдын-ала дін жайында не айтуды, кімдер туралы және қалай айтудың үлгілерін тапсырып қойған. Міне, осындай «саясаттың» негізінде діни тақырыптық айтыс түрі туған [2, 56 б.].

Айтыстың бұл түрі екі ақынның сөз жарысынан гөрі бір-біріне берген сұрау-жауабына көбірек келеді. Айтыстың аты айтып тұрғандай, оның негізгі тақырыбы - дін жайындағы әңгімелер, үгіттер болады. Жиналған барша халықты дін жолына түсіру, діни ұғымдарға иландыру, діни наным – сенімдерді ұстануға жетелеу, үйрету сияқты мақсаттарды көздеген. Бәріне тек бір ғана жаратушы ие «Алла тағаланың» күшіне сену, намаз оқу, ораза ұстау, құран жолымен жүру, пітір-садақа беріп тұру керектігі және тек осыны ұстанған адамдар ғана «жұмақ төрінен» орын алатынын, ал бұған қарсылық білдіріп, сенімсіздік артқан «дінбезерлерді» «тозақ» оты күтіп тұратындығын сөз ететін болған. Қарапайым халыққа жай сөзбен үгіт жүргізгеннен гөрі, олардың сүйікті поэзиясын қолдану қожа-молдалар үшін дін насихатының құралы ретіндегі бірден-бір таптырмас жол екендігі байқалады.

Қазақтың айтыс өлеңдеріне дін айтысы елеулі үлес қосып, оның қалыптасуы мен дамуына ықпалын тигізе қоймаған. Бұл тек айтыс жанрының алғашқы үлгілерінің қатарындағы бірі болып табылады. Өлеңдік құрылысына келер болсақ, дін айтысы айтыстардың үздік шыққан тобына жатпайтын, тіпті айтыскерлердің аса қызығушылығын тудырып, жандандырар тақырып болып табылмайтын, тек дін тақырыбының аясында ғана сөз қозғалатын бірыңғай, қара дүрсінді өлең түрінде кездеседі.

Халқымыздың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпына сай туындаған айтыс өлеңдерінің тағы бір түрі – жұмбақ айтысы.

Ақынның тапқырлығы мен білгірлігіне тікелей байланысты айтыстың бұл түрі айтыс өлеңдерінің ішіндегі ең күрделі, қиындау түрі десе болады. Осы себепке байланысты ақынның тек суырып салма болуы ғана емес, оның үстіне ол өте тапқыр, көп нәрселерден хабардар, білімді, тез ойлап, табан асты жауап беруге дайын болуы шарт.

«Жұмбақ айтысының» қатысушылары жұмбақ қылып жасыратын нәрселерін адамзатқа таныс, деректі заттардан алып, сондай-ақ екі затты бір-бірімен салыстыра білу арқылы жұмбақ шығарған. Дәлірек айтқанда, жұмбақ қылып жасыру аясына кіретін тақырыптар көлемі – жаратылыс дүниесі, аспан әлемі, жан-жануарлар, хайуанаттар, адам және адамның еңбегі мен кәсіп құралы, өнер, табиғат, ілім-білім болған.

Жоғарыда айтып өткен айтыстың қиындығының салдарынан ба, айтыстың басқа түрінен гөрі «жұмбақ айтысына» қатысушы ақындар аз болса керек. Мұның өзі «жұмбақ айтысындағы» айтыскердің аса тапқыр, білімді болуын талап ететіндігінің тағы бір айғағы [3, 47 б.].

Қалай болғанда да қазақ халқы мұндай айтыскерлерден де кенде емес. Олардың қатарында Нұржан, Рысжан, Әсет, Шөкей, Сапарғали, Күңбала т.б. сынды айтыскерлеріміздің аттарын атауға болады. Бұлар айтыстың талабына сай – білгір ұшқыр ойлы, суырып салма, тапқыр айтыскерлер.

«Жұмбақ айтысы» өз дәуіріндегі айтыстардың ішінде мәні зор, салмақты айтыс болған. Оның басқа айтыстан ерекшелігі, ол өз айтыскерін көп білуге, ізденуге, жан-жақтылыққа талпындырған. Ал бұл жастардың (тек айтыскерлер емес) білімге деген құштарлығын оятуға, білімді болуға жетелеген.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына байланысты туған айтыс өлеңдерінің қай-қайсы болмасын, олар кейінгі туған үлкен айтыстардың, нақтырақ, ақындар айтысының бастамасы, негізгі тірегі, ұйытқысы болып табылатыны хақ.

Әдебиет:

1. Ә.Қоңыратбаев. Қазақ фольклорының тарихы. - Алматы, 1991. - 285 б.
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы – Алматы, 2011. - 234 б.
3. Сыдықов Қ. Ақын жыраулар. – Алматы, 2004. - 132 б.
4. Т.Тебегенов. Халық аңыздары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы, 2001. - 156 б.

References:

1. A. Koniratbaev. Kazak folklorinin tarikhhi. – Almaty, 1991. – 285 b.
2. Mukhtar Auezov enciklopediası - Almaty, 2011. – 234 b.

3. Sidikov K. Akin giraurar. - Almaty, 2004. – 132 b.

4. T.Tebergenov. Khalik anisdari schiarmalarindai adebiet pen folklore dasturi. – Almaty, 2001. – 156 b.

Автор туралы мәлімет

Тасмағамбетова З.Ж. – филология магистрі, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай қ., Байтұрсынов к-сі, 47; тел. 87755175197; e-mail: zinattas@mail.ru

Тасмағамбетова З.Ж. – магистр филологии, старший преподаватель кафедры теории языка и литературы, Костанайский государственный университет имени А. Байтурсынова, г. Костанай, ул. Байтурсынова 47, тел. 87755175197; e-mail: zinattas@mail.ru

Tasmagambetova Z.Zh. - master of Philology, senior teacher of theory of language and literature, Kostanai state university named after A. Baitursynov, Kostanai city, Baitursynov Street 47, tel. 87755175197; e-mail: zinattas@mail.ru

УДК 81'276.6

О ПРОБЛЕМАХ ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИНЫ «ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ РУССКИЙ ЯЗЫК»

Тошоманова Д.О. – старший преподаватель, Костанайский государственный университет имени А. Байтурсынова

В статье рассматриваются проблемы преподавания профессионального русского языка в группах с казахским языком обучения; описаны принципы отбора текстов для эффективного обучения профессионально-ориентированному языку. Современному казахстанскому рынку труда требуются конкурентоспособные и мобильные специалисты, обладающие как узкоспециальными, так и универсальными компетенциями, владеющие тремя языками. Стремление Казахстана к интеграции в мировое политическое, экономическое и культурное пространство обуславливает актуальность полиязычного образования, что стало одной из основных задач высшего казахстанского образования. В связи с этим в 2011 году в соответствии с государственным общеобязательным стандартом бакалавриата в типовые учебные планы введены дисциплины «Профессиональный русский язык» (для групп с казахским языком обучения), «Профессиональный казахский язык» (для групп с русским языком обучения), «Профессионально-ориентированный иностранный язык», в преподавании которых требуются новые подходы. Дисциплина «Профессиональный русский язык» занимает особое место в подготовке конкурентоспособного специалиста. Настоящая статья посвящена месту дисциплины «Профессиональный русский язык» в подготовке будущих специалистов, а также проблемам, с которыми сталкиваются преподаватели при обучении данной дисциплине.

Ключевые слова: профессиональный русский язык, речевая деятельность, термины, профессиональная речь, профессионально ориентированный текст.

«КӘСІБИ ОРЫС ТІЛІ» ПӘНІНІҢ МӘСЕЛЕР ТУРАЛЫ

Тошоманова Д.О. – А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің аға оқытушысы

Мақалада қазақ тілінде білім алатын топтарда кәсіби орыс тілін оқыту мәселелері қарастырылады; кәсіби – бағытталған тілді тиімді үйрету үшін мәтіндерді сұрыптау қағидалары сипатталады. Заманауи қазақстандық еңбек нарығына үш тілді меңгерген, мамандандырылған және әмбебап құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті және мобильді мамандар қажет. Қазақстанның әлемдік саяси, экономикалық және мәдени кеңістікке интеграциялануға ұмтылысы көптілді білім беру өзектілігін негіздейді және де бұл жоғары қазақстандық білім берудің басты міндеті болып отыр. Осы орайда 2011 жылы бакалавриаттың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес үлгілік оқу жоспарларына оқытудың жаңа жолдарын талап ететін «Кәсіби орыс тілі» (қазақ тілінде білім алатын топтар үшін), «Кәсіби қазақ тілі» (орыс тілінде білім алатын топтар үшін), «Кәсіби-бағытталған шет тілі» пәндері енгізілді. «Кәсіби орыс тілі» пәні бәсекеге қабілетті маманды дайындауда ерекше орын алады. Бұл мақала «Кәсіби орыс тілі» пәнінің болашақ мамандарды

даярлаудағы орнына, сондай-ақ осы пәнді жүргізген кездегі оқытушылар тап болатын қиындықтарға арналған.

Кілт сөздер: кәсіби орыс тілі, тілдік қызмет, терминдер, кәсіби тіл, кәсіби бағытталған мәтін.

ABOUT THE PROBLEMS OF TEACHING OF DISCIPLINE «PROFESSIONAL RUSSIAN»

Toshomanova D.O. – Senior Lecturer, Kostanay state university after A. Baitursynov

This article discusses some problems of teaching of professional Russian language in groups with Kazakh language teaching, describes the principles of selection of texts for effectively teaching professionally-oriented language. Competitive and mobile specialists are required the modern Kazakhstan labour-market, possessing the both strictly specialized and universal competences, owning three languages. Aspiring of Kazakhstan to integration in outer political, economic and cultural space stipulates actuality of 99ultilanguage education, that became one of basic tasks of higher Kazakhstan education. In this connection in 2011 in accordance with the state obligatory standard of bachelor studies in model curricula disciplines are entered «Professional Russian» (for groups with Kazakh of educating), «Professional Kazakh» (for groups with Russian of educating), «Professionally-oriented foreign language», new approaches are required in teaching of that. Discipline «Professional Russian» occupies the special place in preparation of competitive specialist. The real article is sanctified to the place of discipline «Professional Russian» in preparation of future specialists, and also to the problems into that teachers run at educating to this discipline.

Keywords: professional Russian language, speech activity, terms, professional speech, professionally oriented text.

Сегодня в обществе усилена потребность в высококвалифицированных кадрах с прочными знаниями, уважительно относящихся к своему делу, ориентирующихся на профессионально значимые и культурные ценности. Современному казахстанскому рынку труда требуются конкурентоспособные и мобильные специалисты, обладающие как узкоспециальными, так и универсальными компетенциями, владеющие тремя языками. Проблема профессионально-ориентированного обучения признается в настоящее время приоритетным направлением в обновлении и развитии системы образования. Стремление Казахстана к интеграции в мировое политическое, экономическое и культурное пространство обуславливает актуальность полиязычного образования, что стало одной из основных задач высшего казахстанского образования. В связи с этим в 2011 году в соответствии с государственным общеобязательным стандартом бакалавриата в типовые учебные планы введены дисциплины «Профессиональный русский язык» (для групп с казахским языком обучения), «Профессиональный казахский язык» (для групп с русским языком обучения), «Профессионально-ориентированный иностранный язык», в преподавании которых требуются новые подходы. При обучении русскому языку на основе программы Государственного стандарта МОН РК ставится цель – формирование у будущих специалистов коммуникативной компетенции – способности решать лингвистическими средствами реальные коммуникативные задачи в конкретных речевых ситуациях научной сферы, формирование межкультурно-коммуникативной компетенции студентов в процессе образования.

Настоящая статья посвящена месту дисциплины «Профессиональный русский язык» в подготовке будущих специалистов, а также проблемам, с которыми сталкиваются преподаватели при обучении данной дисциплине. Дисциплина «Профессиональный русский язык» является обязательной базовой дисциплиной, объемом 2 кредита для всех специальностей бакалавриата с казахским языком обучения. Пререквизит данной дисциплины – «Русский язык», который относится к дисциплинам обязательного общеобразовательного цикла.

Дисциплина «Профессиональный русский язык» занимает особое место в подготовке конкурентоспособного специалиста. Изучение профессионального русского языка в группах с казахским языком обучения дает студенту возможность в будущем осуществлять компетентное профессиональное общение и быстро адаптироваться в условиях динамичности рынка труда.

Термин «профессионально-ориентированное обучение» употребляется для обозначения процесса преподавания русского языка в неязыковом вузе, ориентированного на чтение литературы по специальности, изучение профессиональной лексики и терминологии, на общение в сфере профессиональной деятельности. Современный профессионально-ориентированный подход к обучению русского языка предполагает формирование у студентов способности общения в конкретных профессиональных, деловых, научных сферах и ситуациях с учетом особенностей профессионального мышления, при организации мотивационно-побудительной и ориентировочно-исследовательской деятельности. Все эти задачи и цели помогает реализовать дисциплина «Профессиональный русский язык».

Учебный курс «Профессиональный русский язык» занимает одно из важных мест в подготовке будущих специалистов различных направлений. Курс носит коммуникативно-направленный и профессионально-ориентированный характер, а его задачи определяются потребностями специалистов соответствующего профиля в профессиональной деятельности. Основные задачи изучения дисциплины «Профессиональный русский язык»:

- обучение студентов теоретическому и практическому владению профессиональными терминами и языком специальности для активного применения русского языка, как в повседневном, так и в профессиональном общении;
- вооружить студентов знаниями по рациональному и эффективному квалифицированному общению в различных условиях и ситуациях производственной и другой трудовой деятельности;
- обучить умениям квалифицированно вести деловые переговоры и беседы;
- обучить профессионально-квалифицированному восприятию чужой речи;
- обучить правилам составления публичного монологического выступления на профессиональном уровне;
- обучить правилам составления текстов научного характера, требуемых в ходе профессиональной деятельности;
- обучить правилам этики и этикета в профессиональном общении.

С первых дней обучения в вузе студентам приходится усваивать значительное количество новых терминологических слов, специфических оборотов и словосочетаний научной речи. Задача преподавателя профессионального русского языка – помочь учащимся овладеть языком учебника по специальности, научной лексикой в целом.

Профессиональная направленность деятельности, во-первых, требует интеграции дисциплины «Русский язык» с профилирующими дисциплинами; во-вторых, ставит перед преподавателем задачу научить будущего специалиста на основе межпредметных связей использовать язык как средство систематического пополнения своих профессиональных знаний, формирования профессиональных умений и навыков

Особую актуальность приобретает профессионально-ориентированный подход к обучению русского языка учащихся национальных групп. Именно в группах с государственным языком обучения дисциплина «Профессиональный русский язык» является не только объектом усвоения, базовой дисциплиной, но и средством развития навыков говорения, письма, чтения на русском языке как для студентов, уже владеющих русским языком, так и для студентов, плохо понимающих данный язык.

Обучение студентов дисциплине «Профессиональный русский язык» должно быть ориентировано на профессиональную сферу. Под профессионально-ориентированным понимается обучение, основанное на учете потребностей студентов в изучении иностранного языка, диктуемого особенностями будущей профессии или специальности [1, с.4]. На первый план перед преподавателями профессионального русского языка выдвигается задача овладения студентом национальной аудитории языком будущей специальности. Современный профессионально ориентированный подход к обучению языку предполагает формирование у студентов способности осуществлять профессиональные контакты на русском языке в конкретных профессиональных, деловых, научных сферах и ситуациях. Такое общение может происходить как в официальной, так и в неофициальной формах, в ходе индивидуальных и групповых контактов, в виде выступлений на конференциях, при обсуждении договоров, проектов, составлении деловых писем [2, с. 6].

Основной упор в преподавании ПРЯ необходимо делать на профессионально-ориентированные тексты. Теоретические темы занятий были всегда связаны с практическим применением знаний и навыков студентов посредством текстов. Вместе с тем работа с текстами по специальности на занятиях по русскому языку способствует активному включению студентов в учебно-профессиональную деятельность, знакомству с лексико-грамматическим и понятийным аппаратом языка их будущей специальности. Поэтому специально разработанные и применяемые для овладения языком специальности тексты могут служить эффективным средством обучения. Так, в ходе преподавания дисциплины для работы мною были подобраны следующие тексты: «Морфологический состав мяса», «Некоторые проблемы ветеринарной медицины», «Экологическая биотехнология», «Ветеринарно-санитарная экспертиза» и др. В текстах даны задания, связанные с теоретической темой занятия и рекомендованные для самостоятельной работы обучающихся. Профессионально-ориентированные тексты вводят новую информацию, расширяют и углубляют знания студентов в области своей будущей специальности.

Вся работа на занятиях по ПРЯ в казахских группах сводится к усвоению, прежде всего, терминологического минимума в рамках данной темы, совершенствованию речевых навыков. Каждая тема разрабатывалась по определенной системе. Каждая тема-занятие разработана по методике структурно-семантического и смысло-лингвистического анализа научного текста и состоит из разделов: *активная лексика, система предтекстовых и притекстовых заданий, текст, после-*

текстовые задания. Тексты предваряются списком *терминологического минимума*. Этот список содержит слова и словосочетания в основном терминологического характера. Активная лексика предназначена для обязательного усвоения студентами.

Предтекстовые включают упражнения: а) на узнавание терминологической лексики; б) поиск групп однокоренных слов, определение значения слова на основе частей сложных слов; в) на установление синонимических и антонимических связей слов; г) на определение значений незнакомых слов по контексту; д) на лексико-грамматическую сочетаемость изучаемых языковых единиц.

Притекстовые задания с различными целевыми установками призваны помочь студентам сориентироваться в смысловой организации текста. Например:

- Определите тему и идею текста.
- Найдите ключевые слова в тексте, объясните их значение.
- Выпишите общенаучную лексику и термины.
- Составьте вопросы к тексту.
- Составьте предложения со словами...
- Перескажите текст и др.

Однако, усваивая тексты по специальности, студенты испытывают определенные затруднения в нахождении и вычленении всех содержательных блоков текста; в самостоятельном определении структурно-семантической устроенности и коммуникативной направленности текста; в вычленении вступления, основной части и заключения текста; определении в содержательных блоках главной, дополнительной и избыточной информации; нахождении в текстах необходимой информации для иллюстрации своего высказывания, приведения аргументов, контраргументов и т.д.

В процессе обучения студентов профессиональному русскому языку преподаватель сталкивается с рядом трудностей.

Во-первых, возникает трудность при отборе текстов и заданий. Одно из необходимых условий для успешного преподавания дисциплины «Профессиональный русский язык» - постоянная межпредметная связь, интеграция данной дисциплины с профилирующими дисциплинами специальности. В качестве основного инструмента в профессионально направленном обучении русскому языку выступают профессиональные тексты; текст по специальности служит эффективным средством обучения профессиональной лексике. Конечно, это дополнительная нагрузка для преподавателя-русоведа: подбор специальных текстов по специальности, по профилю факультета, изучение специальной лексики, в особенности узкоспециальных терминов, составление словарей; данные виды работ должны вести не сами по себе обособленно, а совместно, в сотрудничестве с преподавателем-предметником. Именно в этом заключается основная цель совместного обучения будущего специалиста, что и будет соответствовать потребностям обучающихся и, как следствие, будет повышаться эффективность занятий по профессиональному русскому языку [3, с. 4].

Таким образом, для преподавателей профессионального русского языка актуальной на сегодняшний день является проблема отбора текстового материала. При отборе текстового материала для обучения студентов профессиональному русскому языку важно соблюдать принципы доступности (не перегружать текст узкоспециальными терминами и сложными (грамматическими конструкциями), разнообразия (использовать тексты по специальности разных стилей и жанров), актуальности, профессиональной ориентированности (информация должна быть значимой в будущей профессиональной деятельности, содержать термины), наглядности (наличие диаграмм, презентаций, схем и т.п.). Соблюдение данных принципов при подготовке профессионально ориентированного текста к занятию станет залогом его оптимальной адаптации в группах с казахским языком обучения.

Во-вторых, разный уровень подготовки студентов, являющийся результатом стечения различных субъективных и объективных факторов (место обучения, тип школы, особенности региона, физиологические и психологические особенности обучающегося, качество обучения, нехватка учителей и др.) [3, с. 4]. Неоднородная языковая подготовка студентов проявляется в следующем: студенты, хорошо и отлично владеющие как устной, так и письменной речью; студенты, удовлетворительно владеющие устной, но хорошо письменной речью; студенты, хорошо владеющие устной, но удовлетворительно письменной речью; студенты, слабо владеющие и устной, и письменной речью. Таким образом, разноуровневая языковая подготовка в академических группах замедляет общий процесс изучения профессионального русского языка в группах с казахским языком обучения.

В-третьих, недостаточное количество учебной и учебно-методической литературы по дисциплине, в том числе сборников упражнений и терминологических словарей. От уровня усвоения студентами основных понятий специальных дисциплин зависит грамотное овладение терминологией на русском языке и, наоборот, активизация терминологической лексики на занятиях профессионального русского языка способствует укреплению базовых понятий профилирующих дисциплин. Для лучшего понимания учебно-научного, научно-технического текста студентами затрачивается немало времени на перевод терминов и терминосочетаний [4, с. 2]. Следовательно, существует необхо-

димось разработки двуязычных терминологических словарей, сборников практических заданий по дисциплине «Профессиональный русский язык» для каждой специальности.

В-четвертых, несоответствие рабочей программы по дисциплине уровню знаний студентов.

В-пятых, разрыв между изучением дисциплины «Русский язык» на 1 курсе и «Профессиональный русский язык» на 3 курсе.

Таким образом, для повышения уровня коммуникативной и профессиональной компетенции будущих специалистов при составлении рабочей учебной программы, отборе текстов и заданий по дисциплине «Профессиональный русский язык» использовать межпредметные связи с профилирующими дисциплинами по специальности, при формировании групп по изучению профессионального русского языка необходимо учитывать языковую подготовку студентов.

Современному обществу важно, чтобы сегодняшний выпускник был профессионально успешным и мобильным, умеющим строить свою собственную карьеру, работать в условиях жесткой конкуренции на отечественном и мировом рынках и активно содействовать благополучному развитию всего общества, а значит, он должен владеть всеми коммуникативными профессиональными компетенциями. Какой бы способ и систему не избрал преподаватель в обучении студентов профессиональному русскому языку, от него, в любом случае, требуется владение определенными знаниями в данной профессиональной области, желание усовершенствовать процесс преподавания, заинтересованность в практическом применении студентами знаний, как в области языка, так и в профессиональной сфере, профессионализм, творческий подход к осуществлению учебного процесса.

Литература:

1. Образцов П.И. Профессионально-ориентированное обучение русскому языку на неязыковых факультетах вузов: Учебное пособие / П.И. Образцов, О.Ю. Иванова / Под ред. П.И. Образцова. – Ор.: ОГУ, 2005. – 114 с.

2. Абилдабекова Ф.К. Профессионально-ориентированное обучение языку студентов медколледжа. [Электронный ресурс] Режим доступа <http://repository.enu.kz/bitstream/handle/123456789/3873/abil.pdf>

3. Туманова А.Б. Уровневое обучение профессиональному русскому языку в вузе: постановка проблемы и пути решения. – G-Global. Программа развития целей тысячелетия. Категория: Образование и наука. – 03.06.2015.

4. Битимбаева Ж.К. Составление учебного терминологического словаря в рамках компетентностного подхода в профессиональном обучении. - VII ежегодная научно-методическая конференция «Инновации в образовании: ориентиры и тенденции». - Алматы: АПН, 2015.

5. Барабанова Г.В. Структура учебного цикла при обучении профессионально-ориентированному чтению студентов неязыкового вуза // Вестник Харьковского национального университета. - 2010. - № 12. - С. 36-41.

References:

1. Obrazcov P.I. Professionally-oriented teaching Russian language in thenon-language faculties of high schools. – Or.: OGU, 2005. – 114 p.

2. Abildabekova F.K. Professionally-oriented language training of medical college students. [Electronic resource] Access mode <http://repository.enu.kz/bitstream/handle/123456789/3873/abil.pdf>

3. Tumanova A.B. Level vocational training to Russian in high school: the statement of the problem and solutions. - G-Global. Millennium Development Goals program. Category: Education and Science. – 03.06.2015.

4. Bitimbaeva Zh.K. Curriculum terminological dictionary as part of the competency approach in vocational training. - VII annual scientific-methodical conference "Innovations in education: benchmarks and trends." - Almaty: ALP 2015.

5. Barabanova G.V. The structure of the training cycle at training professional-focused reading of students of not language high school. // Bulletin of Kharkiv National University. - 2010. - № 12. - P. 36-41.

Сведения об авторе:

Тошоманова Динара Оразалиевна – старший преподаватель кафедры теории языков и литературы Костанайского государственного университета имени А. Байтұрсынова, г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 47, тел. 87071130684, e-mail: toshomanovad@mail.ru

Тошоманова Динара Оразалиевна – А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті тіл және әдебиет кафедрасының аға оқытушысы, Қостанай қ., Байтұрсынов көшесі, тел. 87071130684, e-mail: toshomanovad@mail.ru

Toshomanova Dinara Orazalievna – Senior Lecturer of department Theory of Languages and Literature, Kostanay State University named after A. Baitursynov, Kostanai, Baitursynov st. 47, tel. 87071130684, e-mail: toshomanovad@mail.ru

УДК 821.512.122

ОСПАНХАН ӘУБӘКІРОВТІҢ СЫҚАҚ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Тасмағамбетова З.Ж. – филология магистрі, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Қазақ сатирасының тарихындағы қайталанбас сирек талант О. Әубәкіров әдебиетімізге өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басында қосылып, өмірінің ақырына дейін ширек ғасыр өнімді шығармашылық еңбек етіп, халқына уытты сатирасымен кең танымал болды. Ол сатираның поэзия саласында да, проза мен драматургияда да көптеген туындылар берді, балаларға арнап бірнеше, жинақтар шығарды, әлем әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Жұмыстың мақсаты – О. Әубәкіровтің сатиралық шығармаларын тұтас және жан-жақты зерттеп, идеялық-көркемдік болмысын, қаламгерлік өзіне тән ерекшелігін, дәстүр мен жаңашылдықты тексеру арқылы әзіл-сықақшылық шеберлігін байыптау.

Зерттеудің міндеті - О. Әубәкіров сатирасындағы ауыз әдебиеті мен ақын-жазушылар шығармашылығы дәстүрінің көрінісін зерттеу; қаламгер шығармашылығының көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін, ондағы күлкі феномендерін, қоғамдық мәні мен маңызын байыптау; сықақшының шығармашылық ізденісінің ұлттық-тарихи және әлемдік әдеби арналармен байланысын байыптау. О. Әубәкіров шығармаларының поэтикалық-көркемдік сипатын зерделеу, тілдік-стильдік ерекшеліктерін анықтау, әдебиетіміздегі сатиралық дәстүр жалғастығы мен қаламгердің жаңашылдық қырларын пайымдау.

Негізгі ұғымдар: сатира, поэзия, дәстүр жалғастығы, жаңашылдық, әдебиет, күлкі, әзіл, әжуа, сатиралық образ, шығармашылық.

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ТРАДИЦИЙ И НОВАТОРСТВО В САТИРИЧЕСКИХ СТИХОТВОРЕНИЯХ ОСПАНХАНА АУБАКИРОВА

Тасмағамбетова З.Ж. – магистр филологии, старший преподаватель кафедры теории языка и литературы, Костанайский государственный университет имени А. Байтұрсынова

Неповторимый талант в истории казахской сатиры О. Аубакиров пришел в литературу в начале шестидесятих годов прошлого века и благодаря своей обличающей сатире и плодотворному творческому труду завоевал признательность народа. Он написал много сатирических произведений поэтического, прозаического и драматургического жанра, а также перевел произведения известных представителей мировой литературы на казахский язык.

Цель работы – всесторонне изучить сатирические произведения О. Аубакирова, раскрыть их идейно-художественное своеобразие, а также через преемственность традиций и новаторство показать юмористическо - сатирическое мастерство писателя.

Задача исследования – изучить проявления преемственности традиций устного народного творчества и творчества поэтов и писателей в сатире О.Аубакирова; проследить художественно-эстетические особенности творчества писателя и его феноменов смеха, проанализировать связь творческого поиска сатирика с национально-историческими и мировыми литературными течениями. А также исследовать поэтико-художественные характеристики произведений О. Аубакирова, определить языковые-стилистические особенности, всесторонне изучить преемственность сатирических традиции в литературе и грани новаторства писателя.

Ключевые слова: сатира, поэзия, преемственность традиций, новаторство, литература, смех, ирония, сарказм, сатирический образ, творчество.

CONTINUITY OF THE TRADITION AND INNOVATION IN A SATIRICAL POEM OSPAHANA AUBAKIROVA

Tasmagambetova Z.Zh. - master of Philology, senior teacher of theory of language and literature, Kostanai state university named after A. Baitursynov

The unique talent in the history of the Kazakh satire O. Aubakirov came into literature in the early sixties of the last century, and thanks to its revelatory satire and fruitful creative work won the gratitude of the people. He wrote many satirical works of poetry, prose and drama genre, and also translated works by prominent representatives of the world literature into the Kazakh language.

Purpose - to comprehensively study the satirical works of A. Aubakirova to reveal their ideological and artistic originality, as well as through the continuity of tradition and innovation show yumoristicheko-satirical skill of the writer.

The research problem - to examine manifestations of the continuity of the traditions of folklore and works of poets and writers in the satire O.Aubakiova; trace the artistic and aesthetic features of the writer and his laughter phenomena, analyze the relationship of creativity satirist with the national historic and world literary currents. And also explore poetic and artistic characteristics of the works of O. Aubakirova determine linguistic-stylistic features, comprehensive study of the continuity of the satirical tradition in literature and the writer faces of innovation.

Keyword: satire, poetry, the continuity of tradition, innovation, literature, laughter, irony, sarcasm, satire image creation.

Халық ауыз әдебиетіндегі желісі үзілмей келе жатқан сатиралық, юморлық дәстүрлер сан ғасырлар бойы шешендер мен көсемдер, жыраулар мен ақындар, сал-серілер арқылы дамып, өлмес мұра болып ұрпақтан-ұрпаққа жеткені белгілі. Халық қуанышымен бірге қуанып, қайғысымен қатар қайғырған ұлы ақындар қанаушылардың қатыгездігі мен зорлығын, ел ішіндегі алаяқтар мен азғын-қулардың кемшіліктерін бетіне басып, ұлы да зәрлі сөздерін арнаған. Ел ішіндегі есті сөздерді естіп, күлкілі әңгіме, өлеңдерді көңіліне түйіп өскен зерек бала қаршадайынан Жамбыл мен Сүйінбай аталарының өжетте отты жырларын жаттап жүріп жетіледі.

Қазақ әдебиетіне 1960 жылдары қосылып, сатираның дамуына зор үлес қосқан О. Әубәкіров бұл салада ширек ғасыр үзбей еңбектеніп, өзінің өлмес туындыларын жазды. Оның әзіл-сықақ шығармалары – қай елдің де өрелі әзілкеш-сықақшыларының туындыларымен теңесе алатындай, идеялық-көркемдік тұрғыдан аса құнды еңбектер жазды. Сықақ сүйер оқырманды өзіндік қолтаңбасымен, өзіне тән жазу мәнерімен, қуатты да уытты тілімен елең еткізіп, көптеген жинақтар берген Оспанхан барлық жанрда сатиралық шығармалар жазып, поэзияда, прозада, комедияда мол мұра қалдырды. Мұнымен ғана шектелмей, әлемдік танымал сатириктердің шығармаларын аударуға да ден қойып, сонымен қатар балаларға арнап көптеген өлең, әңгіме, жұмбақ-жаңылтпаш, ертегілер, оған қоса ондаған ән-өлеңдер туғызуы қаламгердің жан-жақты талантын, қалам қуатын танытса керек. Осының бәрінде жазушының ел мүддесі, халық болашағы, оның рухани тазалығы үшін ойлы күлкінің күшін пайдаланғаны, сатира мен юморды орынды қару еткені анық.

Әдебиетке тұңғыш қадамы өлеңмен басталған О. Әубәкіровтің алғашқы сатиралық туындылары өлеңмен жазылды. “Қазақстан пионері” газетінде, “Ара” журналында, Қазақ теледидарында қызметте жүрген кезінде газет-журналдарға балаларға арналған өлеңдерімен қатар сатиралық өлеңдері де жиі жарияланып тұрды. Кейін ақынның сатиралық өлеңдері топтастырылып, бірнеше жинақтарға енді. Ақынның сатиралық өлеңдері ең алғаш “Жасыратын не бар?” деген атпен 1963 жылы басылып шығып, оқырманға сатирик ақын ретінде танылды.

О. Әубәкіров сатирасының негізгі тақырыбы – адамгершілік, мораль тәрбие мәселесі. Негізінен, адамдардың мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, тұрмыс-тіршілік, өмір салтындағы міндерді, ұнамсыз мінез-қылықтарды сықақтайды. Олар әсіресе маскүнемдік, өсекшілдік, күншілдік, арызқойлық, жағымпаздық, тоғышарлық, жемқорлық, мәдениетсіздік, бөспелік, бұзақылық, көзбояушылық сияқты күнделікті тұрмыста, әр ортада жиі кездесіп қалатын типтік кемшіліктер, бағзы заманнан сын тоқпағына ілініп, талай сықақшылардың объектісі болған жайлар.

Қай суреткер болмасын өзіне дейінгі мұрадан сусындап өседі. Ілкіден келе жатқан озық дәстүрлердің қаламгер шығармашылығына жүйелі әсері болары сөзсіз. Солардың арқасында жазушы шығармашылық жолын анықтап, суреткерлік өрісін кеңейтеді. Дәстүрден үйрене отырып, оны дамытады, тың ізденістерге барып, жаңаны табады. Әдебиеттегі өз қолтаңбасын қалдырып, жаңа нышан, соны сипаттарымен өзі де дәстүрдің жалғастығына ұласып, келер буынға үлгі қалдырады. Бұл – даму заңдылығы. Өнердегі үндестік, әдеби буындар арасындағы алтын көпір осылайша жалғасын тауып, өміршеңдігін айғақтайды.

“Дәстүр мен жаңашылдық дейтін проблема кең мағынасында философиялық проблема. Себебі бұл дүние жүзіндегі барлық даму атаулының тетігі. Мұнсыз өсу, өрбу, өзгеру жоқ. Онсыз өмір жоқ, - дейді академик М.Қаратаев. - Ол бұрынғы мен бүгінгінің, көне мен жаңаның аралығындағы табиғи жалғастық құбылыстарының заңдылығы, философия тілімен айтсақ, дәстүр мен жаңашылдық дейтін проблеманың қарастыратын заңдылығы” [1,4].

О. Әубәкіров те өзінен бұрынғылардың өлең-жырларынан сусындап өсті, олардан үлгі алды. Озық дәстүрлерге табан тірей отырып, тың түр тауып, жаңа ізге түсті. Халықтық тіл құнарын бойына сіңіріп, Абай мен Жамбыл секілді ұлылардың мұрасын жаттап өскен Оспанхан олардан өнеге де таба білді.

Ауыз әдебиетінен жақсы үйренген Оспанхан өз шығармаларында халықтық үлгіде көркем сөзден күлкі түюде шеберлік танытты. Жалаң еліктеп қоймай, шығармашылықпен дамытты. Халықтық әзілдердегі ойлы, астарлы күлкінің құрамына философиялық, психологиялық өң ендіре түсті. Оның шығармаларындағы фольклорлық үлгідегі баяндау машығы, мәнді-мысқылды тіркестер мен мақал мәндес ұтқырлы да ұйқасты жолдар, ұлттық ұғымға тән теңеулер мен астарлы әзілдер, қазақы

қалжыңдар – осының дәлелі. Халық өлең-жырларындағы оқиға өзегінен ғибратты ой түйіп, үлгі ұсыну Оспанханда мол ұшырасады. Олар түйінді тұжырымдарға айналып, мақал-мәтел іспетті сөз мәйегіне айналып отырады:

Дос өнерін күндеме,

Өзіңде жоқ па?

Үндеме!

немесе:

Айналса басың табысқа,

Бармайсың, бауырым, алысқа!

Ақын шығармаларында мақал-мәтел сияқты ұтқырлы ұйқастар, уытты тіркестер жиі кездеседі. “Танысы бар есік іздейді, Танысы жоқ несін іздейді”, “Әйелге әйел қоссаң, Әйгіге әйгі қосқаның, Қайғыға қайғы қосқаның”, “Ақшаның сәні – жүздік, Тамақтың сәні – тұздық”, “Өлгенде маза болсын десең, Тірлігің таза болсын”, “Біреудің ажалы атақтан, Біреудің азабы шатақтан” т.б.

Жазушы сықақ өлеңдерінде фольклорлық өлең формаларын да (санамақ, жұмбақ, айтыс т.б.) пайдаланды. Оның шығармаларындағы Қожанасырлық әпенделік пен Тазша баланың тапқырлығы, өтірік жарысы мен жұмбақ айтыс түрлері табиғилығымен тәнті етеді.

Әдебиетімізде сатиралық образ жасаудың әріден келе жатқан мол тәжірибесі бар. Фольклорлық жағымсыз кейіпкерлерден басталатын сол арна аңыз әңгімелердегі, жыраулар поэзиясындағы, ақын-жазушылар шығармаларындағы сандаған типаждар мен персонаждардың бейнелерімен толығып, тұтас бір галерея құрайды. Оларда жаманшылық пен туыстық дейтін ортақ бір сапа болғанымен, әрқайсысы өзіндік мінез-машығымен, өзінше қырымен көрінеді. “Заманына қарай адамы” болатынын-дай, жаманы мен жағымсызы да – заманының перзенті, демек, өз кезеңінің сипатына, тарихи-әлеуметтік жағдайға қарай сатиралық кейіпкердің болмысы да әлеуметтік-психологиялық жағынан ерекшеленіп отырады. Кешегі Абай сынаған сабаздар мен Махамбеттің зілді сөзбен түйреген “ылаңдары”, Жамбылдың әжуаға айналдырған “пысықтары” “арғы тегі ағайын” болғанымен, өзіндік ерекшеліктері бар, “сорты бөлек” кейіпкерлер.

Оспанхандардың кейіпкерлері де – өз заманының тумасы, олардың бейнесінде дәуір сипатын айғақтайтын белгілер мол. Екіншіден, бұл кезеңде заман талабына орай күлкінің сипаты да өзгерген. Адуынды сықақ, ащы күлкіден гөрі астарлы әзіл-әжуа, ойлы кекесін-қағытпа өтімдірек те сіңімдірек болды. Үшіншіден, бұл кезеңде мазмұндық-көркемдік сапасы өсіп-өркендеген ұлттық әдебиетімізде сатира да өз бояуымен өрнегімен, түр-пішінімен жанаса білді. Сөйтіп, өткен ғасырдың 60-80 жылдарында бір биік белеске көтеріліп, жаңа дәуірін бастаған сатирамыз өткеннің озық дәстүріне табан тірей отырып, жаңа межелерге жетті. Сатиралық бейнелер жасауда әзіл-сықақшыларымыз сан алуан амал-тәсілдер қолданып, тілдік-стильдік құралдарға жүгініп отырды.

Оспанхан шығармаларында Абайдың әсері мол екенін көреміз. Ұлы ақынның сөз қолдануы мен ойды бейнелеу әдісінен сықақшы жақсы үйренген. Әсіресе сатиралық кейіпкердің өз атынан сөйлеп, өз мінін әшкере ету тәсілі Оспанхан өлеңдерінде де, жиі кездеседі. Мысалы, “Менменнің монологында”:

Маған келсең сөзің боп,

Қырын қарап тыңдаймын.

Дүниедегі данышпан өзім боп,

Мойынымды бұрмаймын.

...Өзімнен мықты кеп қалса,

Сөзін құптап пысықтаймын.

Олардың алдында атымнан жаңылып,

Сүтке тиген,мысықтаймын..., -

деген жолдарынан Абайдың “Күлембайға” өлеңінің әсері анық көрінеді.

Абай сатирасы кермек күлкісімен, зілді мысқылымен сипатталса, Оспанхан заманы мен адамына орай жеңіл әжуа, уытты болса да уәжді әзілімен, қағыта отырып-ақ қағып түсіретін қалжыңымен ерекшеленеді. Сықақшы шығармаларына талдау жасау барысында бұл ойымызды дәлелдеп отыруға тырысамыз.

“Кей жігіттің тірлігі” деген өлеңінде “қол-аяғы балғадай”, “екі беті алмадай”, “жауырыны арбадай” тепсе темір үзетін атпал азамат жігіттердің пайдалы іспен айналыспай, “жем іздеген қарғадай” көшеде бос жүргенін қынжыла айта отырып, “бетке басқан таңдай” сондайлардың біріне сөз береді. Кейіпкердің бет-пердесін оның өзіне аштырады:

Ананы да сүйем деп,

Мынаны да сүйем деп,

Ананы да алам деп,

Мынаны да алам деп,

Алдап кеткен барлығын

Сұрқия жігіт мен едім...

немесе:

Біреудің ұрлап түйесін,
 Біреудің ұрлап биесін,
 Біреудің ұрлап күмісін,
 Біреудің ұрлап ырысын,
 Білдірмей кеткен сыбысын
 Ұрлықшы дәйің мен едім, -

деген кейіпкер сөзі арқылы оның бойындағы жағымсыз, қоғамға жат қылықтарды мойындатып, жөккөрінішті етеді. “Безгек көкең мен едім”, “Өсекші ағаң мен едім”, “Бұзақы досың мен едім”, “Саудагер итің мен едім”, “Броконьер қасқаң мен едім” деп, “мен едім” сөздерін үстемелей қайталаулар арқылы ұнамсыз бейненің күнәсін үсті-үстіне қоюлата түседі. Бұл өлең сатираның тұрмыстық пародия түрінде жазылған. Мұнда кейіпкер болмысы Махамбеттің “Мен, мен едім, мен едім” өлеңі үлгісінде беріледі. Сатиралық кейіпкердің толғауы түрі жағынан Махамбет жырымен үндес, үлгісі бірдей болғанмен, мазмұны, ой-пікірі жағынан мүлде басқаша, керісінше. Ақын Махамбет өлеңі үлгісімен кейіпкердің шын болмысы мен іс-әрекетіндегі небір сұрқия-сұмдықтарды “керемет ерлікке” балап масаттануын келеке етсе, екінші жағынан, классикалық өлеңді пародиялау арқылы сатираның комикалық сипатын күшейтіп, күлкіні өткірлей түседі. Осы өлеңнің түрінен – монолог үлгісінде берілуінен Абайдың “Күлембайға” өлеңінің де игі әсер-ықпалы байқалады. Абайдың болысы ең соңында “Антұрғанмын өзім де...” деп, өзін-өзі әшкерелеуші еді ғой. Сырын айтам деп шынын айтып, өзін әшкерелеп үлгерген сабазың соңында:

Мен, мен едім, мен едім,
 Қыза-қыза құдай-ау,
 Не дедім мен, не дедім?
 Қойдан жуас өзімді
 Не сұмдыққа теңедім?
 Ондай ерің мен емес,

Қалжың болсын деп едім, - деп жалтармақ болады. Өлеңде автор кейбір адамдардың бойында кездесетін жаман әдет, жат қылықтарды бір кейіпкердің бойына жинақтап, сатиралық типтік образ жасаған. Махамбет пен Абай өлеңдерінің үлгісінде пародиялық сықақ өлең жазу көптеген ақындарда кездеседі. Мысалы, А. Боранбаев пен А. Асылбеков “Мен, мен едім”, Қ. Ілиясов “Дер едім”, “Мешелдің философиясы”, Б. Кірісбаев “Маскүнемнің екінші”, С. Кенжеахметов “Қиястың ісі бітер ме?” т.б. өлеңдерінде классикалық шығармаларды пародиялай отырып, кейіпкердің бойындағы міндерін өздеріне аштырады.

Әдебиет пен өнердегі шынайы шығармалардың уақыттың көмескілендіруші ықпал-әрекетіне төтеп беріп, жылдармен бірге жасай беретіні әлдеқашан дәлелденген. Әдебиетті уақыттың шежіресі, өмір айнасы десек, сатираның да сол өзі жазылған кезеңнің сырын ашып көрсететіні, өз заманының кемшіліктерін, адамы мен заманының бейнесін танытатыны анық. Зерттеушілердің айтуынша, сатирадағы сынның әшкерелеуші күші де заманына қарай өзгеріп отырған. Ол әр кезеңдегі сатира объектісінің қоғамға, халыққа зияндылығы мен қауіптілігіне, оған деген ашу-ыза немесе мысқыл-кекесін секілді әлеуметтік-психологиялық қатынастың салмағына байланысты болмақ. Сатираның даму тарихына қарап отырсақ, бұған айқын көз жеткіземіз. Сол секілді қоғамдық сана өскен сайын сатираның қоғамдық сапасы да артып қоғамның талабы мен адамдардың рухани-әлеуметтік деңгейіне орай сатира мен юмор объектісі болатын тақырыптар да өзгеріп отырады. Тіпті, осыдан 40-50 жыл бұрын сатирада әжуаланған, келекеленіп, көпшілікке ерсі көрінген кейбір жайлардың қазір олай көрінбеуі, яғни қалыпты жағдай ретінде қабылдануы әбден мүмкін.

О. Әубәкіров сықақтаған жайлардың көпшілігі қазір де арамызда кездеседі. Себебі, жамандық атаулының жаны сірі, оны жоя қою оңай емес. Әйтсе де, солай екен деп, қол қусырып қарап отыруға, кемшілікке көз жұмып қарауға болмайды. Сондықтан Әубәкіровтің әзіл-сықақтары қазіргі кезде де, болашақта да өзінің сыншылдық қызметін атқарады, оның тәрбиелік миссиясы толастамақ емес.

Шынында да, біздің өміріміз күлкілі көріністер мен құбылыстарға кенде емес. “Шынайы комизм көздері біздің айналамызда, тіпті біздің өзімізде” – деген екен В.Г.Белинский [2,69]. Күлкілі жайттар көп болғанымен оларды көре білу, көркемдік-эстетикалық тұрғыдан сомдап, оқырманын селк еткізер уытты сатира етіп ұсыну оңай шаруа емес. Күлкі нысанасы етіліп, әдетте, жағымсыз жайттар алынады. Жағымсыздық (отрицательное) – әлеуметтік дамуға қайшы келетін, тарихи ілгерілеу жолында кесекөлденең тұратын өмір құбылыстары, сол кезеңнің қоғамдық қайшылықтарының сипаты. Жағымсыз нәрседен басқа да күлкі туғызатын, қайшылықтардың көрінісі болғанмен қауіпті емес, бірақ келеңсіз, дөрекі, адам тосырқай қарайтын комизм көздері болады.

Шынайы сатиралық, юморлық шығарма тудыру үшін нәрсе қажет: біріншіден, өмір құбылыстарынан күлкі объектісі болатын “дәнді” ажырата білетін “көргіштік” қасиет, екіншіден, уытты да өткір тіл, үшіншіден ақындық қуат.

Өмірде жай көзге байқалмайтын, көпшілікке аңғарыла бермейтін күлкілі жайлар да көп кездеседі. Кейбір жағымды, жақсы нәрселердің өзінде күлкі қыларлық белгілер жүреді. “Күлкілі нәрсені көре қою үшін ең алдымен юморлық сезім керек, - дейді белгілі сатира зерттеуші қазақ ғалымы

А.Мұсаев. – Юморлық сезім парасат тереңдігімен, эмоциялылық сезім күрделілігімен болмыс құбылыстарын көру, зерттеу, бағалау қабілетімен адамға туа бітетін қасиет. Адам бойында қалыптасқан комизм бергілерін көре қою – осы юморлық сезім ісі, соның үлесі, соған тиісті міндет. ...Міне, осы юморлық сезім комизмді кез келген інінен су құйып ел алдына суырып шығады, қағып-сілкіп келеке етіп, шаңын қағады” [3,32]

Оспанхан Әубәкіров бойындағы осындай юморлық сезім мен адам жанының нәзік иірімдерін тамыршыдай тап басып түсетін актерлік қабілеті қосылғанда көпшілікке көріне бермейтін тіршіліктегі көп түйткілдер сын объектісі болып қаламына ілінеді. Енді оған көркемдік тұрғыдан келістіре кестелейтін ақындық қуат пен тиген жерін тотайындай ойып түсіретін уытты тіл қосылғанда сатираның жаны кіреді.

Ақын қарапайым, жай ғана нәрсені сипаттай отырып, оны екінші бір жаймен, негізі оймен астастыра дамытып, әлеуметтік мәселеге ұластыруға, сөйтіп жеке детальдың өзін түйінді пікірге әкеп тіреуге шебер. Мысалға “Желке туралы жырын” алайық:

Бір күні желкеме
Бірдеме бөртіп шықты.
Кейін көрермін деп елемедім.
Бір күні әлгі бірдемем,
Тағы бір бірдемесін ертіп шықты...
...Мойнымды ие алмай,
Кебісімді кие алмай,
Не бұрыла алмай,
Не күнде ұрынып алмай
Келіншегіме ұрына алмай
Қақшидым да қалдым...

Бір қарағанда, тәннің ауырғанын, жараның жаныңды азапқа салатын қырсығын суреттеп отырған жай ғана өлең сияқты. Шынында, осы қарапайым жайдың өзі-ақ күлкі туғызады. Автордың қуақы тілі оны ойнақы түрде суреттеп, әркімге таныс нәрсені күлкілі картина қыла білген.

М.Е.Салтыков-Шедриннің айтқанындай, “күлкі – өте күшті қару, басқа еш нәрсе де кемшілікті саналы түрде ашып көрсетіп, күлкі тудыра жазалай алмайды” [2,270]. Комизмнің негізінде әлеуметтік шындық жатады. Күлкінің барлық объектісінде адами мінез, қоғамдық құбылыс көрініс береді. Нағыз сатиралық характер қайшылықты өткірлеп, оның әлеуметтік табиғатын ашуға көмектеседі. Көптеген комизм табиғатын зерттеушілер оны қайшылықтармен байланыстырады. Шынында да, болмыс өмірдің идеалдық мәні мен кезеңдік құбылыстар арасындағы сәйкессіздіктің контрасты күлкі туғызады.

О. Әубәкіров шығармаларының басты ерекшелігі – оның қарапайымдылығында. Бұл туралы әдебиетші ғалымдар мен сыншылар жеткілікті айтып келеді. Т. Қожаев: “Оның бір ерекшелігі – сықақтарын әсерлі, ұнасымды ету үшін жылтырауық сөздер мен ерекше бір теңеулерді іздеп жатпайды. Отбасы, ошақ қасындағы екеуара әңгіме үстіндегі қолданылатын, көпке ортақ сөздермен-ақ әдемі ой айтып, әдемі сурет жасайды. Сол таныс, қарапайым, ауызекі сөздерді әсерлі етіп, үйлестіріп, қоюластырып жібереді. Осыдан ақынның сықақтары жалпыға ұғымды, жаттауға жеңіл болып шығады. [1;184], - десе, С. Әшімбаев Оспанхан өлеңдерінің “қарапайымдылық қасиетін, көңілге тез ұялай кететін табиғилығын, жаттауға оңай, естуге әуезділігін, сахнада жиі орындалатынын” айтады. Біздіңше, сатиралық шығармалардың қарапайым тілмен жазылып, жалпыға түсінікті болуы оқығанда, естігенде табиғи қалпымен қабылдануға, күлкілі әсер туғызуға мүмкіндік беретін ең негізгі қасиеті болмақ. Әдебиеттің басқа жанрларындай тереңге сыр бүгіп, қайталап оқыған сайын жаңа бір қырынан ашылатын астарлы ой, философиялық тереңдік сатирада өзгешелеу болады. Бұдан, әрине, сатирадағы әлеуметтік, философиялық астарды жоққа шығаруға болмайды. Бірақ соның өзі қарапайым да түсінікті етіліп жеткізілсе ғана “тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп”, “күлкі туғызып, дйттеген межеден шықпақ.

Тәрбие мәселесі – Оспанхан сатирасында көрнекті орын алатын тақырыптардың бірі. Әлбетте, адамның қалыптасуының, азаматтық тұлғасының түзілуінің бастауы дұрыс тәрбиеде жататыны белгілі. Тәрбие түзелмей, қоғамдағы сандаған келеңсіз құбылыстарға, адам бойындағы, мінез-дағдысындағы, пейіл-ниетіндегі жамандықтарға тосқауыл қою қиын. Заманға лайық жаңа адамды тәрбиелеудің көптеген әдістері мен жолдары бар. Сол санаттағы пәрменді құралдардың бірі әдебиет десек, оның сатира саласының да атқарар міндеті үлкен. “Әдебиет, сатира миллиондарды тек тасқынды табыстар, жемісті жетістіктер негізінде тәрбиелеп қоймай, кесір-кесапат атаулыны сынауға, дертті мансұқ етуге, қол соғылмайтын көріністерді әшкерелей отырып тәрбиелеуге тиіс” [1,192].

Сатирада өмірлік құбылыстардың себеп-салдарын ашып көрсету мен жеке адамдардың мінез-құлықтарындағы ерекшеліктерді танытудың жолы мен тәсілдерінен суреткердің даралық ерекшеліктері көрінеді. Шындық құбылысты бейнелеудің ерекше түрі ретінде сатира мен юмор тек көзге көрініп тұрған кемшіліктерді ғана емес, адам мінезіндегі болмашы, бірақ адам атына лайықсыз “әттеген-айларды” да көзден таса қалдырмайды. Шынайы сатирик сөзбен сұлатудың сансыз гаммасындағы қажетті реңк-бояулармен ажарлап, құптауға келмейтін құбылыстарды көз алдыға әкеледі. Сол арқылы елеусіз деген жәйттің өзінен кемшілікті көрсетіп, бойыңды аулақ салдырады.

Оқырман қауымға әуелі сықақшы ақын ретінде танылған Оспанхан “Жасыратын не бар” (1963), “Ұзын сөздің қысқасы” (1967), “Солақай” (1968), “Көктайғақ” (1969) т.б. сатиралық жинақтары арқылы әдебиетіміздегі сатиралық поэзияның дамуына айтарлықтай үлес қосты. Негізінен адамгершілік, мораль, тәрбие мәселелері тақырыбына қалам тартқан сатирик сықақ материалдарын өмірдің өзінен алып, айналасындағы адамдар бойынан кездесетін, әр ортада көрініп қалатын жат әдет-қылықтар мен мінездерді сын найзасына түйреп, уытты тілімен безбендейді.

Сатиралық образ сомдауда ақын өзіне дейінгі поэзиядағы дәстүрді жақсы игеріп, оны дамыта білді. Ауыз әдебиетіндегі әсірелей баяндау мен карикатуралық суреттемелерді, ақын-жыраулардағы портреттік-мінеземелік штрихтарды одан әрі өрнектей, айшықтай түсті. Сатиралық кейіпкердің болмысын ашуда монологтық ой ағыны, диалогтық әңгімелесу түрі, психологиялық талдау мен пәлсапалық тұжырымдау тәсілдерін кеңейте білді. Мұның бәрі ақынның тіл қуақылығы мен ой тапқырлығы, ситуацияларды ойнату, сөзді мағыналық түрлендіру секілді амал-тәсілдер арқылы жүзеге асырылып отырады.

Өзі өмір сүрген кезеңнің моральдық принциптері тұрғысынан, жалпы азаматтық позициядан адам бойындағы, қоғамдық болмыстағы міндерге баға беруде ақын сатираның сан қырлы құралдары мен амал-тәсілдерін қолданады. Көбінесе шағын сюжетті өлеңмен, кейде кейіпкер монологы түрінде, енді бірде шағын сатиралық шумақ, эпиграммаларымен тоғышарлық пен тоңмойындықты әшкерелейді. Ақын шығармаларында мысал, ертегі түріндегі сатиралық өлеңдер де мол ұшырасады. Мансұқтала мін мен кесір-кемшіліктердің сипатына қарай күлкінің де өткірлігі мен өрнегі өзгеріп, бір өңнен екінші түрге ауысып жатады. Өдемі әзілден жеңіл әжуаға, мысқыл-мазақтан кермек келеке мен зілді кекесінге ойысатын күлкі етудің сан түрлі нақыштары суретшінің полотноға жаққан бояуындай құбылып, өміріміздегі олқылықтарды кесірлігімен де, есерлігімен де көз алдымызға әкеледі. Өйтсе де Оспанхан өлеңдерінде көріксіз көріністерді күлкімен кестелеудің арқауында юмордан гөрі сатираның салмағы басым жатады. Соның өзінде, ащы айтса да айғайға салмай, мінді көрсете отырып, кемшілікке көпшіліктің көзін жеткізуді мұрат тұтады. Сондықтан оның өлеңдерінде оқырманын күлдіре отырып ойлантаып, сосын күйіндіретіндей қуат бар.

Қ. Мұхамеджановтың: “Түптеп келгенде, сатираның мұраты “мінді көріп отырмын” деп, мәз болып күлу емес, көріп отырып мінді мансұқ ету ғой. Демек, адам рухының құдіретін ту етер, астарлы ақыл, ізгі ықыластан туған, безіндіре отырып бірлікке, ықтыра отырып уәж-ынтымаққа мегзер, уытында ұйытқылық қасиеті бар күлкі ғана анық өнер, әділ таразы болып өмірдегі ұстаздық парызын өтейді” [25,81], - дегеніндей, адамды тәрбиелеуді, теріс мінез-қылықтардың арылтуды мақсұт еткен ақындық позиция оқырман ойымен етене табысып, оң қабылданады.

Әдебиеттер:

1. Қожакеев Т. Сатира негіздері. Алматы; «Ғылым» 1996 – 204 бет.
2. Белинский В.Г. Полн. собр. соч. Т. 1., Москва, 1954 – 296 стр.
3. Мұсаев А. Қазіргі қазақ сатирасы. Алматы; «Ғылым» 1993 – 248 бет.

References:

1. Қожакеев Т. Сатира негіздері. Алматы; «Ғылым» 1996 – 204 бет.
2. Белинский В.Г. Полн. собр. соч. Т. 1., Москва, 1954 – 296 стр.
3. Мұсаев А. Қазіргі қазақ сатирасы. Алматы; «Ғылым» 1993 – 248 бет.

Сведения об авторе

Тасмағамбетова З.Ж. – филология магистрі, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай қ., Байтұрсынов к-сі, 47; тел. 87755175197; e-mail: zinattas@mail.ru

Тасмағамбетова З.Ж. – магистр филологии, старший преподаватель кафедры теории языка и литературы, Костанайский государственный университет имени А. Байтұрсынова, г. Костанай, ул. Байтұрсынова 47, тел. 87755175197; e-mail: zinattas@mail.ru

Tasmagambetova Z.Zh. - master of Philology, senior teacher of theory of language and literature, Kostanai state university named after A. Baitursynov, Kostanai city, Baitursynov Street 47, tel. 87755175197; e-mail: zinattas@mail.ru

УДК 82-2: 821.512.122

Д.БАБАТАЙҰЛЫНЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ («ЕСПЕМБЕТ», «ШАШТАРАЗ» ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Тулегенова Ш.И. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті тіл және әдебиет теориясы кафедрасының оқытушысы

Бұл мақалада Дулат Бабатайұлының «Еспембет» және «Шаштараз» шығармалары туралы айтылған. Д.Бабатайұлы жырау және зар заман ақыны. Былғы жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясында Дулат Бабатайұлының шығармалары ұсынылды. «Еспембет» поэмасы Еспембет атты батырдың қазақ-қалмақ арасындағы шайқастағы ерлігі баяндалады. Поэмада ел үшін туған Еспембеттің өмір жолы баяндалады. Ата-анасынан жастай жетім қалып, нағашысының қолында тәрбиеленген Еспембет есейген сайын туған еліне деген сүйіспеншілігінің, сағынышының артуы, еліне аман-есен келіп, өзінің ер екендігін, батырлығын дәлелдеп шығып, халқының қамқорына, айбарлы батыр дәрежесіне дейінгі ерлік оқиғалары баяндалады. Қазақ жерін қалмақ-қытайдан қорғаған Еспембеттің ер мінезі, азаматтық тұлғасы сомдалады. Бұл шығарма шынайы өмірге барынша жақын, себебі дастанда өмірде болған Ақтамберді, Қабанбай, Матай сынды батырлар да көрсетіледі. Шығарма соңында Еспембет батырдың ерлігімен аяқталатыны көрсетілген.

«Шаштараз» шығармасы тарихтағы Ескендір Зұлқарнай патшаның бойындағы міні – басындағы мүйізі туралы ел арасында таралған оқиғаның негізінде жазылған. Бұл шығармада патшаның басындағы екі мүйізін көрген шаштараздың тағдыры, өмір-тіршілігі суреттеледі. Сөз құдыретінің, тілдің атқарар рөлін көрсету басты мақсат етіп қойған. Көбен көрген нәрсесін, ішіндегі бар толғанысын кең даладағы ойпан жерге айтып, сол айтылған сөзінің патшаның құлағына жетіп, ақыр соңында шаштараздың басын дарға асып өлтірілгендігімен аяқталатыны жайында айтылған.

Негіз сөздер: батыр, ер жүрек, шайқас, патша, шаштараз, халық, ақын.

ИСТОРИЗМ ПРОИЗВЕДЕНИЙ Д.БАБАТАЙУЛЫ (НА ОСНОВЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ «ЕСПЕМБЕТ», «ШАШТАРАЗ»)

Тулегенова Ш.И. – преподаватель кафедры теории языков и литературы, Костанайский государственный университет имени А.Байтұрсынова

В данной статье идет речь о произведении «Еспембет», «Шаштараз» Дулат Бабатайұлы. Д. Бабатайұлы – писатель горестного времени и сказитель. В этом году на республиканской акции «Одна страна – одна книга» были рекомендованы произведения Д.Бабатайұлы.

В поэме идет речь о Еспембета, его жизни, о том что он родился ради страны. Рано о сиропов воспитывался в руках, у деда, повзрослев любовь к своей родине, вернутся живыми и здоровом, чтобы доказать свое мужество отважу и героизм своему народу все это описывается в данном произведении. Описывается мужество, которое он проявил в защите казахских земель от калмак-китайцев. Это произведение ближе к нашей реальной жизни, так как в поэме присутствуют такие герой (батыр) как Ақтамберди, Қабанбай, Матай. В оконцовке произведения завершается подвигом Еспембет батыр.

